

ИБРАГИМ  
ИСА

Р 2017

329к

Тандомада

САҒЫМ ДҮНИЕ









Ибрагим ИСА

САҒЫМ  
ДУНИЕ

MEP-PRESS  
Алматы-2017

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 Қаз-5  
И 15 И 83

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**ИСА И.**

**И15 САҒЫМ ДҮНИЕ** /Ибрагим Иса. – Алматы. «Мер-Press» баспасы, 2017. – 288 б.

ISBN 978-601-03-0465-9

Белгілі ақын Ибрагим Исаның «Сағым дүние» атты жинағына терең ойға, нәзік сезім иірімдеріне толы бір топ өлең-жырлары еніп отыр.

Ақын дәуір тынысын дөп басып, замандастарының арман-мақсаттарын, күйініш-сүйініштерін өз туындыларына өзек ете отырып, биік мұраттарға, асқақ адамгершілікке, адалдыққа шақырады. Ол сонымен бірге халық арасына кеңінен таралған көптеген әндердің мәтіндерін жазған автор ретінде де белгілі.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 Қаз-5

ISBN 978-601-03-0465-9

© Иса И., 2017  
© «Мер-Press», 2017



## ЕЛГЕ САПАР

Жол жүрем бүгін,  
тағы да бүгін жол жүрем.  
Ел жаққа барам,  
қалтамдағы аздау қаржымен.  
Есіме бүгіп, сақтасамдағы қанпама,  
түсіме кіріп,  
шақырып жүрер ел кілең.

Жол жүрем бүгін,  
ел жаққа барам тағы да.  
із салып қайтам,  
балалық сонау шағыма.  
Қарайлай берем, кездесіп қалар ма екен деп,  
талайдан бері таба алмай жүрген жоғыма.

Көп болып қалды-ау, ел  
жаққа жол түспегелі,  
таршылық құрғыр жолымды талай бөгеді.  
Жүрегімдегі сағыныш атты бұйра бұлт,  
ел жаққа барсам, қара нөсер боп төгеді.

Елімнің суы,  
елімнің шөбі аңсатты,  
ырау қаланың дырду шулары шаршатты.  
Албырт та, адал жүрегімді менің бұл күнде  
қаланың қара тас дуалдары қоршапты.

Еліме барам,  
Пейіш қой елім, шіркін-ай!  
Елімнен табам құлыптаулы көңіл кілтін-ай.  
Ойланбай жүріп кете берер ем жар салмай,  
Созған қолымды ұзартпай қойды-ау, бұл Құдай.

Жол жүрем бүгін,  
жол жүгімді аздау алам да,  
ауылдың тілі,



ауылдың түрі санамда.  
Машиналары құмырсақдай боп қаптаған,  
тыныс жоқ мүлдем,  
туыс жоқ мынау қалаңда.

Жол жүрем бүгін,  
бармасам елге болмайды.  
тынысымды ашам,  
тіреймін де елге маңдайды.  
Ет жақындарым аттанып кеткен келмеске,  
ескі достар да азайып қалды..  
сол қайғы.

Бәрібір барам,  
бәрі де туыс ел жақта,  
аңқылдайды олар,  
қарамайды олар бар, жоққа.  
Ауылым жайлы,  
бауырым жайлы жыр жазам,  
сүйеніп тұрып,  
Анам сүйенген шарбаққа!

\* \* \*

Өзіме өзім кей-кейде бал ашамын,  
Тыңда, көне, ей, менің болашағым!  
Сүйікті ұлын ел қалай көтергенін,  
Биіктігін көресің аласаның.

Жүрегінен халқымның жарық табам,  
Бұл сөзімді көп ойлап анықтағам.  
Бұған дейін еш жерде жолықпаған,  
Өлең деген — ақ құсым қалықтаған.

Баптап-баптап құсымды енді ұшырдым,  
Қанатының талмасын сол құсымның,  
Сездім дағы,  
алаңсыз сендім бүгін,  
Қонатынын басына енді шыңның.

Құсым менің,  
еңсемді түсірмегін,





Бұған дейін мен сені түсінбедім.  
Самғайтұғын уақыты келсін дедім,  
Түсін мені,  
аяулы құсым менің!

## БАЯҒЫДА

«Баяғыда» деп бастап сөзімізді,  
Апарамыз өткенге өзімізді  
Арқау ғылып кей-кейде отырамыз.  
Жалындаған жастық шақ кезімізді.

Қаншама ұзап біздерден кеткенменен,  
Бағалаймыз бүтінді өткенменен,  
Қазіргіден көркем боп көрінеді,  
Сол баяғы біз көрген көктем деген.

Құлазыған көңілдің әсері ме,  
Сағынышпен қараймыз кешегіге.  
Сәтсіздіктің өзін де амалсыздан,  
Қалдырамыз өткен күн есебіне.

Қиыншылық тұсау боп аяғыңа,  
Жүргізбесе,  
сүйеніп таяғыңа...  
Биіктетіп біз жеткен абыройды,  
Сыйып кетіп жатады баяғыға.

Келе алмасақ бүгінмен келісімге,  
Тарылады тынысың өрісің де.  
Баяғыны аңсайсың көңілдегі,  
Жүрсең де сол баяғы ел ішінде.

Шаршатқанда заманның ағыстары,  
Қомданасың биікке тағы ұшқалы.  
Көктеміңді аңсайсың оралмайтын,  
Өткеніңді аңсайсың алыстағы.

Сағыныштың сияқты жаялығы,  
Жетелейді өткенге ой ағыны.

---

Өміріңнің қызығы болмайды екен,  
Салыстырып жүрмесең баяғыны.

## СЫЛТАУ

Көңіл шіркін, болса да шаттыққа бай,  
Қию таппай кей-кейде аптыққаны-ай.  
Жалқау айтқан сенімсіз сөз сияқты,  
Сылтау айтып сытылып кеттік талай.

Сылтаудың да жөні бар,  
жосығы бар,  
Адамдар аз, бірақ та осыны ұғар.  
Солай өмір сүреді кейбіреулер,  
Сылтауымен жүреді қашып олар.

Адамдардың бойында өркендеген,  
Өтіріктің жемісі — сылтау деген,  
Сенгендердің талайын түңілдірген,  
Сылтау деген — ағайын жалқауменен.

## КЕШІКТИҢ НЕГЕ?

Қайда кеттің,  
қайда кеттің сен ұзақ,  
Маған, мүлде, жатқандардың бәрі жат.  
Келсейші тез,  
келсейші тез күлімдеп,  
Біздер бірге баратын жол әлі ұзақ.

Кешіккенің,  
ойламаған түрің бе?  
Менен қашып жүрсің білем бүгін де.  
Сенсіз менің тумайтындай  
айым да,  
Сенсіз менің шықпайтындай  
күнім де.



Сағынған жан тез келеді қашанда,  
Сонда сені, отырам да тосам ба?  
Менен артық ақын таба алмайсың,  
Қанша сұлу,  
қанша ақылды босаң да.

Сондықтан да қайда жүрсең,  
мені ойла,  
Асығам деп қалма ұрынып,  
абайла.  
Мен кешіксем сендерді ойлап кешігем,  
Мен кешіксем,  
себебі бар алайда.

Кейде мені түсін мейлі,  
түсінбе,  
Бір сағыныш жүреді ылғи ішімде.  
Мен кешіксем кешігемін әдейі,  
Сені қатты сағындыру үшін де.

## ӘНЕЛЖАННЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ ТІЛЕК

*Сүйікті де, сүйкімді немерем Әнелге*

Қалай айтып тауыса аламын барлығын,  
Айтып тұрмын жаратқанның жарлығын.  
Біздің Әнел – болашақта депутат,  
Болашақта – министрі қаржының.

Әнел үшін талай жақсы тост алдық,  
Жүрген жоқпыз болашақты бос аңдып.  
Мүмкін емес,  
қос мықты ақын өмірге,  
Немересін әкелуі осал ғып.

Әнел – біздің сәнді мерекеміз де,  
Әнел – біздің тұңғыш берекеміз де.  
Әнелжанның ақ желкені ертеңгі,  
Жарқылдайды өмір дейтін – теңізде.





# ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

*Мирасгүлге*

Өмірімнің жалғасы,  
Жүрегімнің айнасы.  
Қалекеннің сүйікті,  
Кенжесі де, қимасы.

Көңілінің хош гүлі,  
Ұлы ақынның ұшқыны,  
Бекхожиндар үйінде  
Тең келмейді ешбірі.

Бәрі бірдей шекердің,  
Тәтті емес екенін,  
Дәлелдеген Мирасжан,  
Деп жар салып кетемін.

Құдағидың көркемі,  
Қуанышы, ертеңі.  
Мирасжанның күлкісі-ақ,  
Әдемі күй шертеді.

Бақыт құсы ақынның,  
Ұясы ол ақылдың.  
Мирасжанға тең келер,  
Теңеу таппай отырмын.

Шуағындай ол күннің,  
Сынығындай алтынның.  
Түсе бермес қолына,  
Аңсағанмен әркімнің.

Жарқыратып аспанын,  
Менің маңғаз Дастаным,  
Мәпелеп жүр Әнелді,  
Қажеті не басқаның!

Дастан, Мирас, Әнел деп,  
Төгіледі өлең боп.  
Енді біздің сағыныш,  
Бара жатыр тереңдеп.



Әнел — ортақ құсымыз,  
Мирасты оған қосыңыз.  
Осыларға қашанда,  
Еріп тұрар ішіміз.

Қалекеңнің Мирасы,  
Менің дағы Мирасым.  
Қалекеңнің қимасы,  
Менің дағы қимасым.

Әния менен екеуміз,  
Риза боп кетерміз.  
Айта алмаймыз өмірге,  
Келдік-ау деп бекер біз.

Шуағы осы екі үйдің,  
Бақыт құсы секілдім.  
Ертеңіңді сендердің,  
Ойлауменен отырмын.

Заман әлі өзгерер,  
Тірі болсақ көз көрер.  
Сендер заңғар аспанға,  
Еркін ұшар кез келер.

Бақытымды сездім де,  
Кетті өзгеріп сөз мүлде.  
Қалекеңнің Мирасы,  
Қимасымыз біздің де.

Сені асылдың көзі деп,  
Сені алыптың ізі деп,  
Санайды ел, ұша бер,  
Қос ақынның қызы боп!

## ШУАҚ

*Гүлмира келініме*

Жүрші қалқам, қалпыңда бүлінбеген,  
Айналайын, көзіңнен күлімдеген.



Сенің нұрлы күлкіңнен, Гүлмиражан,  
Бұл өмірдің керемет нұрын көрем.

Көңілің де, жүрегің ашық сенің,  
Дәуреніңнің жүре бер, басып шөлін.  
Әлі сені бөлейді шын бақытқа,  
Отбасыңа деген — бір ғашық сезім.

Жүрегіңе шаттықтың гүлі егілген,  
Сенің адал жаныңды білемін мен.  
Сағыныштың тұрады самалы есіп,  
Елжіреген бауырмал жүрегіңнен.

Сен арусың, аяулы сен Анасың,  
Адаспайтын жолыңды таба аласың.  
Аяласа Дәуренің аяласың,  
Ағайын, дос басыңды бағаласың.

Жарқыраймыз, Гүлмира әлі де біз,  
Күннен-күнге жарқырап жарығымыз.  
Сен арқылы осынау дүниеге,  
Тарап бара жатыр ғой тамырымыз.

Адал сенің ниетің, тілегің де,  
Сол адалдық серігің, сенерің де.  
Мейірім ғана бағаңды өсіреді,  
Мейірім деген — адамның жүрегінде.

Ақылды адам қашанда ел еркесі,  
Ал, ақымақ, біреудің көлеңкесі.  
Ақылды әйел — шаңырақтың мерекесі,  
Ақылды әйел — ошақтың берекесі.

Адам өмір сүрмейді арманы өлген,  
Өмір сүре алмайсың алдап елмен.  
Тоқтатпауға папаңның мерекесін,  
Берекесің сен бізге Алла берген.

\* \* \*

Армандар қалқып жүретін көкейімде әсем,  
Жақсы өмірді ойлап амалсыз миым қатады.



Өзім көздеген межеге жетейін десем,  
Өмірдің қырсық жолдары қиындатады.

Амалым жоқ қой,  
тағдырдың көтерім жүгін,  
Өзімді-өзім қашқанда қайда алып барам?  
Алаңдамай-ақ, сол жаққа кетер ем бүгін,  
Қайтып келмейтін болған соң...  
Ойланып қалам.

Миым да ауыр ойлардың мекені болып,  
Адасып кетпейінші деп тоқтадым кілең.  
Жүгенсіз ойдың қайтемін жетегіне еріп,  
Адамзатқа бір түбінде сот барын білем!

## ТУҒАН КҮНГІ СӨЗ

Уақыт шіркін, өтіп жатыр байқалмай,  
Жүрегін жан сияқты едік қартаймай.  
Енді отырмыз біраз жерге жеткен соң,  
Шаршап қалған жолаушыдай қайта алмай.

Өзімізді үлкендермен тең көрмей,  
Бұрынғылар айтқан сөзге мән бермей  
Жүруші едік, ақауымыз көбейді.  
Машинадай жүрген дұрыс жөнделмей.

Түнге қарай жетектеумен күндізді,  
Қайда алып бара жатыр жыл бізді?  
Өзімізбен ертіп жүрміз шаршатып,  
Бір кездегі үлбіреген бір қызды.

Өткен жылдар сияқтанып көмескі із,  
Алда жарқын жол күтіп тұр демеспіз.  
Бір кездері есеюге асықсақ,  
Асығуға енді құштар емеспіз.

Бірақ қайта жасаратын жоқ амал,  
Шамамыз жоқ жоғалтқанды таба алар.  
Бізді үмітке жетелейтін әйтеуір,  
Алдымызда аз да болса аға бар.





Солар біздің межеміз ғой алдағы,  
Шақыратын тек солардың жолдары.  
Өкінішті,  
арман күннің алыстап,  
Туған күннің тым азайып қалғаны.

Өткен күндер айналған соң елеске,  
Туған күннің қалмапты ғой көбі есте.  
..Босамайық,  
тост алайық, кәнекей,  
Бүгін менің туған күнім емес пе!

## ҚАЙРАУ НЕМЕСЕ БАЛАМА СЫР

Өрнектеші өмірді келсе күшің,  
Әзірге бар мен жоқтың өлшемісің.  
Мақсатыңа бөгет боп тұрса біреу,  
Сен шегінбе, алдымен ол шегінсін.

Келген жандай бейне бір Айға барып,  
Ірі сөйлеп,  
Жүрме тек  
Майдаланып,  
Кірісетін ісіңе кірісерсің,  
Алдыменен өзіңді қайрап алып.

Өзіңді өзің тарт алға асықтырып,  
Жоламасын бойыңа пасық қылық.  
Шыңға шыққан екенмін деп ойлама,  
Біздер өткен асуды басып тұрып.

Өшпей бықсып тұрмасын көзіңде мұң,  
Сол шаланы өшірсін төзімдерің.  
Өзің менің өркенім жайылатын  
Ойлайтыным және де өзің менің.

Орны бөлек өмірде әр баланың,  
Әке арманын жақсы ғой жалғағаның.  
Кетпе ертерек сарғайып жазың жетпей,  
Өсімдігі сияқты шөл даланың.



Үмітімсің үзілмес сен де менің,  
Үмігіме қашанда сенген едім.  
Жақсы болар еді ғой, қатем болса,  
Қателескен жерімді жөндегенің.

Байқа балам, бүддіріп алма бәрін,  
Елді алдасаң, өзіңді алдағаның.  
Жас сәбидің таза ғой жан жүрегі,  
Тазалығын жоғалтпа сол баланың.

Жақсы ғой жаманатты жолатпасаң,  
Өмір деген — ұрпақпен сабақтасаң.  
Саған айтып отырмын бұл сырымды,  
Қателегімді өзімнің сарапқа сап.

## ЕСТЕЛІКТЕР

Ойдың ұшын мұқалған тағы ұштайың,  
Сол баяғы таныс бақ, таныс қайың,  
Бұл күндері алаңсыз кетті алыстап,  
Жақын тұрған арамыз қарыстайың.

Алаулаған сезім де сөнген бүгін,  
Оралмасқа кетіпті сенген күнім.  
Неге жаным жүдейді елден бұрын,  
Қайта көктеп шықпайды көмген гүлім.

Уақыт — емші дегенге сенем қалай,  
Алға бассам деп едім алаңдамай.  
Кей естелік алыстап бара жатыр,  
Кей естелік жылжиды маған қарай.

\* \* \*

Мен де өмірдің ащысын татып келем,  
Көрінбейтін бақытты жатып көрем.  
Алып қашып барады айдалаға,  
Айтқаныңа көнбейтін уақыт деген.

Көктеп шыққан көктемде аз ба шыбық,  
Көктем келсе жүреміз жазға асығып.



Жаз да өтеді,  
көңілің алып-ұшқан  
Күз келгенде қалады тез басылып.

Жантаятын күніңді жақындатып,  
Қыс та келер,  
аязын сақылататып.  
Асығамыз  
белгілі барар жерің,  
Соның бәрі сыймайды ақылға түк.

Біз білмейтін көп екен өмір сыры,  
Шытынайды қажыған көңіл-шыны.  
Еншісінде әр күннің есең кеткен,  
Шыр айналған тағдырдың, сен ұршығы.

Кереге кең,  
десек те терезе тең,  
Өз өмірің өзіңе неге бөтен?  
Мына қоғам өзіміз аңсап құрған,  
Шаршап тұрған біздерге не дер екен!

## МЕНИҢ МУЗАМ

Әр адамда болу керек бір сенім,  
Сенімімді өзім іштей өлпедім.  
Менің жүрек-домбырамның музалар,  
Әлсін-әлсін шертіп қойып жүр шегін.

Құйқылжыған саздары да әртүрлі,  
Жанға жайлы небір әуен тартылды.  
Шырқасам ғой осы әуенге қосылып,  
Ұйыстырып, қиыстырып бар тілді.

Сонау көкке жеткізетін төбемді,  
Ұстай алсам сол бір әсем әуенді.  
Уақыт күліп жетер еді маған да,  
Бақытты боп кетер едім мен енді.

Шаппай жүрген шабытымды қамшылар,  
Менің де бір бөлек музам бар шығар.  
Тыңдап ал да жүрегімнің әуенін,  
Ей, оқырман, керегіңді аршып ал.



\*\*\*

Қадағандай төніме жебелерді,  
Мына сырқат, ойпырым-ай, неге келді?!  
Шөлдесек те адасып жүрген жақсы-ау,  
Тар төсекке несіне шегеледі.

Салмақ басып тұрғандай бар денені,  
Жеңілдетер аңсайсың бірдеңені.  
Мынау өмір не деген мағынасыз,  
Мынау өмір не деген күрделі еді!

Бақыт бар деп өзіңді құр алдама,  
Бақытты өмір дегенің – қиял ғана.  
Асық, мейлің асықпа,  
барар жерің  
Белгілі ғой,  
аялда, аялдама.

Шүкір дейік,  
бармысың, тірімісің?!  
Тырбаңдайсың әйтеуір күнің үшін.  
Мүмкін, кейде ауыру керек шығар,  
Мына өмірдің қадірін білу үшін.

## ЖАҚСЫ АДАМ

*Академик Оразәлі Сәбденге*

Жаралған жандай ел үшін,  
Қиналсаң берер қол ұшын.  
Жақсы адамменен өмірде,  
Кеңейеді ғой өрісің.

Жадырауға да жоқ шамаң,  
Қонбайды күнде бақ саған.  
Жабырқау болмас еді ғой,  
Жаныңда жүрсе жақсы адам.

Тасқынға төзбес тоғандар,  
Жақсыға қарсы жамандар.



Өмірдің қиындығын да  
Шешетін жақсы адамдар.

Махаббат деген – қасиет,  
Өтпейді оған өсиет.  
Сендіру қиын жаманды,  
Жақсы адам деген осы деп.

Шырылдап соққан бір жүрек,  
Іздеген жаның келді деп.  
Жүрегің жақсы адамға,  
Тұрады ылығы елжіреп.

Мейлі ол жас па, кәрі ме,  
Махаббат – ортақ бәріне.  
Жақсы адамдардың жүрегі,  
Өмірдің ғажап сәні де.

Жетсе де қанша толғағы  
Белгісіз өмір алдағы.  
Жақсы адамдарды сүю де,  
Жалпы адамдардың арманы.

Жақсы адам мүлде аз шығар,  
Жамандар мүлде көп шығар.  
Әлемдік құндылықтарды,  
Бағалайтын да жақсылар.

Жақсы адам – қазір тапшы адам,  
Жақсысы аз қоғам ақсаған.  
Түбінде жаңа заманды,  
Жасауы керек жақсы адам.

## НҮКТЕ

Көбеюде нүктесіз сөз, сөйлемдер,  
Тыныс белгі қоя алмайды өлгендер.  
Болды қазір үтір қоя салатын,  
Бұған дейін нүкте қойып келгендер.



Үтірден соң «бірақ» пенен «сосын» бар,  
«Мүмкін» менен «алайданы» қосыңдар.  
Қай сөйлемге,  
    қай уақытта, қай күні,  
Қашан нүкте қойылады,  
    тосыңдар.  
Нүкте керек,  
    бізге нүкте көп керек,  
Ойларыңды кездестірет жекпе-жек.  
Онда өмір не болады, бір күні,  
Үтірлер де кетіп қалса өкпелеп.

Нүктесі жоқ сөйлемдерге шашалып,  
Мағынасыз талай тірлік жасадық.  
Өзінше ой айта алады қашанда,  
Әр нүктеден кейін тұрған Бас әріп.

Ережені сақтамаудың кесірін,  
Қандай екен,  
    көріп жүрміз осы күн  
Қалатұғын түріміз бар нүктесіз,  
Үтірлерге жасай берсек кешірім.  
Арамшөптен тазартқандай жер бетін,  
Өтеу үшін сөйлемдер өз міндетін.  
Нүктелерді қою керек ойыңның  
Келістіріп тұратұғын келбетін.

Бұл өмірде нүктесіз,  
Ешқашанда көрген жоқпыз біткен іс.  
Үтірменен аяқталар ойлардан,  
Мағыналы ештеңе де күтпеңіз.

## ИКЕМ

Зер салып оң мен солыма,  
Туғалы бері итеңдеп,  
Өмірдің қиын жолына,  
Өзімді жүрем икемдеп.

Адасып жүрген жоқпын ба,  
деп көзімді ылағи сүртеп кеп.



Түсетін жерде қақпанға,  
Құтылам өзімді икемдеп.

Икемдеп елдің көңілін,  
Икемдеп бар мен жоғымды.  
Жүреді икем – серігім,  
Икемдеп аш пен тоғымды.

Ойымды кейде өтпеске,  
Икемдеп әрең өткізем.  
Қолымды кейде жетпеске,  
Икемдеп жүріп жеткізем.

Икемсіз өмір көңілісіз,  
Икемсіз адам – бос адам.  
Болады кейде сенімсіз,  
Икемді ісің жасаған.

Шығасың үйден кей күні,  
Ойыңды іштей көркемдеп.  
Жолықтырасың қайғыны,  
Сырқатың жүрсе икемдеп.

Түскенде тозаң көңілге,  
Ойлайсың енді қайтем деп.  
Ажалдан ғана өмірде  
Құтыла алмайсың икемдеп.

## ТУҒАН ЖЕР

Аялап, ойлап оралсам,  
Санама сыймас өлшемің.  
Ең үлкен бақыт,  
бола алсам,  
Титімдей ғана бөлшегің.

Алыстан аңсап жетемін,  
Басқаны қайтем армандап.  
Бақытты болып кетемін,  
Табаным саған тигенде-ақ.



Даламның белес-белдері,  
Керіліп жатыр кезекпен.  
Қасиет туған жердегі —  
Өз ұлын тешпес өзектен.

Көз шырымын ап таң алды,  
Тұрсам да ұйқым қанғандай.  
Жатасың арбап жанарды,  
Кіндігім байлап қойғандай.

Алыста жүрсем күншуақ,  
Сен жақтан түсіп тұрғандай.  
Сағынып атты ыршып ат,  
Тартады саған қайрылмай.

Мендегі сезім тұрақты,  
Ажырамас боп кеткенбіз.  
Жетемін саған сияқты,  
Көктемін аңсап жеткен құс.

## НЕГЕ

Асығайын!  
Қалыпты уақыт тым аз,  
Сырғып өтіп кетіпті бақытты жаз.  
Өмірімнің біразын өлтіріпшім,  
Сайтан судың соңында кетіп біраз.

Жазығаны маңдайға солай шығар,  
Жылан кесті жолымда талай шұбар.  
Шыдай-шыдай қажыған қайран жүрек,  
Бұрай-бұрай берген соң қалай шығар.

Ауыдағы шыға сап жертөледен,  
Неге сонша қалаға еркелегем.  
Мына жарық дүниені көре де алмай,  
Ішімде өлді қаншама көркем өлең.

Мұқағали,  
Төлеген, Қасым қайда?





Солар өткен аламын ғасырды ойға.  
Неге ғана бейім боп тұрады екен,  
Ақындардың тағдыры  
Осындайға!

## АЛМАТЫНЫҢ АУА РАЙЫ

Жердегі жайлы тұрағым,  
Өшпестей болып қалды аты.  
Көтеріп тұрып тұманын,  
Жөтеліп тұрды Алматы.

Бозарған таң да таянды,  
Бұлтты аспан тұрды тіл қатпай.  
Алматы күліп оянды,  
Бір аунап тұрған сырқаттай.

\* \* \*

Ойпырым-ай, бұл не сұмдық!  
Жайлы орыннан су шыққандай шошындық.  
Миуа бақта маужыраған отауды,  
Қалжыраған қу далаға көшпідік.

Ойпырым-ай, бұл не сұмдық!  
Есірткі ішкен есуастай есірдік.  
Бау-бақшалы көкорайдан безініп,  
Айдалаға егіп жүрміз өсімдік.

Ойпырым-ай, бұл не сұмдық!  
Санасыз бен өресізді өсірдік.  
Кешірмейтін пығар бізді болашақ,  
Кешірілмес күнәні көп кешірдік.  
Ойпырым-ай, бұл не сұмдық!



## СОҚЫР

Жетегұғын жарып түнді,  
Сәулелерді сағынбайды.  
Жарқыраған жарық күнді,  
Қараңғы деп қабылдайды.

Көзсіз құшып сүйіп көрді,  
Күлмейді де, күрсінбейді.  
Асқақтаған биіктерді,  
Көрмеген соң сүйсінбейді.

Қонысы жоқ елден бөтен,  
Шырылдайтын ақындар бар.  
Ештеңені көрмейді екен,  
Көңіл - көзі соқыр жандар.

\* \* \*

Талай рет жанбай жатып, сөнгенбіз,  
Боқтаса да, таптаса да, көнгенбіз.  
Бір жақсылық болар - ау деп сенгенбіз,  
Ел рухын аршып алып көрден біз,  
Күл - қоқысқа қайта апарып көмгенбіз.

Жамалмаса елдің осы жыртығы,  
Өкінішке айналады бір күні.  
Бізге қарай кезеліп тұр бұл күнде,  
Қасіреттің мергенінің мылтығы.  
Қазақ қазақ болар еді, шіркін-ай,  
Тойымсыздың тығындалса құлқыны.

## СЕНІҢ ҮЙІҢ

Біздің үй мен сіздің үйдің арасы,  
Елу қадам шамасы,  
Біздің үйде ойнаса деп ойлаймын,  
Сіздің үйдің баласы.  
Елу қадам...



Кейде ұзақ шақырым,  
Қайда бара жатсың дейді әйелім,  
Сіздің үйге бара жатсам ақырын.  
Сылтау таппай қиналамын амалсыз,  
Әйеліме жетпейді ешбір ақылым.  
Ей, өмір-ай,  
Алыс қылған жақыңды.  
Ей, өмір-ай,  
Қор қылдың ғой ақыңды.  
Мен үйімнен шығып едім дос іздеп,  
Айтайын деп бір сөзімді ақырғы.  
Ұзақ болса қайтер едім жол кейде.  
Төнбейтін бір қара бұлттар төнбей ме,  
Ей, ағайын, сол досыма сәлем бер  
Бес-ақ қадам жетпей қалсам мен кейде.

\* \* \*

Осы менің айтқандарым рас па,  
Ойланамын отырсам да су ішіп.  
Жайылғанмен жетпейді ғой құлаш та,  
Амалым жоқ қалам кейде бүрісіп.

Талай рет жыладың та, құладың,  
Өмір деген өзгермейтін бір әріп.  
Денемізді жаулап алды қалайша,  
Қасиетсіз қарақұрт.

Ізімізден қалмай қойды бұл ажал,  
Түсінбедім, себебін – табу үшін  
Бұл өмірден жаңа жол,  
Іздеуменен келемін.

Жаратқанға сұрағым бар; жол қайда?  
Мен ажалдан таба алмадым нақтылық.  
Бізді босқа алдай ма,  
Жетпей ме әлде тәттілік.  
Жоқ болса да ешкімге де еш өкпем,  
Өзімді-өзім аяймын.  
Қашқан жандай қашып жүрген өсектен,  
Жан-жағыма қараймын.



Бірақ бәрі танымайтын бейнелер,  
Өзімді іздеп айнаға кеп қараймын.  
Мен іздеген табылар деп бір мүсін,  
Отырам да, ойланам..  
Мен өмірден кейде қатты түңілем,  
Алақанын жаймаған.

## ҰРПАҚТАР ҮНІ

Біз ештеңе білмейміз,  
Біз ештеңе көрмейміз.  
Біз ештеңе алмаймыз,  
Біз ештеңе бермейміз.

Байла десе байлаймыз,  
Сайра десе сайраймыз.  
Қолда десе қолдаймыз,  
Алда десе алдаймыз.

Биле десе билейміз,  
Иле десе илейміз.  
Күйре десе күйрейміз,  
Сүйме десе сүймейміз.

Бізді осылай үйреткен,  
Бізді осылай билеткен.  
Біздің арман, сенімді,  
Тұмай жатып күйреткен.

Сыйламаймыз үлкенді,  
Ойламаймыз ертеңді.  
Оянбаймыз ешқашан,  
Жая алмаймыз өркенді.

Мешел ұрпақ деген — біз,  
Көр соқырмыз, кереңбіз.  
Мына мылқау заманның,  
Күшаласын жегенбіз.



\*\*\*

Талай жайға қанықпай келеміз ғой біз әлі,  
Кешегі сән-салтанат бүгін бізден ұзады.  
Жынды айқайға айналды небір әсем қыз әні,  
Аяқ бассақ болғаны, арамзаның тұзағы.

Шуылдаған серіктер келтіреді ызаны,  
Зуылдаған көліктер түнгі ұйқыңды бұзады.  
Ойы тапшы біреулер жақсы ойыңды сызады,  
Бұның бәрін білген соң бойда қаның қызады.

Халық едік қонақжай, ел едік бір тойымды,  
Жерден бақыт табам деп, алақаным ойылды.  
Жүр біреулер тойып жеп, сенің баққан қойыңды,  
Себеп деген көбейді, әдеп деген жойылды.

Кетіп жатыр біреулер пайдаланып ойыңды,  
Естіп жатыр біреулер аяқасты тойыңды.  
Сен жүресің бүкшеңдеп көрсете алмай бойыңды,  
Түр біреулер тасада, саған сақтап сойылды.  
Небір жақсы жігіттер жамандыққа бой ұрды,  
Небір мықты мақсатқа, мәңгі нүкте қойылды.

## ТУҒАН ЖЕРДІ АҢСАУ

Иілмейтін басымды,  
Саған ғана иемін.  
Топырағыңды, тасыңды,  
Тәу етемін, киелім!

Шуағыңа жанымды  
Шомылдырсам деуменен.  
Желбіреген әнімді,  
Жеткіземін желменен.

Ізі қалған бабамның,  
Жолдарың сыр шертеді.  
Сағынышы даламның  
Өзегімді өртеді.



Ажырамас жанымыз,  
Сені ғана аңсаймын.  
Саған деген сағыныш,  
Оятады таң сайын.

Сағынышты селдетіп,  
Сені ғана аңсаймын.  
Жүрегімді тербетіп  
Оянамын таң сайын.

Айтатындай «шіркін» деп,  
Тамсандырып таңдайды.  
Көмейімде бүлкілдеп,  
Ән тұрады сен жайлы.

Тұлпарлардың тұяғы,  
Дүрсілдеткен мекенім.  
Келбетіңмен баяғы,  
Тұрсың кетпей, не етемін.

Жан сарайым апылар,  
Самалыңмен сырлассам.  
Мауқым сонда басылар,  
Топырағыңды бір бассам.

## ТҮНГІ ӨЛЕҢ

Жарық дүние...  
Түнді қуып күн келер,  
Сол күнменен оянады пенделер.  
Осы түннен табымаған қызықты  
Күн бермесе – кім берер?

Біз білмейміз өмір сыйлар кім бізге,  
Айып етпе, түсіп кетсем өзге ізге.  
Жаурап бара жатсам кейде ағайын,  
Жапсырақ деп ойлап қалма күз кезде.

Күрсінемін, күрсінгенмен не пайда,  
Салмақ түсер табан менен бақайға.



Ақынмын деп жүруші едім өмірде,  
Мені біреу ақымақ деп атай ма?

Атар деймін бүгін атқан таң да ертең,  
Көңілімде өмір көркем, ән көркем.  
Қысылған бір автобустың ішінде  
Сендерменен бара жатам мен де ертең.

Түн дегенің, қасірет пе, қасірет,  
Нүкте қойсақ біткен өмір осы деп.  
Қараңғыдан шығып жатқан жарыққа,  
Бұл дүниенің көші көп.

Таң атты ма?  
Шығады ма ғажал күн,  
Өтті-ау мені мазалаған азап түн.  
Жалғастырған бір түнменен бір түнді,  
Мен бір жүрген қазақпын.

Жарық түссе ойлап қалам таң ба деп,  
Әдділейді жүрегімді ән бөлек.  
Бәрі керек мынау жарық дүниеде,  
Ең керекі – таң керек!

## ҰЙЫҚТАМА

Алып-ұшқан көңіліңді түйықтама,  
Бәріне де өмірде сүйіп қара.  
Жаяу жүрер кезіңде жаяулап көр,  
Ояу жүрер кезіңде ұйықтама.

Жаяу жүріп жер табын сезініп ал,  
Көңіліңе түйгенің өзіңе ұнар.  
Жалғасысың сен дағы өткендердің,  
Қалмас үшін өкініп көз іліп ал.

Күн мен түнің кетпесін араласып,  
Ояу жүріп ұйықтама қара басып.  
Мынау жарық дүниеден аларыңды,  
Алу керек ұйықтамай жағаласып.



\* \* \*

Өмір оңай өзгергенмен,  
Соның бәрін көз көргенмен,  
Байлық мәңгі бақыт болмас,  
Жан қинамай тез келгенмен.  
Өмірменен ойнай берме,  
Ойнағандай жездеңмен.

## ӨМІР ОСЫ

Өмір деген қым - қиғаш-ау, қым - қиғаш,  
Күнде айқай, күнде сойыл, күнде айқас.  
Сұңқармын деп жете алмайсың биікке,  
Тұлпармын деп жүрсең де артта шаң қалмас.

Өмір деген — тұнып тұрған өзгеріс,  
Арман деген — Арман емес, күнкөріс.  
Сүйіп тұрып айта алмайсың шыныңды,  
Кедергі боп биік тұрған іргеміз.

Сол биіктен жүреміз-ау аса алмай,  
Ұмтыламыз бір мықтылық жасардай.  
Шегінбейміз, өмір дейміз жүрсек те,  
Өмір барда басымызды қоса алмай.

Өмір дейміз, сезінбей-ақ дәмін де,  
Айтшы, сенің қуанышың сәнің не?  
Жер іздейміз, ел іздейміз ғажайып,  
Жүрсең дағы өзің туған жеріңде.

## ТАҒЫ БІР АҚЫНҒА

Бір ақынның кешінен шаршап қайттым,  
Қайтам деп ем жыр тыңдап шаршатпайтын.  
Тек әншейін түрі екен асқақтаған,  
Өлең жазып жүр екен қол соқпайтын.





Ақыл айтқан сияқты аш балаға,  
Ақыл айтты ол маған да, басқаға да.  
Гүл өлеңнің исі де, түрі де жоқ,  
Өлеңіне қара да, тасқа қара.

Мықты ақынмен деп өзін сезінетін,  
Қораш болып кетті ол көзіме тым.  
Жанашырды жүдетіп жүр осылар,  
Жақсы жырға жүрегі езілетін.

Басқаларға жүретін тісін қайрап,  
Көбеюде осындай масыл бейбақ.  
Үйге келіп кітабын оқып едім,  
Шикі өлеңдер кетті ғой ішімді айдап.

## НЕСІБЕЛІМЕН СЫРЛАСУ

*Қарындасым Несібелі Сейдәліқызына*

Несібелі,  
Уақыт жайлап өткенді өшіреді,  
Келешекке керегін көшіреді.  
Халық едік қапаннан соры қалың,  
Тағдыр неге біздерге өшігеді.

Заман емес бұл заман атың қалар,  
Жоғалуда қасиет халқымда бар.  
Шоқ қалмайды – бұл күннен күл қалады.  
Күлмен бірге бықсыған отың қалар.

Күрсінгенмен халықтың жоқ амалы,  
Тарихы жоқ болашақ не болады.  
Тіл менен тарих – еліңнің ертеңі ғой,  
Ол жоғалса халқың да жоғалады.

Түсе алмаймыз неге біз керек ізге,  
Өшігеді сұм уақыт неге бізге?!  
Табалдырық жағалап кетті қазір,  
Жүрген жандар көтеріп төбемізге.

Дей ме бізге жүре бер, бәлсінбе де,  
Дей ме бізге күле бер, күрсінбе де.



Дейтін шығар ағайын «шаршап жүрсең»,  
Қалам ұстап, шырағым, жүрсің неге.

Күрсінгенде көңілім баз кешеді,  
Шақырамын амалсыз сөзге сені.  
Басқаша еді кешегі кішілер де,  
Үлкендер де кешегі өзгеше еді.

Бір төтгіні жесек те екі бөліп,  
Осы күнге аман-сау жетіп едік.  
Орыстанған заманда өсіп-өніп,  
Орыстанған заманда оқып едік.

Дастарқаны қашанда тойға дайын,  
Әншейінде намыспыла қайда ағайын?  
Қателескен шығармын,  
Ақыл айтсай,  
Ақылың бар жансың ғой, айналайын!

Несібелі,  
Баяны жоқ аңсаймыз осы нені,  
Бақыт неге біз күткен кешігеді.  
Түсінбеймін, қайда алып бара жатыр,  
Мынау жұмбақ заманның көші мені.

Несібелі,  
Артың айтсам болашақ кешіреді,  
Ертеңгі күн – бүгінді өшіреді.  
Рухы жоқ халықтың – ертеңі жоқ,  
Қызықтырар ертеңнің несі мені?..

## НҰРЖІГІТТИҢ ДОСТАРЫ

*«Ең бақытты адам — досы көп адам!»*

Автор

Досың бар ма десе біреу,  
Біз сияқты ақынға.  
Доссыз бағам өседі деу,  
Сыймайды ешбір ақылаға.



Сақтау керек жүрегіңде,  
Достық жайлы мысалды.  
Естімешпіз бұл өмірде,  
Досы жоқтан осалды.

Қиналғанда қағып алып,  
Бере алмаса қол ұшын.  
Онда сенің жаның арып,  
Тарылады өрісің.

Көтеретін көңіліңді,  
Достық – көңіл қорғаны.  
Достық деген сол ұғымды,  
Кірлетпесек болғаны.

Кім бар десе енді мықты,  
Кім бар десе досы көп.  
Көрсетер ем Нұржігітті,  
Оған мысал – осы деп.

Кетеді екен ой қалыңдап,  
Ойға алғанда тектіні.  
Досы көптік, бойда қымбат,  
Қасиеттің көптігі.

Жүректер бар жалын ұшқан,  
Бір-бірінен от алған.  
Жүрген сені биік ұстап,  
Дос көңілі – қаһарман.

Дос намысын дос қорғайды,  
Мынау өмір – майданда.  
Абыройың аспандайды,  
Дос көңілін жайғанда.

Доссыз ішкен ас батпаған,  
Жаныңа зіл батады.  
Қыран-көңіл асқақтаған,  
Ұшып бара жатады.

Қыран - көңіл биік таудың,  
Басына ұя салғанда.  
Қажеті не ұйықтаудың,  
Жетелейді арманға.



Сол арманның — дос құшағы,  
Өзгермейтін ол сенің.  
Сағынғанда бас қосады,  
Бүтінделіп бөлшегің.

Дос қадірін білемін мен,  
Жоғалмайды ол жалғанда.  
Нұржігіттер жүрегінен,  
Нұрын шашып тұрғанда.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Шындықтың жүрем суына шомылып алып,  
Түседі сосын жарқырап жаныма жарық.  
Рақаттанып бір сәтке тыныстап алам,  
Мейірім деген — жүректің бағына барып.

Мейірім — бақта өседі қайырымдылық,  
Тұрады әр тал иіліп, жанымды ұғынып.  
Тербеліп көңіл, мейірімнен масайрап қайтам,  
Жіберер мені ертеңге сенімді ғылып.

Мейірім — бақтың мәуесі шырыннан шырын,  
Ондай жемісті татпапшын шыныңда бұрын.  
Тербеліп ойдың жатамын тал бесігінде,  
Көңілде — әуен, басымда — ой, жанымда — жырым.

Қайырымдылық — ғажап қой жарасып қайтсаң,  
Қайырымсыздардың палабын мен де көп іштім.  
Мейірімсіздердің бойынан, расын айтсам,  
Махаббат пенен рақым көрген емеспін.

Қайырымдылық — Алланың қорғаны білем,  
Мейірімге толы олардың арманы кілең.  
Қайырымдының мейірімді қолы жетектер,  
Белгісіз біреулер адасып қалғаныменен.



## АСТАНАМ МЕНІҢ

Астана́м менің,  
Ақ ордам менің,  
Танытты сені бақ орнап елім.  
Шаттыққа төсі бөленген елдің  
Болашағын да сенен көремін.

Астана́м менің,  
Айбыным менің,  
Берекем менің,  
Байлығым менің,  
Дос болар сенде тоғысқан жандар,  
Басталар сенен тойлы күндерім.  
Астана́м менің,  
Ажарым менің,  
Армандар саған созады қолын.  
Жазады бүгін шаршаған кезде  
Өзіңе қарап қазағым белін.

Астана́м менің,  
Қалқаным менің,  
Асқақтаттың ғой Арқаның жерін.  
Армандап жүрген ертеңім бе едің,  
Қиялдап жүрген ертегім бе едің?!

Астана́м менің,  
Ақылшым менің,  
Жаныма әр кез жақынсың менің.  
Аңсаған кезде,  
Шаршаған кезде  
Өзіңе қарап отырсын елім.

## БАС

Өз-өзіне беретін биік баға,  
Түспейтұғын тұзаққа, құрыққа да.  
Біткен екен қалқыып жүру үшін,  
Бас орнына кеуде мен иық қана.



Үмітінің белгісіз сөнер күні,  
Кеудесімен итеріп кедергіні,  
Аяқтағы балшықтай ар-намысы,  
Көшедегі палшықтай тереңдігі.

Бас пен бірге жоқ ауыз, құлағы да,  
Қуанғаны белгісіз, жылады ма?  
Сөзі де жоқ, өзі жоқ құбыжықтар,  
Басы барды басынып тұрады ма?!

Ойсыздардың өлексе түрін қара,  
Ми орнында оларда жұлын ғана.  
Басы барды қуып жүр қуыстарға,  
Осыларды туып жүр бүгінгі Ана.

Аяғымды амалсыз тартып басам,  
Басы барға жетер ем, бақыт болсам,  
Бассыздардың, шіркін-ай, келер екен,  
Жұлындарын үзетін уақыт қашан?

## БІР АҚЫНҒА

Өлеңді емес, атыңды дабыра ғып,  
Ақын дей ме пынымен, сені халық.  
Шын ақынға тиісті абыройды,  
Жүресің тек лақтырса қағып алып.

Көтермейсің шаршатар өлең жүгін,  
Белгілі ғой қаншалық тереңдігің.  
Белгісіз ғой сенің де өлер күнің,  
Белгісіз ғой менің де өлер күнім.

Ол жаққа да жолымды саған берем,  
Ұят болар барғаным, сенен бұрын.



## БІР АҚЫНСЫМАҚҚА

Ақындар өтті ойлары өзегінде өлген,  
Сасық жыры бар сендейге кезегін берген.  
Талант емес, тек қана талабы бардың,  
Шықпай жатады жазғаны межелі жерден.

Алла тағала бермеген саған берерін,  
Қиялың ғана алысқа барам дегенің.  
Тіріңде қарық болсаң да атаққа қанша,  
Жүрекке жарық түсірмес қараңғы өлеңнің.

Көрсету үшін елеусіз ақыңдығыңды,  
Өшетін өмір сияқты ақырғы күңгі,  
Жанталасасың жабысып атақ жалына,  
Ақыңдық емес, қу атақ – атың бүгінгі.

Атағыңды сап алдыға биік қарайсың,  
Құрық бойламас зымиян қулыққа байсың.  
Таланттармен терезең тең тұратыңдай,  
Атақты қалай алам деп ұйықтамайсың.

Халық та біздің қызық қой, (халыққа обал-ақ!)  
Өз түсінігімен жүрмейді біліп, бағалап.  
Батырлығыңды өлшейді – бұзықтығыңмен,  
Ақыңдығыңды өлшейді – атаққа қарап.

Талантсыздар да алаяқ, қорғаны бекем,  
Алаяқтардың қашаңда арманы жетім.  
Сол атақ деген – бұл күнде еш жылуы жоқ,  
Жылатырақ киім сияқты тойға киетін.

Сыйлық беретін биліктен ұят та қашқан,  
Олар да қазір зымиян қулыққа басқан.  
Қотыраштар мен Батыраш бақылап отыр,  
Бөйгеге әкеп жабысын сияқты қосқан.

Талғамсыз тобыр санайды ақынға сені,  
Ақындар көп деп ақымақ халқың бөседі.  
Дәл сендейлердің жаратқан жазасын берсе,  
Арманда кеткен ақындар өкінбес еді.

Жарық жұлдыздар жарқырап көктен жиі ақты,  
Аңсаймыз ерте тартылып кеткен бұлақты.



Атағы менен жотасын көрсететіндер,  
Қарғы бау таққан асыранды иттер сияқты.

## ЕСІРТКІ

Жүрген ел ек, бір кезде, дін мен ділге берік боп,  
Есірткіге еліктеп, жүрген қазір желік көп.  
Жақының да жау болып кететұғын заман бұл,  
Ақылың да бұл күнде бара жатыр көбік боп.

Отырасың амалсыз, өз-өзіңнен ойға кеп,  
Сұрағы мол заманда зиялылар қайда деп.  
Надандықтан құтылып, харамдыққа тұтылдық,  
Жалғандықтың сағызын талай жылдар шайнап ек.

Ұлы заман көшіне ілесеміз қалай біз,  
Есірткіге құл болды талай ұл мен талай қыз.  
Жер-ошаққа үңілген бейшаралар сияқты,  
Болашағы белгісіз болашаққа қараймыз.

Жоспар деген көл-көсір, бітіп жатқан іс қайда,  
Бақытымыз бір күні басымыздан ұшпай ма.  
Шығып алып мінбеге, сайрағаннан пайда не,  
Қазір елдің көбінің ойлағаны бас пайда.

Үмітіміз сияқты үзілмейтін ақырғы,  
Том-том ғылып шығардық өсиет пен нақылды.  
Қанша тыныш таң атты, болсақ дағы сауатты,  
Бола алмадық сауатсыз аталардан ақылды.

Ойланатын кез келді, басты босқа қатырмай,  
Құламасын армандар, жел құлатқан шатырдай.  
Мейлі қанша өркенде, жете алмайсыз ертеңге,  
Миымызды жаулаған есірткіден құтылмай.

## ЖІГІТ СЫРЫ

Отырғыс та,  
кештерде де көп біз барған,  
Жүрген жерде күдік қалған,  
із қалған.





Талай-талай даттау алдық... жарайды...  
Талай-талай мақтау алдық қыздардан.

Мұның бәрі арман емес асылы,  
...сұлуларға тұзақ құрдық жасырын.  
Биік тұрып төмендедік амалсыз,  
Сүйіп тұрып біреулердің ғашығын.

Бойжеткендер жұмыртқадай аршылып  
Шыға келер...  
Бейне нәзік талшыбық.  
Қыздар жаққа жетектейді аңшы – үміт,  
Көрсетпесе екен, дейсің, қарсылық...  
Бұлт жамылып махаббаттың аспаны,  
Жалғасады жалған сезім дастаны.  
«тимеймін» деп уәде берсең.  
Кей қатын,  
«сүймеймін» дер, күйеуімнен басқаны.

Сезіміңді өтірікке малшынған,  
Төзіміңді түте-түте таусылған,  
Шапып - шапып,  
Қажып келіп құлайсың,  
Сең соққандай,  
сел соққандай қарсыңнан.

## ЖҰМБАҚ ЖАН

Белгісіз бір көк мұхиттың төсінде,  
Жүзіп келе жатыр жұмбақ екі адам.  
Күн тал түс пе, әлде кеш пе, бесін бе,  
Үміті бар екеуінің жағадан.

Жағалау да көрінбейді мұнартып,  
Жететін жер алдамшы.  
Екеуінің аңсағаны құмартып,  
Жағалау бір қорғансыз.

Толқын бейне шөп сияқты жел соққан,  
Ал балықтар аң сияқты азулы.  
Ағыстармен бізге қарай қарсы аққан  
Күресеміз, маңдайға сол жазулы.



Біз ақынбыз,  
жанымызды кім ұғар,  
Біз өлгенмен өзгермейді тіршілік.  
Бір ұяны іздеп жүрміз тынығар,  
Біз өлгенмен тұра берер күн шығып.

## АНА ТІЛІМ

Ана тілім, қандай әсем!  
Ана тілім – шуақ маған!  
Өз тілімде сөйлемесем,  
Жаурап тұрған сияқтанам.

Ана тілім, қандай әсем!  
Ана тілім – бұлақ маған.  
Өз тілімде сөйлемесем,  
Шөлдеп тұрған сияқтанам.

Ана тілім, қандай әсем!  
Осы тілден қуат табам.  
Өз тілімде сөйлемесем,  
Қазақ емес сияқтанам!

## БАЛАЛЫҚ ШАҚ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Әлі есімде,  
Он бес шақты үй тұрақта,  
Тұратынбыз орталықтан жырақта.  
Бар болатын бір мұғалім,  
Бір мектеп,  
Оның өзі бастауыш-тын бірақ та.

Қашан,  
Қашан ер жетеді екенбіз,  
Деуші ек, қашан орталыққа жетерміз.  
Төртіншіні аяқтадық ақыры  
Басқарманың баласымен екеуіміз.

Орталық пен аулымыздың арасы  
Алты-жеті шақырымдай шамасы.



...Күзде атына мінгестіріп басқарма  
Орталыққа алып кетті баласын.

Енді оқытпай қалдыруға арланып,  
Мені де анам орталыққа барды алып,  
Басқарманың баласы мен екеуміз  
Басқа жерде бесіншіні жалғадық.

Күн қысқарды,  
Белгісі кеп күздің де,  
Қолымыздан кетті еркелік —  
Тізгін де.  
Содан бастап интернатта —  
Жырақта  
Тұрып жаттық,  
Тұрып жаттық біз бірге.

Есімде әлі,  
(Ұмытпапшын көбісін)  
Жақсы оқыдым,  
(Болар мүмкін жеңісім)  
Ештеңе емес интернат та, оқу да,  
Демалыс күн қиын болды мен үшін.

Үйрене алмай, ауыл жаққа алақтап,  
Жүрдік біздер, өтті солай әр апта.  
Түстен кейін оқитынбыз,  
Сондықтан кейде кештеу бітетұғын сабақ та.

Сабақтан соң бәрі де үйіне тарасып  
Кететұғын,  
қалай жалғыз қаласың.  
Басқарма да атпен келіп кешірек  
Алып кетіп жүрді жалғыз баласын.

Атты аяй ма, мейірімсіз бе өзі әлде,  
Айтқан емес бір жақсылық сөз емге.  
Мен де бірге қайтайыншы демеімін.  
«Жүр» демесін,  
Үндемесін сезем де.

«Сен үйіңе қайтатын ба ең, қалай» деп,  
Сұрамайтын, жүрседағы талай кеп.  
Жөнелтетін мінгестіріп баласын  
«Бір жерлерге соғатын ем жолай» деп.



«Асығыс не, қайтасың ғой ертең-ақ».  
Дейтін кейде көңілімді орталап,  
Түк айта алмай, қалатынымын мұнайып  
Үйге деген сағынышымды арқалап.

Алып кетер адам да жоқ,  
Ат та жоқ.  
Анама емес, тағдырыма өкпелеп,  
Күн батарда, ауыл жақты бетке алып,  
Қорқынышпен шығатынымын жекпе-жек.

Жол шегінде ауыл жаққа баратын,  
Безерген бір бейіттер бар болатын.  
Орталықтан сол араға жетпей-ақ  
Дүниені тұмшалайтын қара түн.

Жалаңаяқ, «қолыма алып» өкпені,  
Жүгіруші ем, ауылға тез жеткелі.  
Хал-жайымды мүмкін емес түсіну —  
Сол бейітке жақын келген сәттегі.

Бейіт жақтан естілгендей үрейлі үн,  
Бар ойымды бір сұмдыққа тіреймін.  
«Жаратқанға» жалбарынып ішімнен,  
«Жаратқаннан» іштей көмек тілеймін.

Қорықсам да, жалғыздығымды ескеріп,  
Үн пығармай жанарымда жас толы,  
Әр бұтаға қарайтынмын қалтырап,  
Қарсы пыға келетіндей аш бөрі.

Қаптайды үрей, жарылардай жүрегім,  
Екі аяғым — сенерім де, тірегім.  
Қараңғыдан  
Қорқыныштан қашумен,  
Қараңғыға —  
Қорқынышқа кіремін.

Болмаса да соншалықты жол қашық  
Зорға жетем,  
Үрей қуып,  
Мен қашып.  
Осылайша осы жағдай ай сайын,  
Апта сайын өте берді жалғасып.



Одан соң да өтті талай жыл ағып,  
Сол бір күндер көз алдымда тұр анық...  
Өкпем өшіп мен жеткенде  
Басқарма  
Жүруші еді атын жемдеп, суарып..

Жақсылықты үйренгім кеп, көргім кеп,  
(Баламын ғой үлкендерге сендім көп.)  
Ал басқарма әзілдейтін:  
«Ой, өзің, батырсың ғой,  
қалай қорықпай келдің» деп.

Бала көңіл,  
Ой - сендерім бұзылып,  
Қиялымда арғымақтар тізіліп,  
Басқарманың өзіне емес  
Атына қарайтынмын,  
Қарайтынмын қызығып.  
Содан соң да қанша көп өтті күн,  
Ой да басқа,  
Арман да бөлек бүгін.  
Білмеппін тек мен сонда  
Бейіт емес  
Тірілерден қорқудың керектігін.

## ЖҮРЕКТЕГІ ЖАЗУЛАР

Ыстық құшақ,  
Сұлудың түнгі еріні –  
Жаулап алған жанымның бір бөлігін.  
Мұның бәрі – жастығым,  
Ал жүрегім –  
Естеліктер жазылған күнделігім.

\* \* \*

Есіңде ме, (Тек қана сезіктенбе.)  
Алғаш рет өзіңе кезіккенде,  
Тұр екенсің құрбыңмен



Көңілді едің,  
Жақын бардым жайыңды сезіп мен де.

Мінезің де,  
Атың да әсем еді,  
Жан екенсің бағы мол пешенелі.  
Сені ғана  
Тек сені көріп тұрдым,  
Ұмыттым да көп жұртты көшедегі.

Жерлес болдық  
Ойладым бағым ба деп,  
Боп көріңдің басқадан жаның бөлек.  
Ұзап кетер қасыңнан жол таппадым,  
Тірелгендей буалдыр сағымға кеп.

Жатсынбадың  
Мүмкін ол — ашықтығың,  
Жан деп білдім ұғардай ғашық тілін.  
Сен сөйледің,  
мен жиі күмілжідім,  
Қысылғанмын  
Жоқ әлде жасықтығым.

Тез ұғыстық  
Тағдырадың сыйы болар,  
Мен боп алдым қонағың жиі барар.  
Қайтқың келсе,  
қайтармай  
қыдыртушы ем  
Қолайлы бір кез таппай сүйіп алар.

Иә, ақыры сәтті кез безінбеді,  
Қоя берді құрсаудан төзім мені.  
Ұзақ тұрдың бір түні  
Таң атқанша,  
Таң атқанша сол түні көз ілмедік.

Содан кейін мен сені жиі аңсадым,  
Жиі аңсадым шарықтап қиял - сағым.  
Бірге-бірге батыл да болып алдым,  
Болып алдың сен менің ұялапағым.

Кеудемізде бір асау ағыс туды,  
Кетіп жүрдік бетке алып алыс қырды...



... Уақыт бізді осылай таныстырып,  
Бақыт бізді осылай табыстырды.

\* \* \*

Есіңде ме,  
сол бір кез...  
Күз болатын,  
Күз болатын қырат, сай сыз болатын.  
Аулымыздың сыртында қалың қамыс  
Бар еді ғой үнемі біз баратын.

Екеуміздің сол бір панамыз-тын,  
Ызғарынан қорғайтын қара күздің.  
Ұнаушы еді бізге сол қалың қамыс,  
Ұнамайтын жазығы даламыздың.

Пейіш деген – біз үшін осы болып,  
Сонда талай қызық күн кешіп едік.  
Тек сол жерден үнемі табысушы ек  
Кеткен кезде сағыныш көшіне еріп.

Көтермеді-ау табиғат еркелікті,  
Сол қызықты әйтеуір ерте құртты.  
Біреулердің (жауыз-ай!) қас қолынан  
Қайран қамыс бір түнде өргеніпті.

Ауыл маңы ми дала, ашық еді,  
Біздер үшін сол қамыс асыл еді.  
Бұл алғашқы махаббат, өкініштің  
Біле алмадым соңы ма, әлде басы ма еді?!

Екеумізге бұл жаза қатты батты,  
Содан өзге тапшадық бақ тұрақты.  
Медеу етіп көңілге қала бердік,  
Келер жылы шығатын көк құрақты.

\* \* \*

Есіңде ме...  
(Ұмытсаң кешіре гөр.)  
Біз жүргенде махаббат көшіменен  
Көрші ағайың келді бір



Қаладағы  
Бірге оқитын өзінің досыменен.

Болсаңдағы уәдеге тым-ақ берік,  
Шықпай қойдың көршіңнен ұят көріп.  
Үйленбеген  
Есейген олар үшін  
Шынында біз әлі жас сияқты едік.

Тұрғанменен бойында бір көшенің  
Кездеспедік біз содан бірнеше күн.  
Тек әйтеуір алыстан терезеңді  
Торуыладап жүруші ем күнде сенің.

Келер күнді жүргенде тосып тағы,  
Аз да болса арамыз қапшықтады.  
Кездесуге мен саған асыққанмен,  
Ол ағаңдар қайтуға асықпады.

Амалымның содан соң құрып бәрі  
Бой сергітіп,  
Өзімше тыныққалы,  
Барғанымда киноға,  
Соларменен  
Сені көрдім отырған клубтағы.

Көрдің мені  
Бірақ та сездірмедің,  
Болған шығар әлде бір өз білгенің.  
Ортасында сен барсың екеуінің  
Олар мені, байқаймын, көзге ілмеді.

Қонақ жігіт икемдеп кейде сені,  
Ұзақ-ұзақ әйтеуір сөйлеседі.  
Ал мен үшін  
Отырған арт жағында  
Жүрек шаншып,  
Көз тұнып,  
Жер көшеді.

Өтпеген соң бұл жағдай бұрын бастан,  
Аз отырдым қалпымда түрім қашқан.





Атып шығып клубтан  
Ызаланып,  
Үйге тарттым содан соң бұрылмастан.

Саған деген сарқылып төзім — көлім,  
Өз-өзімнен үйге кеп езілгенмін.  
Қызғанып па,  
Білмедім күйініп пе,  
Таң атқанша сол түні көз ілмедім.

\* \* \*

Есіңде ме...  
(Ол күндер де ұзады.)  
Онда, онда жастау едік біз әлі.  
Құрылмаған,  
Құрылмаған кезі еді  
Саған, маған махаббаттың тұзағы.

Таппаған соң кездесудің амалын,  
Көрейін деп не де болса боларын.  
Жүретінмін саған жырмен хат жолдап,  
Жүрегімнің соған құйып бар әнін.

(Мұның бәрі айтылар сыр бүгінгі,  
Ал өткен күн — есте қалған тігінді.)  
Алып жүрдім сенен де ылағи жауап хат  
Жазылатын:  
«Ұнаттым, деп жырыңды.»

Осылайша хаттар жолдап өлеңмен  
Ыстық жауап алып жүрдім сенен мен.  
Жақсы жырмен бағындырып өзіңді,  
Жықсы жырмен қуанышқа бөленгем.

Бұл жағдайды  
тілімденіп жүрегі  
Шын ғашық боп көрген жандар біледі.  
Соның бәрі өз сезімім болғанмен  
Кешір, бәрі — Тұманбайдың жыры еді.



\*\*\*

Есіңде ме,  
Тағы бірде кезіктік,  
Бір-біріміз ойымызды тез ұқтық.  
Тартып кеттік Қызылқұмға  
(Жақын-тын)  
Өзге жұртқа болмас үшін сезікті.

Жамбасына жайсыз тиіп төсегі,  
Біздер жайлы жұрттың айтқан өсегі,  
Шыдатпады.  
Тозақ — құмды бетке алып,  
Кете барған себебіміз — осы еді.

Артымызда алатындай жау ұстап,  
Алдымызда бардай пейіш — таныс бақ.  
Қол ұстасып бара жатқан құмға еніп,  
Өсек бізден,  
Біз өсектен алыстап.

Көп жүрдік пе,  
Аз жүрдік пе,  
Беймәлім,  
Көкіректе бір қуаныш,  
Бойда ағын.  
Жүре бердік,  
Жүре бердік,  
Арт жақта  
Қалып жатты сусылдаған майда құм.

Тек екеуіміз,  
Екі бейбақ шын ғашық  
Келе жаттық жүректі үнсіз тыңдасып.  
Кенет жүрер жол таппадық  
Жан-жақты  
Кеткен екен өркеш-өркеш құм басып.

Біздер үшін керегі де осы еді  
Көп отырдық ұлапа құмды төсеніп.  
Ешкім енді көре алмайтын ол жерден  
Естілмейтін ешкімнің де өсегі.



Құм өртеніп, тас-төбеден күн шыжып,  
Біздің тағдыр кете барды «қырсығып».  
Жанып бара жатып бір сәт мен сенің  
Үнім шықпай атыңды айттым  
тұншығып,  
Ал сен болсаң қымсынып..

Тап сол жолы алынбадың есетке,  
Тап сол жолы ілінбедің өсекке.

\* \* \*

Есіңде ме..  
Болатұғын той үсті,  
Жұрт назары саған қарай ойысты..

..Бір керемет ойын еді, жұп қалау  
Талай көздер тұрды саған сұқтана.  
Сен жақта еді менің де ынтық жанарым  
Ал қасыңда отырған бір мүртты «ағай».

Бір кезекте қалап едім мен сені,  
Бермей қойды әлгі ағайың еңселі.  
Содан кейін арта түсті одан да  
Саған деген құмарлықтың өлшемі.

Ол бермеді,  
Ал мен болдым кінәлі,  
«Үәзір» жігіт «хан» үкімін сұрады.  
Айтсын деді,  
Айтсын деді, болса егер  
Өзі жақсы білетұғын бір өні.

Талай әнді тыңдасам да тамсанып,  
Бұрын-соңды көрмеп едім ән салып.  
Білер еді жағдайымды  
Түсінген  
Бұл үкімнің қиындығы қаншалық.

Ән айтпасам, бермей қояд өзіңді,  
Біліп тұрмын,  
Бір қиындық сезілді.



«Шырқап» кеттім дарақылау дауыспен  
Терезеге тіреп қойып көзімді.

Ән біткенше қарамадым ешкімге,  
(Қабілетсіз екенімді кештің бе?)  
Содан кейін қасыма кеп отырдың,  
«Мұртты ағайдың «отауынан» көптің де.

Сонда сездім,  
Кеткен екен тер шығып  
«Дедің бе екен:  
ән не теңің, өй шірік)  
Қиналғаным —  
дауысымнан ұялдым,  
Қуанғаным —  
алдым сені көрші ғып.

Деп бұрында ойлапшын ба ән салам,  
(Бәрін істер ғашық болып қалса адам)  
Тап сол жолы қысылғаннан, ойпырмай  
Той біткенше қарамадым мен саған.

Әлде әзілің,  
Әлде мүмкін шын айттың,  
Не болса да біліп жатыр бірақ кім?  
Білінбестей болып кеткен бір күні  
Дедің:  
сонда даусыңды ұнаттым,  
Дедің:  
сонда даусыңды қаладым.

Есіңде ме сол әнім?

\* \* \*

Есіңде ме...  
Көктемнің бір күні еді.  
Жыр тіледі жанымыз нұр тіледі.  
Біз ауылдан аулаққа шыға бере-ақ,  
Күн күркіреп, жауын да сіркіреді.

Сіркіреді ақ жауын,басылмады,  
Дымқылданды көйлегің, шашың бәрі.



Мен тіледім нәсерге ұласса деп,  
Сен тіледің аспанның ашылғанын.

Дедің бір кез:  
«Су болдым, қазір кетем»,  
Ұға алмадым шының ба, назың ба екен?  
Дария жаққа барайық дегенімде,  
Ере бердің, болмады сөзің бөтен.

Жарқабақты паналап ұзақ тұрдық  
Ұзақ тұрдық...  
Сезімге тұзақ құрдық.  
Жан ыстығы жіберді денені өртеп,  
Бізді айналып кетпеді ұзап бір құт.

Қызық өмір басталып ертектен де  
Сен ұмытып тұрғанда еркекті өңге.  
Мен ұмытып тұрғанда...  
Шошып кеттік  
Найзағай шарт еткенде.

\* \* \*

Есіңде ме,  
(Тұрмас бөлкім ойыңда.)  
Сонау жылағы, сол бір жаздың айында  
Уәделесіп тобық бергем өзіңе,  
Бір досымның жаңа үйлену тойында.

Дегенімде:  
— «Жоғалта сал ерінсең»,  
«Қашан сұра, тауып берем» дедің сен.  
Содан кейін кездеспедік көп күндер,  
Жасырынып жүрдің бе әлде көрінсем?

Күндер жылжып, айлар түсті араға,  
Біздің жаққа күз де келді сарыала.  
Сені көріп, тобығымды сұрауға  
Жиі-жиі шығатынмын далаға.

Достарыммен келе жатып бірде мен  
Көріп сені,



«Тобығымды бер» деп ем,  
Естісең де естімеген жандай боп  
Өте бердің,  
Сияқтанып көрмеген.

«Тобығымды алғансың-ау түсіріп»  
Дегенімде,  
айыбыңды түсініп.  
Саусағыңмен көйлегіңнің сыртынан  
Өз кеудеңді сипай бердің қысылып.

Тыққаныңды білдім сонда төсіңе,  
(Құрғыр қайдан түсіп еді есіме!)  
Тап сол жолы қалай ғана кезіктің,  
Тап сол жерде сұрай қойдым несіне

\* \* \*

Есіңде ме...  
Сонау жыл,  
Тас түнек түн  
Орауында жаттық біз шаш, білектің.  
Естіртпеді асау ой айтқаныңды,  
Естіртпеді дүрсілін жас жүректің.

Құрғыр көңіл аңсап бір тәттілікті,  
Мен көрсеттім сонда тым жат қылықты.  
Сен тіледің болмайтын махаббатты,  
Мен тіледім ғажап бір сәттілікті.

...Осылайша арпалыс тоқтамады,  
Жайлап алды желіктің ақ бораны.  
Менің жаным қызыққа құмартады,  
Сенің жаның шарасыз сақтанады.

«Барады деп ондайға қайдан арың»  
Ойладың ба,  
Жоқ әлде ойламадың...  
...Күліп тұрып мен алғаш күйіп тұрдым,  
Жылап тұрып сен алғаш аймаладың.



\*\*\*

Есіңде ме...  
Жастау шақ,  
Аяулы арман,  
Ақ махаббат тұратын құшақта еріп.  
Көптен күткен бақытты,  
Таяу қалған  
Өкінішке, жөнелдің, тұсап беріп.

«Бітгі» дедің,  
«Бәрі де бітгі» дедің,  
Кете бардың және де «өкінбе» деп,  
Сенгім келмей бұл сөзге тіпті менің  
Үміттендім әзілдеп отыр ма деп.

Шын айтыпсың  
Бәрін де кеш ұғындым,  
Ғалық жанды кетіпсің шындап атып.  
Тұрып-тұрып алдыңда есігіңнің  
Оралушы ем, үй жаққа мұңға батып.

Шықпай қойдың,  
Содан соң бір шықпадың.  
Ренжідім сан рет күліп келіп.  
Үміт солай үзілді,  
Тұншықты әнім,  
Кетгің сен бір «пысықтау» жігітке еріп.

Билесің бе, уақыт — зеңбіректен  
Содан бері қаншама жыл атылды.  
Билесің бе, қанша рет келді көктем,  
Ынтықтырып бір қызға бір ақынды.

Өшіре алмай кеудеден есіміңді  
Дөңбекшідім.  
(Мұны жұрт шын ұқпайды)  
Сүйген жүрек қашан да кешірімді,  
Сүйген жүрек ешқашан ұмытпайды.



\*\*\*

Есіңде ме, ерке қыз,  
Есіңде ме өткенің?  
Сен — дауыл боп,  
(Мен — теңіз)  
толқындатып кеткенің.

Махаббатқа азырақ  
Сыйыспадық бірге біз.  
Ойда- жоқта ажырап  
Кете барды іргеміз.

Әлде тіпті сенбедің,  
Қалдың әлде жек көріп?  
Кете бардың  
Меңдегі  
Қимастықты бөктеріп.

Еш кінәм жоқ,  
Сезіндім.  
(Кештеу білдім, қап бәрің!)  
Жалғыз кінәм  
Өзіңнің  
Өзге жігіт тапқаның.

\*\*\*

Есіңде ме, ерке қыз...  
Түсін мені.  
Көп сақталған сырлар бұл ішімдегі.  
Білер болсаң,  
Мен ақын болып кеткем  
Шуағыңды сен алғаш түсіргелі.

Кеудемдегі быт-шыт қып мұң сілемін,  
Көз алдыма тағы кеп тұршы менің.  
Сені еске алып, белгілі, қуанарым,  
Сені еске алып, белгілі, күрсінерім.

Талай нұрлы көктемнің кешінде де,  
Бау-бақта да, гүл дала төсінде де  
Бірге болдық,





Сан рет бірге бардық  
Тамашаға,  
Тойға да...  
Есіңде ме?

\* \* \*

Есіңде ме?  
Жұлдызсыз қараңғы түн,  
Тұрушы ең-ау, беріліп маған бүтін.  
Ығыстырып сол шақты  
Арамызға,  
Содан бері қаншама жамалды күн.  
Өткен күндер ойыңда жатыр ма анық,  
Тастадың ба кеудеңнен атымды алып?  
Есіңде ме,  
Сан рет қуанышқа  
Бөленгенің  
Сағыныш-хатымды алып.  
Талай таңды қарсы алып өзіңменен,  
Махаббаттың не екенін сезінген ем.  
Арман шақтар сондағы есіңде ме,  
Есіңде ме сол түндер көз ілмеген?  
Алыстады арамыз  
Алыс қалдым.  
Сенсіз көрдім бейнесін таныс таңның.  
Талай рет қоштасып,  
Есіңде ме,  
Сағынышпен сан рет табысқан күн?  
Бара жатыр өткенді жаңартып күн,  
(Мінезің де өзгерген болар тіпті.)  
Бәрі есімде,  
Көп біліп сен арқылы,  
Сен арқылы көп нәрсе жоғалтыпшын.

\* \* \*

О, бойжеткен,  
Өтті бәрі.  
Өкінесің сен босқа.  
Біздерге енді бақыт бөлек,  
Енді жүрер жол басқа.



Ештеңе де өкінгенмен оралмайды ешқашан,  
Соңдықтан да өзге заңнан уақыт заңы басқаша.  
Енді сені қуантпайды менің жақсы жыр - өнім.  
Саған енді суық болар менің жылы тұрағым.

Баяғыдай күле алмаймыз,  
Жүре алмаймыз бірге біз.  
Соңымызда қалмайды енді біздер қатар жүрген із.

Баяғыдай қатар тұрып тыңдамаймыз құс әнін,  
Қазір салқын сенің маған,  
Менің саған құшағым.

Кеудемізді мекендеген махаббаттың бір құсы.  
Жылы жаққа ұшып кеткен,  
Келмеген соң тұрғысы.

Ештеңе де оралмайды,  
Оралмайды,  
Жоқтама.  
Оралатын өкінішті естеліктер тек қана.

\* \* \*

Өтер көктем,  
Өтер жаз бен.  
Өтер күз.  
Қуа берсек бір бақытқа жетерміз.  
Деуші ек: бір күн ашу – қанжар кез болып,  
Бір денеден екі айырылып кетерміз.

..Айдаалада  
Айсыз аспан,  
Түн тынық,  
Сен де маған,  
Мен де саған ынтығып  
Тұрған сәтте бір жауыздық сөз алды,  
Адалдықтан сәл ілгері ұмтылып.

..Болмашыға керісіпміз бекер біз,  
Білместіктен екі айрылған екенбіз.  
Мен сен үшін бөтен жанмын бүгінде,  
Сен де маған болып кеттің бөтен қыз!



## (ӘЗІЛ)

Әкелетін бірде бақыт, бірде мұң,  
Қайда шіркін,  
қайда сол бір күндерім  
Қыз қуумен өткен қайран қызу шақ...  
Таңдайыңнан дәмі кетпес түнгі ерін...

Қыстың түні болсадағы ызғарлы,  
Сірі табан қаршылдатып мұз, қарды  
Жүретұғын  
қайран сол бір кездер-ай,  
Шығарып сап,  
қарсы алатын қыздарды.

Емес еді ұйқы біздің еншіміз,  
Күн батты ма,  
қызды ауылға елшіміз.  
Кейде кештеу келе жатсам  
есігін  
тықылдатып тұратұғын көрші қыз.

Талай-талай сұлуларға кез болып,  
Талай рет кетіп жүрдік өзгеріп.  
Енді міне, шығып жатыр біртіндеп,  
Небір керім қиял қыздар көзге ұрып.

... Әнебіреу мен көрмеген қай мүсін?..  
(Көмейімнен шықпай қалды-ау байғұс үн)  
О, бойжеткен – бойдақтардың бақыты,  
Сезсеңдерші үйленгендер қайғысын!

## ЖИЫРМА БЕС

### I

Жиырма бес – шын байқаусыз өткен күнім,  
Жиырма бес – күн кеудеме төккен нұрын.  
Жиырма бес – ақ махаббат ұяңдығы,  
Жиырма бес – жігерлі шақ, өктемдігім.



Мен сені көп болды ғой тосқалы да,  
Жоқ менде бүгін сенен басқа мұра.  
Дәл қазір шығып кеткен сияқтымын,  
Жігіттіктің ең биік асқарына.

Жолына түскен шақта серіліктің,  
Қыздарға сыр айтқалы сені күттім.  
Мен бүгін тізгінімді қоя берсем,  
Кетердей бірер жылға шегініп күн.

Көп болды қырдың төсін баспағалы,  
Жүр, құрбым,  
Таста бөрің,  
таста көні.  
Жиырма бес – түндер бойы кірпік ілмей,  
Жиырма бес – қыз білегін жастанады.

Естісем сыңсып ұшқан аққу әнін,  
Мен жерге сыймай кетем,  
шақ тұрамын.  
Жиырма бес – менің мөлдір махаббатым,  
Жиырма бес – ерке елігім,  
Ақ бұлағым.

Сияқты бақытымның бір тарамы,  
Түннен де маған қарай нұр тамады.  
Жиырма бес – қыз ұйқысын бұзатын да,  
Жиырма бес – бойжеткеннің іңкәрі әні.

## II

Жиырма бес – аяулы шақ алға асылған,  
Кетеді жиырма бес боп жалғасып ән.  
Жиырма бес – асау тұлпар  
ауыздықпен  
Алысып келе жатқан әр ғасырдан.

Жиырма бес алды-артыңа қаратқан ба,  
Сілкініп бірге тұрар таң атқанда.  
Жиырма бес – Сырдарияны бұра қашқан,  
Жиырма бес – Қызылорданы жаңартқан да.



Жиырма бес қайда жүр деп ойладың ба?  
Жүр, әне, ол Қызылқұмның қойнауында.  
Жиырма бес – балықшы боп Аралда жүр.  
Жиырма бес – бара жатыр қойлы ауылға.

Жиырма бес – жерде де жүр,  
аспанымда,  
Кетеді бұлттан өтіп қас қағымда.  
Сенбесең барып қара,  
Ізім жатыр  
Алатау, Қаратаудың тастарында.

Жарқылдаған «МАЗ» – дардың іздерінде,  
Қаңқылдаған қаздардың тізбегінде  
Жиырма бес бар,  
Мен мұның көрдім бәрін  
Өзімнің жиырма бесімді іздедім де.

### III

Жиырма бес – айтылмаған сырым ба едің,  
Көзіме бұрын не ғып ілінбедің.  
Білмеймін неге мұнша сағыныш боп,  
Сен менің жанарымда дірілдедің.

Өзімнен кететіндей озып күнім,  
Әйтеуір сезіктімін,  
Сезіктімін.  
Жоқ әлде жүрсем бе екен ұйқы көрмей  
Алматының көшесін кезіп бүгін.

Жиырма бес, неге мұнша тыншымды алдың?  
Дедің бе құдіретімнің білсін бәрін.  
Сенің сөзің сөзі боп ғашықтардың  
Діріл қағып бойында жүр сымдардың.

Құмартқандай бейне бір от ерінге,  
Жүрмін қазір тың сезім жетегінде.  
Лүпілдетіп жетіп ең  
Жүрегімді, лапылдатып қалдыршы кетеріңде.



## ТҮН. ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Отырасың сен бірде,  
Аласарып, жаншылып.  
Бөлмең түгіл,  
Кең дүние  
Ететіндей таршылық.

Секем алып қаласың,  
Бұл не дыбыс?  
Білмедім.  
Жайлап барып саласың  
Есігіңнің ілгегін.

Тысырлай ма бірдеңе,  
Торып жүрген дұшпан ба?  
Әлде жай бір іргеде  
Жорғалаған тышқан ба?

Сықырлай ма бірдеңе,  
Кештеу келген қонақ па?  
Дейсің іштей;  
Үндеме,  
Ашпа есікті,  
Жолатпа.


Мазалайды қаққандай  
Терезеңді жел ұрып,  
Бір сұмырай жатқандай  
Әйнектерін кеміріп.

Үрейлілеу, тынышта,  
Бір бөлмеңнен бір бөлмең.  
Бір пәлекет бұрышта  
Деп тұрғандай «жүр бермен!»

Бұл не,  
Әлде үрей ме?  
Өзіңе жат өз үнің.  
Бір сұмдықты тілей ме,  
Құрып кеткір төзімің.

... Қалғанша пеш оты өшіп,  
Отырасың тістеніп.

---



Бір кезде ұйықтап кетесің,  
Шым-шытырық түс көріп.

## ӘЙЕЛ МАХАББАТЫ

Өліп-өшіп әйел ғашық болмасын..  
Өліп-өшіп ғашық болса ол саған,  
Бар дүниені ұмытады қоршаған.  
Жібітеді  
Жылытады әйтеуір,  
Мейлі, тіпті, жүрегің тас болса да.

Өліп-өшіп ғашық болса ол егер,  
Қанша бура болсаң дағы шөгерер,  
Мейлі, тіпті жер түбінде жүрсең де  
Жүрегіңді сағынышпен шегелер.

Сезімі оның басқаларадан өзгерек,  
Отырмайды сенімен бос сөзге кеп.  
Есепсіз-ақ,  
Төсексіз-ақ,  
Құшақсыз,  
Рақатқа қояр сені тез бөлеп.

Жалынбайды жылу сұрап ол сенен,  
Өз жүрегі өз жылуын өлшеген.  
Қаламайды ол,  
Қарамайды ол басқаға,  
Жаны жүдеп жалғыздықтан өлсе де.

Оған қымбат қуанғаның, күлгенің,  
Оған қымбат сенің есен жүргенің.  
Жанын салып,  
Барын салып күтеді ол,  
Табу үшін көңіліңнің түрлі емін.

Өзге қызық – қызық емес ол үшін,  
Сен арқылы кеңейтеді ол өрісін.  
Ырысысың,  
Тынысысың сен оның,



Және дағы азабысың,  
Сорысың.

Оның көзі сен дегенде қырағы,  
Бүйрегі тек саған ғана бұрады.  
Бойыңдағы қымбаты мен сымбатың,  
Саған ғана сыйласам деп тұрады.

Сендік сырын сақтар мәңгі ішінде,  
Сені ғана көрсем дейді ол түсінде.  
Қай кезде де түсінеді жаныңды ол,  
Оның жанын түсін,  
Мейлің түсінбе.

Бар дегенмен алда өмір – жыл қанша,  
Өте шығар уақыт мойын бұрғанша.  
Саған қайтып жібімейді ол ешқашан,  
Сенен егер көңілі оның бір қалса.

Артық сөздің керегі не,  
Керегі,  
Сарғаймасын десең көңіл тірегі;  
Тыныс, дәмнің, туысқаның ол сенің,  
Мүмкін болса ренжітпе сен оны.

Сағыныш та,  
Қайғы да бір қорғасын,  
Ал, үмітің мәңгі серік-жолдасың.  
Ұнату да ғажап сезім,  
Алайда,  
Өліп-өшіп әйел ғашық болмасын...

## ҚҰДАЙҒА ШҮКІР

Қанағат етіп барға да,  
Қанағат етіп жоққа да,  
Рақым күттік Алладан,  
«Құдайға шүкір!» деп қана.

Өмірге екі келмеспіз,  
Сақтасын бәле-жаладан.





Ап болсақ дағы өлмеспіз,  
«Құдайға шүкір!»,  
Ел аман.

Топан су қаптап кетсе де,  
Бөтен бір жаққа көшпейміз.  
Қаралы хабар жетсе де,  
«Құдайға шүкір!»,  
Не істейміз.

Таласпайды өсте таққа да,  
Сарсаңға түскен сырқаттар.  
«Қанағат» дейміз жоққа да,  
«Құдайға шүкір!»  
«Ұрпақ бар».

Әйтеуір шыдап келеміз,  
Жатса да бәрін талап ап.  
Дейміз де жүре береміз:  
«Құдайға шүкір!»  
«Қанағат».

Адамға әр кез қайғы жау,  
Құламас жерде құлайды.  
«Құдайға шүкір!» дейміз-ау,  
Ұмытсақ дағы Құдайды.

Уәдеден ел де жалықты,  
Кетті ғой тірлік шашырап.  
Әйтеуір жүр ғой халықты,  
«Құдайға шүкір!» асырап?!

## ҚҰН

### 1. АРЗАНШЫЛЫҚ

Автобуста.  
Қызып алған.  
Бүкіл елдің көзінше,  
кеше біреу «қымбатшылық» деп көкіді өзінше.



Сосын әлгі автобустың артқы есігін түсті ұрып,  
бейшараның «қымбатшылық» деп тұрғаны — ішкілік.  
Ойы да арзан,  
сөзі де арзан,  
өзі де арзан киінген,  
түсіп кетті  
арзан тымақ,  
арзан аяқкиіммен.  
Адамда да қанағат жоқ,  
сөзін қара әлгінің,  
құлқынының бағасымен есептейді барлығын.  
Берекесіз біраз ойлар бүлкілдейді санамда,  
шынында да қазір мүлдем қанағат жоқ адамда.  
Арзан ойлы әлгі бейбақ  
қайтер еді туса егер,  
арың қымбат,  
жарың қымбат,  
әнің қымбат заманда.  
Қымбат кезден қалған із ғой,  
кей жүректе жүр әжім,  
өйтп-бүйтп арзандаттық қымбат ойдың біразын.  
«Сізді» қойып,  
қазір мүлдем көшіп алдық «Сен» деуге,  
бар сұрақты шешіп алдық,  
ештеңеге сенбеуге  
болады енді,  
бірақ бізге сенімсіздік жат қылық,  
сенімсіздік деген сөзді санамыздан лақтырып,  
пыға келдік киіп алып қымбат — төзім — шекпенді,  
қазір біздің сеніміміз — нарқы қымбат нақтылық.  
Ләйлі — Мәжнүн,  
Қозы — Баян,  
Қыз Жібек пен Төлеген  
Ақымақ қой десе біреу,  
Қазір оған сенер ем.  
Қазір біздер бағынбаймыз ол заманға,  
ол заңға,  
өйтп-бүйтп түсірдік-ау махаббатты арзанға.  
Ағайыңдық арзандады, еңсемізді көтердік,  
Ұят арзан,  
қымбат қазір киім ғана шетелдік.  
Өмір ғана сол қалпында қымбат болып тұр әлі,  
бұл әзірге тіршіліктің шешілмеген сұрағы.



Қалағанша жұтып жүрміз,  
тегін ғой деп ОҒТЕКТІ,  
тегін ауа тығындады тесіктерін өкпенің.  
Сияқты бір ертектегі құпиялы мың қақпа,  
кейде тіпті қиналасың қолың жетпей қымбатқа.  
Көктем өтсін,  
өтсін жаз да,  
келсін, мейлі, уайым — күз,  
аш болсақ та тек қымбатқа қор  
жинауға дайынбыз.  
Қазір не арзан:  
Бақыт арзан,  
уақыт арзан,  
дос арзан,  
ал қымбатқа талпынбаған жігерсіз жан,  
осал жан...  
Қабылдаушы қажет десе мал соятын мекеме,  
«ұятсызбын» деген белгі жапсырып ап шекеңе,  
ойланбай бар,  
ұяттылар сөзге тартса,  
тіл қатпа,  
сонда ғана қолың жетер «қасиетті» қымбатқа.  
Шыңдық көрсең өз бетіңді өз қолыңмен қалқалап,  
тек жүре бер адам терін,  
малдың қанын арқалап.  
Ешкімге де жағдай айтпа,  
ешкімге де жалынба,  
арзан оймен жүрсең болды, қымбат малдың жаныңда.  
Кейде іштей құлақ қойсаң —  
өз үнің де бөтен үн,  
ел айтады қазір жалғыз ШЫНДЫҚ қымбат екенін.  
Бірі — арзан,  
бірі — қымбат,  
қол жетпейді біріне,  
ал шынында тегін не бар,  
тегін не бар?  
Тегін не?  
Ми — қапшығың көтере алса...  
ал, алып қал.,  
ОИ тегін!  
Бердім ойды,  
тегін ойды бермегенде қайтемін.



## 2. ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

Қажеті қанша жарық дүниеге реніш пенен өкпеніз,  
Тұқым боп түсіп,  
шыбық боп өсіп,  
әйтеуір әрең көктедім.  
Адамдығымды өлшейді қазір ақшамен біраз ағайын,  
Қарыз да болмай,  
қарыз да бермей өмірге кеп ем теп-тегін.

Бір ақын жазған «айналып кетсем екен аппақ қайыңға»,  
Бармаймын әсте мен мұндай арман,  
мен мұндай қиял-уайымға.  
Айналып кеткім келеді кейде жапыраққа емес,  
ақшаға,  
ойлаған кезде осынау құнсыз баянсыз тірлік жайында.

Сатамыз бәрін,  
бағаны мүддем қоятын болдық қатырып.  
Ақша үшін ар мен ұяттан безіп,  
сотталамыз да, аытылып.  
Теп-тегін келген өмірімізді өткізу үшін өзгеге,  
Жатамыз жиі саудаға түсіп,  
жүреміз жиі сатылып.

Қуанышым мен ренішім көп әлі де алда көрмеген,  
Бір тиын бермей тіршілік жасап келе жатырмын жерге мен.  
Теп-тегін келдім жарық дүниеге,  
әкем мен анам әйтеуір,  
жаратушыға жалынып бір сом бермеген.

Мысық пен мысық,  
күшік пен күшік  
сатпайды әсте бір-бірін.  
Болмайды әсте оларда сауда,  
оларда қарыз құрғырың.  
Қызықтан гөрі бұзықтау болып тұрады кейде сезіліп,  
ақша боп кеткен тірлігім.

Тұңғыық дүние,  
сен болсаң соған белгісіз түскен бір нүкте,  
Белгісіз тірлік өте шығады,  
жыладық па, әлде күлдік пе.  
Әлі де қымбат,



бәрі де қымбат,  
тек қана адам баласы  
теп-тегін келіп,  
теп-тегін өліп,  
теп-тегін жүрген тірлікте.

Ақша мен сауда ойландырады,  
айналдырады әркімді,  
Саудаға түсіп таулар да шөгіп,  
теңіздер үнсіз тартылды.  
Бағасы қымбат ғасырда мынау, ойлап қарасаң азап қой  
Біле алмай өту өзіңнің нағыз нарқыңды.

## АҢДАР ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

*Адамның жыртқышы жыртқыштан да қауіпті.*

Р.Тагор

Аңдар жайлы аңыз жазсам деп бұрын  
ойлаушы едім,  
оймен талай өтті күн.  
Тыныш жатқан көңілімнің тыншын ап,  
сол ойыма қозғау салды бір сұрақ:  
— Айтшы, көне,  
мынау байтақ жер-көкте  
адам көп пе,  
әлде жыртқыш аң көп пе!? —  
деп тосыннан сауал қойды бір досым.  
Бұрын талай қалжыңдасып жүргесін,  
сол қалжыңның бірі ғой деп ұқтым да,  
астар жоқ қой деген оймен түк мұнда,  
жауап бермей кетіп едім,  
себебі:  
дайын тұрған жауабым да жоқ еді.  
Әшкере боп қалған жандай ұрлығым,  
сол бір сұрақ мазамды алып жүр бүгін.  
Артық сөздің қажеті не өлеңге,  
ой тоқтаттым:  
«Адам көп қой» дегенге.  
Ай жарқырап,



тұрған кезде сөнбей күн,  
«жыртқыш көп қой» деген сөзге сенбеймін.  
Олар аз ғой,  
аз болуы заңдылық,  
құриды олар қу мекенде қаңғырып.  
Құриды олар бір-біріне жем болып,  
жемейді олар еш нәрсені тең бөліп.  
Олар — жыртқыш,  
қан көрмесе болмайды,  
қан жаламау олар үшін мол қайғы.  
Олар — жыртқыш  
(мұнда түк жоқ таңғалар)  
аң болған соң  
бағынбайды заңға олар.  
Олар — жыртқыш,  
елтіруден басқаны  
білген емес,  
жыртқыштардың аспаны  
сондықтан да қан-қызыл боп тұрады,  
және үнемі қан сасиды тұрағы.  
Олар үшін...  
(ештеңе емес қалғаны)  
тек, әйтеуір,  
қарын тойса болғаны.  
Иә, солай,  
арасында аңдардың  
өлім-жітім көп боларын аңғардым.  
Сондықтан да «жыртқыш аз ғой» деген ем,  
болмай шықтым, бірақ, онша көреген.  
Тым көп екен,  
көптігінде жоқ есеп!!!  
Екі аяқпен жүреді ғой демесек,  
(қалмады, рас, жасыратын түк те енді!)  
Аңдардан да қауіпті «аңдар» шықты енді.  
Жыртқыштардан айырмасы бұлардың.  
Саясында жатып алып шынардың,  
теңіздердің толқынында тербеліп,  
қыдырыстап,  
не бір ғажап жер көріп,  
есепке алмай  
жақын менен алысты  
қиялында-ақ бітіреді бар істі.  
Бар сұмдықты ішке бүгіп жатады,



олар аңдай атылмайды —  
атады!

Күштілерге азулары өтпейді,  
әлсіздерге аяушылық етпейді.  
Әлі жетсе қан қылады жабылып,  
бола ма енді бұдан өткен тағылық!  
Мақсаттары тек тұйыққа тіреліп,  
олар қазір бар құрлықта жүр өріп.  
Қанды шеңгел,  
қанталаған көзбенен,  
дүниеде жерлері аз-ау кезбеген.  
...Жыртқыштар көп!  
Сақтанбаса болмайды.  
Айлаалысы көбеюде...  
Сол қайғы!  
Айтып тұрмын өзім естіп, көргесін,  
«Аң көп» дер ем,  
кездеспей жүр сол досым.  
... Аңдар жайлы аңыз жазсам деп едім,  
Ақиқатқа кетті айналып өлеңім.

\* \* \*

Ақыл — ойдың қорғаны,  
оймен талай ми қатқан.  
Арамзаның арманы;  
қағып өту сирақтан.

Қиындықтың бар мәні —  
ағартады шапыңды.  
Айлакердің арманы —  
тасқа соғу басыңды.

Ауыр ойдың салмағы  
өзгертеді тұрқыңды.  
Қызғаншақтың арманы  
күлге аунату күлкіңді.

Бұлбұл етіп қарғаны,  
бүлдіргендей таза әнді.  
Мақтаншақтың арманы —  
мазақ ету адамды.



Адам ұзақ толғанып,  
небір айла тауыпты.  
Мақсатсыздың арманы,  
бәрінен де қауіпті.

## ШАРШАУ

Ай жарық,  
Отырмын ояу,  
Қараңғы түспегендіктен.  
Қаламым жылжиды баяу,  
Ойларым піспегендіктен.

Қиялым қарсы аққан кезде,  
Көңілде дауыл басталды.  
Жалғыздық шаршатқан кезде,  
Ойлаймын ауылдастарды.

Үміт те жалғыз-ақ тұтам,  
Арман-ай, дамыл бермедің!  
Қиналып амалсыз жұтам,  
Ауасын шағын бөлменің.

Тағдырмен тағы ұғыспадым,  
Көргенмін төбелесін де.  
Тұр жүдеу сағыныштарым,  
Жүректің терезесінде.

Кімдерден сұрап білемін,  
Шаршайды жігіттер неге?  
Үмітпен құлақ түремін,  
Үзілген үміттерге де.

Кей достың тілегі бұлдыр,  
Әйтеуір қарайлайды өлең.  
Шаншады жүрегі құрғыр.  
Рахат таба алмай менен.

Байлыққа батыл өзгерді,  
Кей достың ұсқыны бөтен.





Қайырымсыз қатігездердің  
Қасынан ысқырып өтем.

Епкіммен ақылдаспадым,  
Не деген жарықтық едім.  
Көп істің басын бастадым,  
Аяқсыз қалыпты көбі.

Көңілде ұрықтанады,  
Реніш білінбей келіп.  
Қуаныш құрып барады,  
Қуаң жер гүліндей болып.

Жөн сұрап сыр ашсам дедім,  
Серік жоқ таяу қаптада.  
Тағы бір қыр ассам дедім,  
Жол ұзақ жаяулатқанда.

Бақыт бір жұтым-ақ еді,  
Жүретін асырап көптен.  
Болмысым бүтін-ақ еді,  
Қалайша шашырап кеткем.

Өткенін сағынбас па адам,  
Қиял-құс тізбекке еремін.  
Өмірге айырбастаған  
Өзімді іздеп келемін.

## ТАНЫСТАР

### I

Бір таныстан  
жүрген жұртты босқа алдап,  
хал сұрап ем,  
қайқаң етті басбармақ.  
Бір танысқа әзіл айттым,  
Күлмеді,  
— Бірдеңе тап,  
— Бас ауырып тұр, — деді



Бір танысым...  
(оның несін жыр етем)  
кетті асығыс,  
таныс іздеп жүр екен.  
Бір танысым,  
өзі пысық,  
өзі ептіү  
қайдағы бір «қамалдарды» сөз етті:  
— Кей қамалға кіретұғын көп есік,  
кей қамалға кіретұғын жоқ есік.  
кей қамалдар құрып кетіп жатады,  
бір-бірімен күні-түні күресіп.  
Бәз біреулер тек сыртынан қайран қап,  
ал, біреулер жүр ішінде сайраңдап.  
Тастан соққан көп қой жүрек — қамалдар,  
шабуылдап кіре алмайсың,  
не амал бар!?  
Осы, — деді, — айтар шыным,  
сырым да,  
кей қамалдар  
(қамал болған бұрында)  
қамал емес, қазір жай бір төбешік,  
төбешікке жатыр енді шөп өсіп, —  
деп осылай күрсінді әлгі танысым,  
ойлап көрсем,  
сөздерінің бәрі шын.  
Түрлі-түрлі мақсаттардан құралған,  
әр таныстың өз есебі —  
бір арман,  
әр таныстың өз есебі —  
бір мықты ой...  
кеше менің сол танысым:  
— Білдік қой!  
— Қамалдарға кіретін бір баспалдақ  
болса, — деді,  
жыным келді,  
кетерде:  
— Сөйлегенді қойсай, — дедім, — астарлап.  
... Қиял — суға бір тұншығып,  
бір шығып,  
«Таныстар-ай!» дедім іштей күрсініп.



## II

Қиын емес таям десе құт бірден,  
кейде байға,  
кейде ұқсаймыз жарлыға.  
Таныстардан қарыз сұрап шықтым мен,  
құрғыр ақша қажет болып қалды да.

Бір танысым...  
мен айтқаннан жиналды,  
«баратын ек, деп, әкеме –  
бейітке».  
Қызметкер бір танысым қиналды:  
«ақшам қалып қойғаны-ай, деп сейфте!»

Саудадан сәл жеп тұратын бір таныс,  
шыдырлатты нан алатын тиынын.  
Қаладан сәл шет тұратын бір таныс,  
мұңайды, айтып сатып алған сиырын.

Халі жақсы,  
атағы бар ел білген –  
бір танысым ыңыранды...  
Сөз бітті.  
Бір танысым шынын айтты,  
сендім мен,  
оныменен әңгімем де тез бітті.

Бір танысым –  
көрсетті алған кілемін,  
бір танысым –  
жүзік таққан саусағын,  
бір танысым –  
сағаты бар білегін,  
бір танысым...  
қой, не керек,  
шаршадым!

Қажып қайтқан жолаушыдай жолдан мен,  
келдім үйге,  
қажетімді ала алмай.  
Ниеттері ағыл-тегіл болғанмен,  
жүректері болған екен «сараң бай».



Бұл бір қызық жағдай болды күтпеген,  
жомарттық та түрлі жолмен өлшенер.  
Қысылғанда қарыз сұрап шық дер ем,  
танысыңды бір сынағың келсе егер.

## ТҮСІНІК

Бел байладым айтуға бүгін бәрін,  
Көп нәрсені кезінде ұғынбадым.  
Өзімді өзім кей-кейде ауасы жоқ  
Құмыраның ішіне тығындадым.

Тығындадым тынысым, өңешімді,  
Өзімді емес, іздедім елесімді.  
Ешкім мені болса егер тыңдамайтын,  
Анам мені, білмеймін, неге өсірді...

Білмей келдім шыбық па, шынар ма едім,  
Ақын болу шын бақыт шығар дедім.  
Таяғы жоқ көр соқыр сияқтымын,  
Түсінгенмен, білмейтін құлар жерін.

Кей біреулер себепсіз өпкелетіп,  
Сияқты бір қисынсыз жек көретін.  
Ақыл сұрап алмаймын ешкімнен де,  
Ақылым да ешкімге жоқ беретін.

Керегі жоқ басқа бақ, басқа мұра,  
Қызықпадым ешкімнің аспанына.  
Разымын жанапшыр ағайынға,  
Разымын тілеулес достарыма.

Өсірмеді мені ешкім еркелетіп,  
Балалығым қалыпты ерте кетіп.  
... Қайран Анам ұзақ түн жамау жамап,  
Жататынымын мен байғұс ертеқ оқып.

Ана сөзін әйтеуір екі етпедім,  
Өзімді өзім жұмысқа жетектедім.  
Шұбатылып соңымда жүретұғын,  
Жия алмаған қиялым етектерін.



Ұшып жүрді жан-жаққа жиі арманым,  
Өзіме өзім кей-кейде сыя алмадым.  
Бала болып жарығта алмаған соң,  
Әке болсам екен деп қиялдадым.

Әке болдым.  
Ештеңе өзгермеді,  
Өзгергені – ойымның тез келгені.  
Ақыл айтсам деп едім балдарыма,  
Ақыл түгіл кейде олар сөз бермеді.

Өз-өзімнен содан соң құлазыдым,  
Тыңдамады көп кіші біраз інім.  
Ешкімді ешкім тыңдамас жол ұсынған  
Революцияға разымын!..  
Разымын!  
Баламды берді өсіріп,  
Ел жоқ жерге әкелді ел көшіріп.  
Өртеп,  
шауып,  
үйрендік қиратуды,  
Отырғызбайтын болдық жерге шыбық.

Байтақ елміз дейтін ек,  
даламыз бар,  
Малымыз көп дейтін ек,  
санаңыздар.  
Тауымыз көп дейтін ек,  
панамыз бар,  
Суымыз көп дейтін ек,  
қараңыздар,  
Қызымыз көп дейтін ек,  
Анамыз бар,  
Жырымыз көп дейтін ек,  
әніміз бар,  
Алыңыздар, дейтін ек,  
алыңыздар!  
Мәз болыпшыз осылай барымызға,  
Мақтаншақтық қашанда қанымызда..  
Малымыз да азайды, жанымыз да..  
Көше толы қаңғыған қара бала,  
Қара қыздар айналды сары қызға.



Осылайша біз бүгін жетіліппіз,  
Ойланбастан алысқа секіріппіз.  
Қояр болса жаратқан өз бағасын,  
Дәл қазіргі бағамыз – ЕКІЛКІПІЗ!

Бірімізді біріміз еркелетіп,  
Жүк артпайтын болдық қой желкеге түк.  
Келер ұрпақ жүретін ертең етіп,  
Бар жақсылар қалды ғой ерте кетіп.

Қасиетін жақсылар ала кетті,  
Таулар шөгіп, су қашып, дала кетті.  
Ешбір ғасыр көрмеген шығар деймін,  
Біз сияқты көргенсіз, қара бетті...

Табиғатты бүлдіріп қала салдық,  
Қала салдық, жанына жара салдық.  
Сүйікті елдің ұрпағы боламыз деп,  
Биіктеудің орнына аласардық.

Не істедік деп, көрмедік ойға қалып,  
Тайғанамас жерлерде тайғанадық.  
Арамдықтың жұмсадық барлығын да,  
Адалдықты қалауға пайдаланып.

Біз осылай өзгердік, өкінбедік,  
Ақиқаттың тастадық бетін көміп.  
Ештеңеден қайтпауға қалыптастық,  
Тұрсақ дағы дозақтың отын көріп.

Ақыл айтар қарттар аз жалықпай көп,  
Қаңсып қалдық суы жоқ арықтай боп.  
Ұрпағымыз халық боп кетпесе екен,  
Әке сыйлап көрмеген халықтай боп.

Заман болды кетердей өлік тұрып,  
Бірімізді біріміз желіктіріп,  
Мағынасыз тірлікке масайрадық,  
Мағынасыз екенін көріп тұрып.

Жолды қудық оп-оңай атақ алар,  
Қолды қудық оп-оңай бата болар.  
Аруақтарды тұрғызар күш болса егер,  
Сол аруақтар қайтадан жата қалар.



Жүректерді тастады қала қысып,  
Күннен күнге қанымыз барады ысып.  
Жалтақтаймыз әйелдің көңіліне,  
Үйде ішетін пәлені далада ішіп.

Сараңдармен сөйлесем алыс тұрып,  
Жомарттарды жүремін таныстырып.  
Жиі-жиі әйелім мұңайтады,  
Қайдағы бір пысықпен салыстырып.

Қалталының кигені қара барқыт,  
Тапшағанда әйелім табалар түк:  
Жақсылығын баламның өзіне алып,  
Жамандығын қояды маған артып.

Кетті тірлік былығып, араласып,  
Бір сөзіңді біреулер ала қашып.  
Бір жақсы мен бір жаман жағаласып,  
Өзімізден өзіміз қара басып,  
Берекеміз бұл күнде быт-шыт болды,  
Ақыл айтсаң бауыр мен бала қашып.

Қалу үшін көрінбей харам кеудең,  
Бірімізді біріміз жамандаумен  
Келе жатқан жан сақтап жайымыз бар,  
«Бәріне де кінәлі — Заман» деумен.

Жаман істі Заманға арта салып,  
Жақсылықты қоямыз жол таса ғып.  
Жомарттардың қалтасын сөгіп алып,  
Сараңдараға береміз қалта салып.

Қанша қате кетті деп санасақ та,  
Қанша қимай өткенге қарасақ та,  
Көрінбейді ештеңе,  
телміреміз  
Болашағы белгісіз болашаққа.

Түсінбейміз сырларды дала бүккен,  
Аналар да азайды бала күткен..  
... Үлкен-үлкен ҚАРА ӘРІП іздеп жүрмін,  
Қасіретті жазуға СОЛ ӘРІП ПЕН.



## ҚЫЗҒАНЫШ

Жаным, мені несіне қызғанасың,  
Қызғаныштан жүрегің мұздамасын.  
Қызғанғанмен көңілде ештеңе жоқ,  
қыздарға тек қараймыз қыз болғасын.

Жаным, мені несіне қызғанасың,  
Қызғанасың,  
несіне сызданасың.  
Қызғанғаның дұрыс-ау,  
тек өйтеуір,  
маған деген жүрегің мұздамасын.

Жаным, мені несіне айыптайсың,  
Айыптаудан қалайша жалықпайсың.  
Толқыны жоқ тып-тыныш көл бетінде,  
Қалтылдаған иесіз қайықтайсың.

Жаным, маған несіне өкпелісің,  
Күдіктенер, жоқ, әлде, көп пе кісің?  
Маған сенбеу керек пе  
Біреулердің  
бірдеңені бүддіріп кеткені үшін.

Жаным, мені несіне кінәлайсың,  
Кінәлайсың,  
қу сөзді қуалайсың.  
Қинағанша себепсіз,  
неге ғана  
сол күдікті кісіңнен сұрамайсың.

Туғызасың несіне сенімсіздік,  
Сенімсіздік деген сөз — көңілсіздік.  
Білесің бе,  
сенімнің арқасында  
қызғылықты қаншама өмір сүрдік.

Кетсін мүлдем миыңнан күдік деген,  
күдік пенен қуаныш бірікпеген.  
Жейсің неге жанымды бостан-босқа,  
біреуді айтып құрыққа ілікпеген.





Қызғаныш та,  
көңілдің құрты да бір,  
әкелетін пәле ғой жұртыңа кір.  
Қызғанышты кім екен ойлап тапқан,  
кім болды екен сол жаны шырқырағыр.

Бізге қазір, жаным-ау, бәрі лайық,  
Тек қызғаныш дегеннен арылайық.  
Қызғаныштың жолында күйзелгенше,  
Қуанайық,  
күлейік,  
сағынайық.

Ренжісіп, ретсіз күшенбейік,  
Қызғанышты осылай кісендейік.  
Қызғанышы құрысын,  
одан дағы  
қызғанышпен ауыратын кісі емдейік.

Жау келмейді ешқашан бізге алыстан,  
барлық пәле болады қызғаныштан.  
Қызғаныштан кей жігіт пыпақтасып,  
қызғаныштан кей сұлу құздан ұшқан.

Байқадың ба,  
бәленің басы қайда!  
Болып жатқан сұмдық көп осы райда.  
Көңіліңнен күдікті қуар болсаң  
қызғанышы құрғырады қосып айда.

Қызғанышты қояйық, түсіндің бе?  
Жүр ғой ұшып үнемі құсың бірге.  
Үйренесің...  
Қойсайшы сездірмей-ақ,  
От боп жанып тұрса да ішің мүлде.

Түсіндің бе,  
жаным-ау, келістік пе?  
Қызғанышқа қояйық тегіс нүкте.  
Қызғаныштан басқа да қиындық көп,  
талықсыған осынау кеңістікте.



\* \* \*

Бұл жүрек не болады бара-бара,  
сыймайды қалаға да, далаға да.  
Дүрсілдеп шыға келді, міне, тағы,  
бүлкілдеп жатыр еді жаңа ғана.

Кей-кейде аяған боп қараса да,  
жүрекке ем бола ма бала-шаға.  
Жанымның жүдегенін біле тұрып,  
қайтесің, түсе алмаса арашаға.

Әйтеуір күле алмайсың қабақ ашып,  
кеткендей күндіз бен түн араласып.  
Беталды безіп кеткім келер кейде,  
өзімді өзім үйден ала қашып.

Шынжырлап қойған өмір босата ма?..  
көңілде күнгірт тірлік – масахана.  
Жетпейтін әншейінде үнемдесең,  
уақыт та өтпей қояр қасақана.

Шарпадым көзден емес, сөзден қашып,  
шіркін-ай, жүрсем деуші ем кеудемді ашып.  
Қашамын қуыстарға туыстан да  
сияқты сүйгенінен безген ғашық.

Қайтеміз сөзбен жанды ұшындырып,  
жүргейсің не болса да ішің біліп.  
Өлгенше жүректегі бар сырымды,  
кетермін жырларыммен түсіндіріп.

## НАУРЫЗЫМ

Ақ боз үйді ұлпідеткен,  
Боз даланы бүлкідеткен.  
Қуанышты күлкің – көктем,  
Әсем едің, шіркін, неткен,  
Наурызым!



Құлпырады сәнді бақтар,  
Жұлқынады арғымақтар,  
Сылақыдайды бал бұлақтар,  
Мерекемсің мәңгі мақтар,  
Наурызым!

Жарқыраттың шығыс Күнін,  
Бар адамдар туыс бүгін.  
Тілеп елдің тыныштығын,  
Жүректерде жүр ұшқының,  
Наурызым!

Аңсап жүрсең осы күнді,  
Ашып таста есігіңді.  
Болайықшы кешпірімді,  
Ән тербетсін бесігіңді.  
Наурызым!

Бүкіл әлем қалғығандай,  
Ұшты көкке ән қырандай,  
Наурызкөже дәмді балдай,  
Сенің көшің сәнді қандай,  
Наурызым!

Аталардың – Қара нардың,  
Ақ жаулықты аналардың,  
Бас иетін саған әр күн,  
Қасиетін ала барғын,  
Наурызым!

Ғашықтардың түр-түсінде,  
Сәбилердің күлкісінде.  
Ел үшін де, жұрт үшін де,  
Қара Жерге кір түсірме,  
Наурызым!

## ШАРАП ШАПАҒАТЫ

Шаршап тұрмын.,  
ақыл сұрап қинама.  
Шарабыңнан құй, көнеки,  
құй, бала!



Бұған дейін сыйлап жүрсең,,  
құба - құп,  
Бұдан кейін сыйламасаң,  
сыйлама.

Оңды ойлар жетпей жатыр миға әлі,  
Жөнді жырлар жүрмей жатып қирады.  
Қабағыңнан сездірмеші салқындық,  
Шарабыңнан құй, інішек,  
құй, көні!

Бұл шараптан безе алмаймын без десе,  
Көңіл - күйім ішкен кезде өзгеше.  
Ішті неге небір жайсаң, жақсылар,  
Бал шараптың қасиетін сезбесе.

Түсінбейтін бұл қызыққа қараңдар,  
Адаммын ғой ақылым бар, санам бар.  
Түспейтіндер іпсе түсіп қалады,  
Ішпейтіндер – аурулар мен арамдар.

Жомарт жандар жаппайды әсте есігін,  
Шарпасаң да жасайды олар кешірім.  
Шарап ішіп шалқығанның несі айып,  
Көңіліңді көтергеннің несі мін?

Шарап ішкен Батыс,  
Шығыс,  
Түстікте,  
Ішкеннен соң ішу керек,,  
Іштік те...  
Қажеті не босқа былғап ауызды,  
Толтырып құй...  
Құя ма екен өстіп те?!

Көңіл құрғыр ішпей кетсең бұлыңғыр,  
(Көрінгенге айта бермес сырым бұл).  
Бал шараптан балқиын деп шығып ем,  
Шалқиын деп шығып едім бүгін бір.

Қуу үшін бойыңдағы дертіңді,  
Басу үшін ішіңдегі өртіңді,  
Қызу керек,  
қызу керек кей-кейде,  
Арагідік бұзу керек сертіңді.



Төзіміңді,  
сезіміңді пәршалап,  
Дұшпан – ойлар тұрған кезде қоршап ал.  
Сонда сенің сеніміңді суарып,  
Сонда саған ара түсер бал шарап.

Ашылғанда кейде көңіл сарайың,  
Қалай ғана ұмытасың, ағайын:  
Сеніміңді сайлап берген досыңды,  
Қажығанда қайрат берген досыңды,  
Күдігіңді байлап берген досыңды,  
Қайратыңды қайрап берген досыңды,  
Шабылмасты шабылдырған досыңды,  
Сағынбасты сағындырған досыңды,  
Табынбасты табындырған досыңды,  
Бағынбасты бағындырған досыңды,  
Кез келгенмен құрдас қылған досыңды,  
Көз көргенді сырлас қылған досыңды,  
Алысыңды жақын қылған досыңды,  
Танысыңды ақын қылған досыңды,  
Жауыңды да бауыр қылған досыңды,  
Сырқатыңнан тәуір қылған досыңды,  
Отбасыңды жауыр қылған досыңды  
Қалай ғана ұмытасың, АҒАЙЫП!

## ПАТШАЛАР

Асықпасаң тарқатам деп шеріңді,  
есігіңмен теңестірді төріңді  
«Ақылдылар артық» деді бір патша,  
бір патшаға адам артық көрінді.

Теңестірді теңізің мен көліңді,  
теңестірді ошағың мен көріңді  
«Наның артық екен» деді бір патша,  
бір патшаға малың артық көрінді.

Төңкеріс те жасамай-ақ қан аққан,  
патша келді үміт үзген тарақтан.  
Осы патша есін алды халықтың,  
осы патша өшін алды арақтан.



Алғашқыда (аңғалдық қой) құптадық,  
Сол патшалар патша болмай шықты анық.  
Арқамызға мықтап тұрып байлады,  
иығымыздан жылжып кеткен жүкті алып.

Халық болдық қуанбайтын, күлмейтін,  
халық болдық жүрер жолын білмейтін.  
Жаңдайшаптар, жағымпаздар қаптады,  
патшалардың қолтығынан үрлейтін.

Ешқашан да іздемейтін тарақты,  
екі патша... Екі түрлі таң атты.  
Біріншісі буып-түйді халықты,  
Ал, соңғысы қиып-қиып таратты.

Осылайша іріп кетті ел деген,  
Сұмдықтарды көріп жүрміз көрмеген.  
Қиындық боп біз аңсаған еркіндік,  
Жұтқыншаққа тұрып қалды көлденең.

Қымбатшылық. Талай қазан бос қалды,  
Ойыншық еттік талай ойлы бастарды.  
Асқарларға күліп шығу орнына,  
Өзгеше бір іріп-шіру басталды.

Әрбір патша әр қырынан ойланды,  
Мағынасыз талай тойлар тойланды.  
Таланттар табалдырық жағалап,  
Алаяқтар заманына айналды.

Бір өшіріп, бір қосқандай жарықты,  
Патша ауысты. Халық жүдеп, тарықты.  
Аямауға, айыптауға бола ма,  
Сенімінен жұрдай болған халықты.

## АУРУХАНАДАН ХАТ

Күні жетпей тартылған теңіздер көп,  
Өшкен ізді жалғайды тірі іздер көп.  
Алаңдайсың өмірдің өткеніне  
қарайлайсың артымнан кім іздер деп.



Қуаныштан, қызықтан қашықтадық,  
тығыласың қай жаққа қашып барып.  
Жерге түсіп жапырақ жаймай жатып,  
көрге түсіп жатырмыз сасып барып.

Түсінбейтін қазақ көп қала сырын,  
мен де сондай даланың баласымын.  
Ғашықтығын құртты ғой қуаң тірлік,  
қала менен даланың арасының.

Дүние сап-сау жүргенде жарық екен,  
Сырқаттанса бала да – кәріге тең.  
Қаныңдағы қызуың қағынғанда,  
жаныңдағы жатқанның бәрі бөтен.

Жүдеу тірлік сырқаттан арылған ба,  
Қаның тасып, жүрегің қағынғанда,  
сәл сырқатың сан есе ұлғаяды,  
сонау сол бір сау кезді сағынғанда.

... Ей, сырқатым, асықпа, байқа көкем,  
шаттығымды өлгенше шайқап өтем.  
Табиғаттан жаралған тіршілік ем,  
табиғатқа айналып қайта кетем.

Ей, сырқатым, сен мені асықтырма,  
Кете алмаспын мен сенен қашып қырға.  
Қалдыра алсаң қалдыршы мәңгілікке,  
мынау ғажап тірлікке ғашық қыл да.

\* \* \*

Тағдыр талай сүріңдірді, құлатты  
Орным жоқтай тиянақты, тұрақты  
Небір қиын сұрақтарды шешсем де,  
Шеше алмаймын кейде оп-оңай сұрақты.

Бір суық жел соғады ылағи іргеден,  
Жол іздеймін кейде ешкім жүрмеген.  
Көңілім кейде асып-тасып жүрсе де,  
Жүрем кейде шыққан жандай түрмеден.



Бір батпан жүк түспейді ылғи желкеден,  
Сайланып-ақ шығам кейде ертемен.  
Өз ісіме өзім кейде шаттанып,  
Өз ісімнен өзім кейде жиіркенем.

Жан-жағымнан тұрғандайын тас борап,  
Көңілімді күдік жейді ашқарақ.  
Ауыр-ауыр түстер көрем түнімен,  
Жауыр болған ойларымды жастап ап.

Үміт ұшып кетпеген соң кеудеден,  
Бақытымды көрсем деймін көрмеген.  
Уақытымды азық қылаам амалсыз,  
Таң атса екен,  
Күн шықса екен деуменен.

## МЕНДЕГІ СЫР

Өзімнен өзім сыр таптым,  
Өле алмай жүрген сырқатпын.  
Шіріген картоп сияқты,  
Бұрышында қалған бір қаптың.

Өзімнен өзім тістенем,  
Шарабым да түр ішпеген.  
Ұйықтайын десем қорқамын,  
Көрмейтін сұмдық түс көрем.

Асықпа, жаным, асықпа,  
Кетерміз келмес қашыққа.  
Бұйырар жерден бір бұрыш,  
Өлеңді сүйген ғашыққа.

Өлеңім, саған айтарым,  
Келмейді ертең қайта күн.  
Сен үшін туар жақсы күн,  
Мен үшін тумас, байқадым.

Бітпеген іс көп басымда,  
Азайып қалды досым да.





Өкпем жоқ бала-шағама  
Өкпем көп мынау ғасырға.

Туыс та, тірлік... бар бәрі,  
Адамның бітпес арманы.  
Өкініп өтіп өмірден,  
Өкінбей жатсам болғаны...

## АҒАЙЫН

Сен маған сенбейсің бе, сенесің бе?  
Шақырсам келмейсің бе, келесің бе?  
Өшпейтін өнім қалсын, жырым қалсын,  
Дүние-ай, «Қарауылдың» төбесінде.

Жол алыс, халық бөтен көрмегенге,  
бауырым езіледі Ел дегенде.  
Сусыным ешқашан да қанар емес,  
Дүние-ай, «Тасқұдықсыз» шөлдегенде.

Қиялым қырға да ұшты, ойға да ұшты,  
бітірем өзім бастап қойған істі...  
Тірлігім, шынымды айтсам, туған жер мен,  
Дүние-ай, ағайынға байланысты.

Сүйемін туған жердің әр тасын да,  
осында алғаш сүйген қалқашым да.  
Келемін бүгілмей де, сүрінбей де,  
Дүние-ай, ағайынның арқасында.

Бәрі дос, бәрі бауыр маңайымның,  
іші кең мынау көңіл сарайымның.  
Жоқ екен ешқандай да айырмасы,  
Дүние-ай, туған Жер мен Ағайынның?

\* \* \*

Ойымдағы барымды  
айтатұғын жоқ шама  
Ауыратын дәрімді  
сатып ішем ақшаға.



Орынымнан шақ тұрып,  
бас айналып құладым.  
Жүрегімді лақтырып  
жібергім кеп тұрады.  
Дірідетіп денені,  
қан қысымым қысқанда:  
өле салғым келеді,  
таба болмай дұшпанға.

Жылуы жоқ төсектің,  
төңбекшідім түнімен.  
Ілінбейтін өсектің  
ілегіне ілінем.

Шуға толып құлағым,  
бас орнына мұз қатып,  
бір дем қысып тұрады,  
жүрегімді мұздатып.

Өзімді өзім сүйеумен,  
жанымды жеп, түтедім.  
Жаны ашитын біреуден,  
бір рақым күтемін.

\* \* \*

Әңгіме айтқан сияқтанып кереңге,  
Жылдар келді, қонақ сынды күтпеген.  
Бір ісімді бітірдім-ау дегенде,  
Тағы бір іс шыға келер бітпеген.

Батпан ойлар тартады кеп тереңге,  
Күндер өтті. Ештеңе жоқ жаңарған.  
Бір асудан енді астым-ау дегенде,  
Бір асуың шыға келер тағы алдан.

Болар кінә сенен және менен де,  
Қажет кезде болмаған соң жылылық.  
Бір туыспен табыстым-ау дегенде,  
Бір туысың кете барар бұрылып.

Ойыңа бір оралмайды өлең де,  
Отыратын кездеріңде ән бастап.



Бір сырқаттан құтылдым-ау дегенде,  
Бір сырқат кеп жабысады жамбасқа ап.

Көңіліңді қалдыратын шерменде,  
Сұм өмірдің тойымсыздау құлқыны-ай...  
... Бір қуаныш енді біте бергенде,  
Бір қуаныш шыға келсе, шіркін-ай!

## КӨҢІЛ-КҮЙ

Ақын болып тудым екен неге мен...  
мен туғалы күркіреді күн неше...  
Еріп кете берер ем,  
бір досым кеп «жүр» десе.

Өз жүрегім бағынбайды өзіме,  
Пешенеме болды ма екен лайық.  
Жақынның да қарамаймын көзіне,  
жасағандай бір айып.

Жүгенсіз күн жетектейді еркімді,  
жиі-жиі оралады осы күн.  
Жылы сөздер болғанымен ерітінді,  
таба алмайды жүрегімнің тесігін.

Мақсаттарым шаршаса,  
тұншықтырып, басамын.  
Біреулерге жетпей жүрген аңсаса,  
қошеметтен қашамын.

Қарт сөзіне көңілімді бұрсам да,  
«білмейсің, дер, сапарларды біз өткен».  
Айтар ойын түк түсінбей тұрсам да,  
бас изеймін ізетпен.

Бір жылы сөз еститіндей құлағым,  
асығамын жолға аса.  
Кейде үйден мұнтаздай боп шығамын,  
сосынғысы — далбаса!

Жүре берем тістеймін де тілімді,  
мұндай күйді құдай басқа салмасын.



Ешкімге де айта алмаймын мұңымды,  
өзімді өзім ренжітіп алғасын.

Кірін жуса тазаратын секілді,  
өліп-өшіп жуынады келгендер.  
Іште жатыр былғаныштар не түрлі,  
былғанбайтын – өлгендер!

Өткен күнді амалсыздан аңсаймын,  
жүретұғын жол да алыс...  
Кейде тіпті өз өзімнен шаршаймын,  
өзіме өзім тигізе алмай қолғабыс.

Қолпаштаулар бола берсін талай күн,  
жаза алмайды ол көңілімнің қыртысын.  
Көрінгеннің көңіліне қараймын,  
өмір сүріп жүрген жандай жұрт үшін.

Қиындықтың қатқан нанын жеп өстім,  
жүрегімді жаралап.  
Өзім сондай қомағай да емеспін,  
азғантай да – қанағат.

Ойға батам таңертең де, кешке де,  
біреулерге дей алмаймын дегім кеп.  
Жүре берем болмағандай ештеңе,  
көңілімнің жыртықтарын желімдеп.

Кейде тіпті өзгеруге бекінем,  
Өзгермейді түр-түсім.  
Құдай не ғып бермеген деп өкінем,  
ойсыздардың күлкісін.

Жүрегімді жатса дағы тілімдеп,  
ешкімнің де лақтырмаймын есігін.  
Болса егер көретұғын күнім көп,  
қайталана бермесе екен, осы күн!

## СӨЗ ҚАДІРІ

Семсерсіз сөзімізбен  
жүреміз майдан ашып.



Өзіміз өзімізден  
барамыз қайда қашып.

Қисайсаң төсегіңе,  
көңілде уайым тұрар.  
Біреудің өсегіне,  
құлағың дайын тұрар.

Қайнайды зығырданың,  
өкпенің күйесі көп.  
Келеді сыбырлағың  
тыңдайтын иесі жоқ.

Көзіңді бақырайтып,  
сөзбен-ақ жылатты ма?  
Орынсыз ақыл айтып,  
шаршаттық құлақты да.  
Кеудеге сұрақ қонар,  
жаныңды пиырлаған.  
Кінәлі құлақ болар,  
жылы сөз бұйырмаған.

Несі бар алалайтын,  
бар адам туыс саған.  
— Ассалаумағалейкүм!  
— Уағалайкүмассалам!

Дау жоқта дау іздейсің,  
жанжалдың қазығы не?!  
Кінәлі ауыз дейсің,  
Ауыздың жазығы не?!

Қоңырсып шыққан үнің,  
Ұмығтар сана барын.  
Біреудің түп-тамырын,  
ауызбен араладың.

Ұзарар ақ жолымыз,  
ойымыз өрістенсе.  
— Сау-саламат болыңыз!  
— Күн жақсы, көріскенше!



## МІР МЕН КӨҢІЛ

Бөддір - батпаққа айналып ойларым кейде,  
Бөдік сапырып, «қой» десе, қоймадым демде.  
Шаршап келсем де қысыр сөз қоршап тұрады,  
Қаңғыбас сорлы қаңғуға тоймадың дей ме.

Сұрақтар қоршап күн сайын жүдеу пішінде,  
Бетіме қарап азайды күлер кісім де.  
Бала кезімде байқамай жұтқан тийңдай.  
Жұқарған ойлар бір шықпай өлер ішімде.

Жарық дүниені қызық қой десек те кейде,  
Тірлігім ұқсас мәні жоқ өсекке кейде.  
Аунақшуменен атады тағы бір тағым,  
Ұнталған шыны сепкендей төсекке бейне.

Құлазып қалған көңілге сән іздегенде,  
Үмітімді өңсіз өмірден әлі үзбегенде.  
Келер күндердің есепсіз еншісімен-ақ,  
Белшемнен батып қаламын қарызға күнде.

Құралай сезім тұрады құлшырып кейде,  
Жүрегім шығып кетердей бұлқынып бейне.  
Мақсатым ғана мұңайып қайтып оралар,  
Бұзық баладай келетін жыртылып жейде.

Ұзақ боп мүлде кеткендей әр күн ғасырдан,  
Құтылсам деймін тірліктен қарнымды ашырған.  
Басқа соқпақпен кетер ем басқа бағытқа,  
Бастасам қайта өмірдің бәрін басынан.

Қатыгез күннің келетін түрін біліп ем,  
Шырпы сындырып, жақсыға ырым қылып ем.  
Өзіме кейде орнығып, оңалған сынды,  
Салыстырғанда бұл күнім бұрынғы күннен.

Дәмін татамын дәм көрсем пырын ба екен деп,  
Үміттенемін ертеңге үнім жетер деп.  
Жұмбақ ойларым шепілмей сүрлене берер,  
Өзімді өзім түсінбей, тілім бөтен боп.

Тасыма көңіл, себепсіз тасыма дедім,  
Дауысым болса жақсы әнге қосылар едім.



Сақау кісінің сөйлеген сөзі сықылды,  
Құмартып жүрген өмірім осы ма менің!

## ЖҮРЕК

Көңіліңді, жүрегіңді қозғаған,  
Жырларым бар, сырларым бар жазбаған.  
Бір мұң мені ұйықтатпады түнімен,  
Жүрегімде ботадай боп боздаған.

Сол мұң менің жүрегімді басып ап,  
Ұйқым кетті жұлдыздай боп шашырап,  
Бір үмітім кетті алысқа асқақтап,  
Өмір бақи жүретұғын асырап.

Бас айналып, қан қысымым қысқанда,  
Таба болмай өлсем деуші ем дұшпанға.  
Бір жүрегім жолбарыспен жолдас боп,  
Бір жүрегім кетер еріп құстарға.

Сондықтан да екі жүрек бар менде,  
Бірі – шаттық, ал біреуі – шерменде,  
Екі жағын қараңыздар ағайын,  
Менің құйттай жүрегімді көргенде.

## АҚЫННЫҢ ЖҮРЕГІ

Ешкімге болмай қалса керегі,  
Көреді бәрін сорынан.  
Шын ақын бірақ өлсе өледі,  
Қаламы түспей қолынан.

Адам емес ол, әншейін елес,  
Өлең ұқпайтын бос кеуде.  
Ақынға сырқат қорқыныш емес,  
Ажал да оған дос кейде.

Мазалай бермей мезі ғып бекер,  
Ықылас білдір аздаған.



Жырларын жазса жазылып кетер  
Көкірегіндегі маздаған.

Табады әркез өлеңнен емін,  
Ештеңе емес қалғаны.  
Онсыз да жұқа жүйкесін оның,  
Жұқартпасаңыз болғаны.

... Инфаркт әзір күтпеген менің  
дұшпаным еді... кезікті...  
... Мұқағали да мықты өлеңдерін  
Ауруханада жазыпты.

Қызығым қалды көретін қанша,  
Жолдарым қанша мен өткен.  
Ақындар егер өлетін болса,  
Өледі дейді жүректен.

Көретін әлі күн бар екен күнім,  
Талайлар тыншып, жай тапты.  
Сол жүрек әзір тірі екендігін,  
Бар екендігін байқатты.

## ТӨМЕНДЕТПЕ АҚЫНДЫ

Жас та емессің,  
Қарғайып та тұрған жоқсың қалтырап,  
Қалғандайсың биіктерден қорқып-ақ.  
Ақыныңды келді-ау, інім, қатырғың,  
Ең алдында орындығын тартып ал.

Жоқ, бауырым!  
Болсаң егер ақылды,  
Төрден төмен қума әсте ақыңды.  
Өз ойымды бөлейін деп, және де,  
Көрейін деп келіп едім халқымды.

Азаматтың жақсы ісі бағалы,  
Жөңсіз сөз де қайта иесін табады.  
Ақын жыры – жүрегінде халықтың,  
Ақын орны – қай жерде де жоғары.





\* \* \*

Жаным-ау, сенсіз көрген күнім,  
Жүректен өшірер нұрды.  
Жаным-ау, сенсіз терген гүлім,  
Жаураған жапырақ сынды.

Жаным-ау, сенсіз атса таңым,  
Үнсізбін үзілген ішектей.  
Жаным-ау, сенсіз салған әнім,  
Жатады жүрекке жетпей.

Жаным-ау, сенсіз өткен күнім,  
Жұлдыздай жабырқап тұрған.  
Жаным-ау, сенсіз өмір бүгін,  
Ажырап қалғандай нұрдан.

Жаным-ау, сенсіз бәрі елес,  
Түсемін мұңайған күйге.  
Жаным-ау, сенсіз көркем емес,  
Осынау жап-жарық дүние.

Жаным-ау, сенсіз көңіл түнек,  
Кеудемді бөлемес сазға,  
Жанмы-ау, сенсіз жанбас жүрек,  
Шөлдеймін өзіңдей назға.

Жаным-ау, сенсіз көңіл алаң,  
Серпілем өзіңмен ғана.  
Әйтеуір, жаным, сен де маған,  
Махаббат көзімен қара.

## ЕЛЕС-БЕЙНЕ

Өмірде барың анық па сенің,  
Сапырылысады көп бейне.  
Бойымен жүрем жарық көшенің,  
Сені көрем бе деп кейде.

Үміттенуден тойғанда арман,  
Қалатын жаным мұздап-ақ.



Сауық кештер мен тойларға барғам,  
Жүрегім талып, жүз қарап.

Тұрғандай болып табалап бейне,  
Сықылықтайсың іргемде.  
Ырқыңа мені орап ап кейде,  
Жұлып шығасың үйден де.

Көрінбей қойдың көп елес болып,  
Аңсатсаң дағы жалықпай.  
Ысылған жандай төбелес көріп,  
Іздеуге шығам қорықпай.

Кім білсін, қатар тұрдың ба екен,  
Жылу шығармай, бетен боп.  
Түннің де кейде қойнынан күтем,  
Жарқ ете қалар ма екен деп.

Ғашық боп мен де сағына аламын,  
Жоқ болсаң дағы жалт етіп.  
Сыйдырып әсем шағыңа бәрін,  
Жүрсің бе бәрін тәнті етіп.

Атыңды айтпай қарадым көкем,  
Мінбелерге де шығып ап.  
Кім білсін, мені сынадың ба екен,  
Тасалау жерде тұрып ап.

Десем де кейде жоқ екен бағым,  
Өртеңді қанша өзегім.  
Шын іздегенім, сен екен, жаным,  
Жолықпасыңды сеземін.

## МАХАББАТ СЫРЫ

Жаратқан соң мені Алла бәрікті етіп,  
Мазалаймын күн сайын келіп-кетіп.  
Амалсыздан жанарды жылытасың,  
Көңілімді жібердің көрікті етіп.

Саған ғана тұрады иілігім кеп,  
Тұрғандайсың бақшада бүгін гүлдеп.



Жар салайын осынау дүниеге,  
Сұлулықтың алдында жеңілдім деп.

Айналайын, аяулым, күлкің балдай,  
Түсінгенге түспейтін нарқың бардай.  
Күз дегенің – күз емес, көктем сынды,  
Көз алдымда қыз емес, ән тұрғандай.

Тамсандырар тіршілік осы ма екен,  
Қонақтаған қуаныш төсіңе кең.  
Сені іздеген жүрегім отқа жанбас,  
Теңізді де сен үшін кешіп өтем.

Енді менің Шолпаным, Айым да сен,  
Құлазымын күн сайын көрінбесең.  
Жеткізбейтін сағым, не елес болсаң,  
Сені қуа беруге ерінбес ем!

## СЕН ТҰРАТЫН КӨШЕ

Сен тұратын көше қымбат маған.  
Жүрісіңнен әсем ырғақ табам.  
Жанарыммен сипап сәлемдесіп,  
Қолымды үнсіз іштей бұлағап қалам.

Сен тұратын көше сұлу маған,  
Жанарыңнан неше сыр ұрлағам.  
Жүзің жанып тұр ғой жүрегімде,  
Жымиып бір маған бұрылмаған.

Сен тұратын көше бөлек маған,  
Сені көріп қана тағат табам.  
Туған Айға тағзым еткендей-ақ,  
Тағзым етіп саған қарап қалам.

\*\*\*

Жүрегіме атыңды шегеледім,  
Сен сұрасаң жанымды берер едім.



Ұстасам да, сүйе алмай қиналамын,  
Ар жағында тұрғандай керегенің.

Сені іздеймін көзімді ашамын да,  
Елестейсің тұрғандай қарсы алдымда.  
Отқа түскен көбелек сияқтанып,  
Жанып кетіп жүрмейін құшағыңда.

Аққуым да өзіңсің, елігім де,  
Көргім келіп тұрады сені күнде.  
Алақанға түскен қар сияқтанып,  
Еріп кетіп жүрмейін ерініңде.

\* \* \*

Ұйқым қашты сені ойлап...  
үш күн болды,  
Саған қарай құс болып ұшқым келді.  
Дәл өзіңді сүйгендей бұл жалғанда,  
Сүйе алмайтын шығармын ешкімді енді.

Маған сенің әр сөзің ән сияқты,  
Жүрегіме сәуле боп тамшылап тұр.  
Бұл жалғанда ешкім де есі кетіп,  
Ғапшық болмаған шығар мен сияқты.

Көргенімнің айналды бәрі елеске,  
Сені ойлаймын ертеден қара кешке,  
Ұйықтап жүрген екенмін бұған дейін,  
Ұйқымнан да оятқан сен емес пе...

\* \* \*

Жаным тұрған сияқты көзіңде күн,  
Сезімімді ояттың сезілмейтін.  
Қалай ғана сен жоқта жүрдім екен,  
Қазір менің сен жоқта есіл - дертім.

Сен екенсің іздеген бір ақ құсым,  
Көңілім де өзіңе құлапты шын.  
Алақанға жүретін салып қана,  
Балаланы аққудың сияқтысың.



Қарағаның ғажап-ау, күлімсіреп,  
Дауысыңнан айналдым сенің жібек.  
Тасып толған кезім жоқ саған дейін,  
Ғашық болған екенмін бірінші рет.

## ЖҮРЕК СЫРЫ

Жапырақтар күзгі бақта,  
Сарғаяды, мұңайып.  
Өшіп қалмай біз бірақ та,  
Жүректерде тұрайық.

Көңіліңде ән жүреді,  
Қуанғанда, күлгенде.  
Жақсы шығар, кім біледі,  
Жүректерде жүргенде.

Сол бір күзгі сәнді бақта,  
Қалды қанша қимас күн.  
Ешбір жаңды мен бірақ та,  
Оған теңей алмаспын.

Атар таңнан тіледім мен,  
Өшпесін деп сол шуақ.  
Жүреді ылағи жүрегімнен  
Бір сағынып тамшылап.

Көкіректе құлыптаған,  
Құпияңды ашарда,  
Жүректегі сүйікті адам,  
Биік тұрар қашанда.

## ЕЛДЕН ХАТ

«Халің қалай,  
үй іштерің аман ба?  
Апам қалай,  
ауру-сырқау жоқ па әзір?»



Не жаңалық болып жатыр қалаңда?  
Біздің жақта тұмау деген көп қазір.

Бізде бәрі бұрынғыша,  
жұмыс та,  
сол бұрынғы ескі көлік тақымда.  
Аман барлық ағайын да, туыс та,  
орталықтан жаңа үй алдық жақында.

Қысқа қарсы жақсы болды қайта бұл,  
болған да жоқ үйіміздің тойы әлі.  
Болат досың көрген сайын әйтеуір  
сені сұрап,  
сәлем айт деп қояды.

Аңды қойдық,  
қазір оның кезі өткен,  
түк таппайсың іздесең де екі күн.  
Ойда жоқта жақында бір газеттен  
ауыл жайлы өлеңіңді оқыдым.

Мұқаш былтыр бармай қалған оқуға,  
өкінеді,  
деп бір жылым тек кетті.  
Сосын тағы, біздің жаққа жақында  
сендердің бір ақындарың кеп кетті.

Ертең ерте Қостам жаққа барамын,  
білетін бе ең,  
біраз жер ғой арасы.  
Иә, айтпақшы, әлгі ұзын ағаның  
Армиядан оралыпты баласы.

Биылғы қыс қаттылау боп ұрынды,  
Отын-су да байлап қойды қолымды.  
Бел ауруым қайта шықты бұрынғы,  
мүмкін болса салып жібер тоныңды.

Қар қалың ба,  
жылдағыдан қыс қалай?  
Бастыңдар ма тау жақтағы топаңды?  
Егер елге қайтам десе  
ұстамай,  
бізге звондап қайтарарсың апамды.



Барсам деп ем,  
бастың бермей келісім,  
жүр ғой шаруа мойнымды бұрғызбай.  
Балалардың бетінен сүй мен үшін,  
көріскенше сау бол! — ағаң, Қырғызбай».

## БІЗДІҢ КӨШЕДЕГІ ҚЫЗ

Атын,  
жөнін,  
Сұрамадым,  
білмедім.  
Көрдім бірақ,  
мұңайғанын,  
күлгенін.  
Джинсі киіп,  
қалтасыңда қос қолы,  
Бейтаныс қыз,  
қыз болатын бір керім.

Еркін еді,  
(Еркіндік те күштілік.)  
Қолтығына ала дорба қыстырып,  
Шегелдің бір әуеніне ұқсатып  
жүретұғын жайлап қана ысқырып.  
Ысқыратын,  
ысқырығы жайлы еді,  
Бақытты еді, көкірегі тойлы еді,  
Әп-әдемі жарасатын өзіне  
Көзіндегі сарғыш жиек әйнегі.

Ысқырғаны көңілділік белгісі,  
бұл әдетін ұнатпайтын кей кісі.  
Көбіне-көп өз-өзімен жүретін,  
дүниені шығ айналып ой-құсы.

Әйгілі боп қалған жандай ұрлығы,  
бір тиын боп әннің құны,  
жыр құны,  
тым жүдеулеу, кеңілсіздеу жүрді де,  
ысқырғанын қойып кетті бір күні.



Қойып кетті,  
бітгі ме әні айтатын,  
салмақтылау болып кетті қайта тым.  
Сирек көрем,  
қапан көрсем үйіне  
үнсіз және көңіліздеу қайтатын.  
Мұның бәрі болған жағдай бір қыста,  
ештеңе жоқ, жасамапты еш қылмыс та.  
Сол бойжеткен соңғы кезде бірер күн  
ысқырады да, шығып кетті тұрмысқа.

## ҚАЛАДАҒЫ КЕМПІР

Ескіден көз бірден-бір,  
жалғыздығын..  
Сұрама!  
Қырық үйде – бір кемпір,  
қырық үйде – бір ана.

Баласы бар елде де,  
ағайыны,  
бар бәрі.  
Қырық үйлі көрмеде  
жалғыз кемпір –  
болғаны.

Көршіге көп бармайды,  
отырмайды кірсе де.  
Екі шеге алмайды,  
сұрай келсе бір шеге.

Солай әлде үйреткен  
келіні мен баласы.  
Қаладағы күйге,  
әттең,  
жетпей-ақ жүр санасы.

Қолы ешқашан тимейді,  
Иірмейді ұршық та.  
Немересін сүйрейді  
бақша жаққа күн шықпай.





«Көп жаса» деп күледі,  
сәлем берсең тани кеп.  
Іздеуменен жүреді  
үнді шайын зар илеп.

Дүкен,  
базар –  
білгені,  
Құрдасы жоқ сырласар.  
Әддילהумен жүргені  
немересін бір жасар.

Құрғаса сүттен еріні,  
шаршап,  
белі талады.  
Ренжітсе келіні,  
елге кетіп қалады.

## ОН ҮШ ӨГІЗ

*Баллада*

### 1

Төрттемін бе,  
Бестемін бе,  
Беймәлім,  
Түсінбейтін кезім анық қайғы өнін.  
Аспан барын,  
Білем және жер барын,  
Күннің барын,  
Білем және Ай барын.  
Бір өн ғой деп ұғатын кез бар әнді,  
Ештеңе де бұзбаған кез санамды.  
Мысығымды,  
Күшігімді,  
Көршімді  
Жақсы білем,..  
Ағам және анамды.  
Онда ол жақта мұхит та жоқ,



Жоқ теңіз,  
Қала да емес,  
Аудан да емес,  
Шеттеміз.  
Жарғы тоғай,  
Жарғы шабыр аулымыз,  
Ағайыннан...  
Жездеміз бен әпкеміз.  
Әкем бар-тын,  
Кісі дейтін көп көрген,  
Бір басынан сан тағдырды өткерген.  
Аңшы дейтін  
Сол аңшы әкем бір күні  
Оралмапты түлкі қуып кеткеннен.  
Ағам онда он екі ме, он үште,  
Балаалығы түспеген кез бөліске.  
Ауылда бар он үш өгіз,  
Күн сайын,  
Ағамменен он үш өгіз өрісте.  
Оқытатын адам болмай желкелеп,  
Не болмаса өсе де алмай еркелеп.  
Ағам менің аздау оқып  
Амалсыз  
Өгіз бағып кеткен екен ертерек.  
Он үш өгіз..  
Шала-шарпы есімде.  
Он үшінде болды он үш есім де,  
Он үш өгіз ағамменен ауылға  
Оралатын намаздыгер, бесінде.  
Он үш өгіз,  
Он үш түрлі есіммен.  
Әлі күнге шықпай қойды есімнен,  
Он үш өгіз,  
Он үштегі ағамның  
Күш-қайратын он үш есе өсірген.  
Он үш өгіз көрген емес семіріп,  
Он үшін де титықтатқан көп ұрып.  
Түске дейін ағам үйде,  
Кететін  
Он екісі алты арбаға жегіліп.  
Бір ауылдың көлігі осы қолда бар,  
Мал демейтін бұдан басқа малды олар,  
Көз алдымда титықтаған өгіздер,



Сексеуілмен шиқылдаған арбалар.  
Желкелері босаған соң жұмыстан  
Батырлардай қайтқан бейне ұрыстан  
Он үш өгіз шайқатылып шығатын  
Ал соңында біздің жалғыз туысқан.

## 2

Жылдар бойы жатты бұл сыр ішімде,  
Кейіндері көріп жүрдім түсімде  
Мүйіздей боп жүретұғын ағамды  
Қараңдаған мүйіздердің ішінде.  
Ойламайын десең-дағы ұшқары,  
Бұл тағдырдың сан түрлі ғой қыспағы.  
Енді ойласам,  
Он үш өгіз ағамның  
Он үш түрлі азабы екен қыстағы.  
Кейде бәрін түсініп ап ерте біз,  
Амалсыздан жұмбақ күйлер шертеміз.  
... Бірде  
Бірде...  
Кешке жақын өрістен  
Қайтпай қалды ағам менен төрт өгіз  
Қайтпай қалды,  
Қас қарайды,  
Түн болды.  
Еш сыбыс жоқ,  
Кім біледі,  
Кім көрді.  
Түнмен бірге қабағына адамның  
Мұң келді.  
Далада аяз,  
Жел соғады ышқынып,  
Анам байғұс жүз отырды,  
Жүз тұрып.  
Жыламсырап тұрды үйдің жылуы,  
Ал далада тұрғандайын қыс күліп.  
Бұндай жағдай бұрын-соңды болмаған,  
Ағам бұрын түнде келмей қалмаған.  
Түн ортасы,  
Сықырады сыртқы есік  
Ұшып тұрдық,



Боп-боз болып келді ағам.  
Кіріп келді үлкен Адам  
Нар Адам,  
Бойы, түрі айнымайтын баладан.  
Қол-аяғы мұз большты,  
Әл біткен,  
Төрт өгіз де аман кепті,  
Бәрі аман.  
... Бұл оқиға қалғаннан соң ескіріп,  
Кейінірек,  
Беріректе естідік.  
Төрт өгізі кіріп кетіп тоғайға  
Шықпай қапты қайтар кезде кешкілік.  
Өгізі жоқ білдей екі арбаның,  
Деген дағы,  
«Одан да үйге бармадым»  
Нү жынысқа қайта келіп сүңгіген  
Ауыл жаққа айдап салып қалғанын.  
Бұл оқиға өтті,  
Кетті,  
Ескірді,  
Таңдандыра қоймас бүгін ешкімді.  
Батылдықтың,  
Адалдықтың не екенін  
Бірақ естіп көре-көре ес кірді.  
Кейде қиял қозғай алмай қанатын  
Кездер болса  
Қажып, қайтып қалатын.  
Көз алдыма оралады бір бала,  
Қалың тоғай,  
Төрт өгіз бен  
Қара түн.  
Аман болса әсем өлең — ерке қыз,  
Әлі талай әңгіме, сыр шертеміз.  
Мына мені таңдандырып,  
Ағамды  
Батылдыққа жетектеген төрт өгіз.  
Сырым — жырым,  
Айтарым да осы еді,  
Мүмкін шындық,  
Мүмкін жырдың өсегі.  
... Басым қатты...  
Түн.



Гитарамен топ бала  
Бастарына көтеріп жүр көшені.

\*\*\*

Болсын елді көретін бет,  
Абыройды лайлама.  
Талантты беретін тек,  
Адам емес,  
Құдай ғана.

\*\*\*

Оңашалау отырайын тартып күй,  
Дәме етпедім сый-сияпат, сарқыттан.  
Маған ешбір қажеті жоқ артық сый,  
Маған ешбір қажеті жоқ артық дәм.

\*\*\*

Мынау өмір  
мына мені  
Шақырады алыс күнге.  
Тыңдамадым бірақ оны,  
Ұйықтап қалдым, дәрі іштім де.

## ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ НЕМЕСЕ ҚОНАЕВТЫҢ КЕЛБЕТІ

Бұрынғыдай бусанбайды дала тым,  
Сияқты бір күрсініп дем алатын.  
...Күркіреткен бүкіл байтақ даланы,  
Желтоқсанның жаңғырығы болатын.

Жауап берші, ей, ақылы мол ақын,  
Елге енді не сыйлайды жаңа күн?



Қонаевты тұғырынан тайдырды,  
Қазағымның қырыққандай ғып қанатын.

Небір түрін көрсек тағы азаптың,  
Басымызға бұйырмады азат күн.  
Ел рухы жылап шықты Ақ үйден,  
Құлап түсті Бас әріпі қазақтың.

Мәскеуліктің не ойлағанын кім білген,  
Қазақ жерін тұмшалады түн бірден.  
Арылмаған сорын ойлап халқының,  
Жалындағы жас кеудеге мұң кірген.

Темір құрсау, мұзды суға бағынбай,  
Қамыс жанды сексеуілдің шоғындай,  
Селдей болып Алатаудан құлаған,  
Алаң жаққа өр толқындар ағылды-ай?!

Алаңға да алып шыққан – сол намыс,  
Жалған әлпеш бола алмады алданыш.  
Ата-баба арманынан қалған із,  
Жас қазаққа сияқтанды қорғаныш.

Тасыған су тірелгендей тоғанға,  
Ширатылып тұрды толқын алаңда.  
Өжеттіктің жатты тісі табанда,  
Өктемдіктің тұрды қолы жағамда.

Намыстарын қару қылған жастарды,  
Жалдамалы жеңдеттер кеп бас салды.  
От-найзағай осқылады аспаңда,  
Періште мен сайтан сайыс басталды.

Арыстанға қарсы атылған қасқырдай,  
Тас тоғанға басын соққан тосқындай,  
Қайсар намыс кезіп кетті алаңды,  
Жалған достар безіп кетті қашқындай.

Жүруші едік бір топырақта өскен деп,  
Басымызды қиындықта қосқан деп.  
Досымыз деп жүрген көк көз ағайын,  
Бір-ақ күнде шыға келді дұшпан боп.

Кеше ғана тұрған көзі күлімдеп,  
Ежірейіп шыға келді бүтін кеп.



Білегімді кетті бірі сыңдарып,  
Жүрегімді кетті бірі тілімдеп.

Албастылар адам сыйлап көрмеген,  
Жолымызға жатып алды көлденең.  
Қыршындардың қанын ішіп пәл басты,  
Бейшаралар зұлымдыққа шөлдеген.

Ер деп емес, бізді тұл деп ойлаған,  
Ел деп емес, бізді құл деп ойлаған,  
Қызылдардың құйыршығын талай жыл  
Асырапшыз, жуыңдыға тоймаған.

Көгеріпсіз, солар үшін көктелсіз,  
Ап болсақ та солар жесін деп кешпіз.  
Сор топыраққа айналдырған далама,  
Енді қандай нәрлі дақыл екпепсіз.

Сорды біздің қанымызды сорғандай,  
Арманымыз қалды талай жалғанбай,  
Жүр екенбіз төсегі жоқ жетімдей,  
Ел екенбіз есебі жоқ сормаңдай.

Біреу ойлар мықтылық деп билікті,  
Біреу ойлар мықтылық деп байлықты.  
Әлгі көкжал жұтсам деп ед бізді де,  
Өзінен де мықтылардан қаймықты.

Бірақ бұдан ел еңсесі түспеді,  
Залыраны шықты қайта іштегі.  
Байқалды енді, талай жылдар тапталған,  
Халқымыздың рухының өскені.

Бірі өсіп, бірі өшті алаңда,  
Сабақ болды ол маған, саған, оған да.  
Ел көсемін төмендетем дегенмен,  
Оның даңқы асқақтады одан да.

Қазақ деген халықпыз ғой жанкешті,  
Қайсар халық табан таймас жерде өсті.  
Бізге нүкте қоя алмайды ешқашан,  
Жоя алмайды рухы бар елді ешкім.

Ел рухын көтеретін көсемі,  
Ел тағдырын көбіне сол шешеді.



Жер бетінде елдер де бар көсемі  
Маңдайының соры болған бес елі.

Қанша көсем келіп, кетіп жатқанмен,  
Халық қалар сабақтасып өткенмен.  
Көсемдер бар аямайтын өз халқын,  
Халық та бар көсемдерін жек көрген.

Димекен де көсем болды осы елде,  
Бостандыққа жеткізбеді десең де,  
Құрсау жолдан шыға алмады, ол өттең,  
Қол-аяғы болды, бұғау кісенде.

Біреу ырза, біреу бәлкім өкпелі,  
Ол бір қиын кезең еді өтпелі.  
Өле-өлгенше сүйіп өтті ол өз халқын,  
Жүрегiнiң түкпірінде жатты елі.

Абыроймен жиған барлық беделін,  
Қадірлеген, қастерлеген ұлы Елін.  
Данышпаны-көсемі бар ел едік,  
Данышпанның жараладық жүрегін.

Арыстандай аласұрған тордағы,  
Орындаған сияқтанып арманы.  
Тақта емес, отта отырсын, ол мейлі,  
Өз елінің бола білді қорғаны.

Бостандыққа жаңа жайған өркенің,  
Уайымдады ол өз халқының ертеңін.  
Туған елдің тыныштығын тіледі ол,  
Амандығын тілеп жүрді халқы оның.

Көргісі кеп халқының шын күлкісін,  
Жағымпаздың жыртысқан жоқ жыртысын.  
Халқы оны жүрегіне жерледі,  
Бұл жалғанда өмір сүрді ол халқы үшін.

Арагідік артық айтып, кем сөйлеп,  
Қарттар да жоқ отыратын кемсеңдеп.  
Алаңдаумен, армандаумен кетті ол,  
Туған елдің жарқын күнін көрсем деп.





## ЖАҒЫМПАЗДАР ЖАРЫСЫ

Данышпанның атын алып,  
Жалған тұлға отыр өні,  
Бізде бәрін сатып алып,  
Бізде бәрі сатылады.

Бұзылды әбден бірлігіміз,  
Құзыраылар батыр әлі.  
Біздің қазір тірлігіміз,  
Сату менен сатып алу.

Алғаннан көп бергеніміз,  
Ойдағысын отыр алып,  
Біздің кәсіпкерлеріміз,  
Сатады тек, сатып алып.

Адалдығың алыс әлі,  
Шырылдайды сағынышың.  
Жағымпаздар жарысады,  
Ел басына жағу үшін.

Біреулердің ақымағы,  
Депутат боп отыр өні.  
Депутаттық орындар да,  
Бізде түгел сатылады.

Шығармайды бүтін дара,  
Жүрегiнiң оты барды.  
Чемпиондық тұғырды да,  
Алдын ала сатып алды.

Осы шығар оқығаны,  
Осы шығар тоқығаны.  
Ақ үйiң де сатылады,  
Сөбиiң де сатылады.

Біз үлгіміз көршілерге,  
Атақ алар жатып алып.  
Шетел барған әншілер де,  
Жүр атағын сатып алып.

Тайса алмаймыз атап бәрін,  
Шенеунік жоқ құлақ қояр.



Көбейтпесек атақтарын,  
Елбасынан ұят болар.

Сатылады награда,  
Атақтар да сатылады.  
Олар заңға бағына ма,  
Тоғышарлар отыр әлі.

Орындықтар сатылады,  
Жер қалмады сатылмаған.  
Ақымақтау аты бары,  
Ақыл айтып отыр маған.  
Заман қалай арайланар,  
Өз бағытын таппаған соң.  
Ел байлығын аяй ма олар,  
Қалтасынан шықпаған соң.

Адалдығың алыс әлі,  
Шенеуніктің бөрі мүсін,  
Жағымпаздар жарысады,  
Елбасына жағу үшін.

## ТІРШІЛІК ПЕН ТЫНЫШТЫҚ

Бір ғұмырың — бір ұшқын,  
дүние қандай көрікті!  
Аймалайды күміс күн  
жаңа туған елікті.

Қылатияды бір шыбық,  
бір шыбықты туыс қып.  
Неткен сұлу тіршілік,  
неткен ғажап тыныштық!

Қарайды бір тентек қыз  
қадамына әр басқан.  
Жылтылдайды ертең — күз,  
бұлтқа бөгіп қалды аспан.

Ешкімге сыр ашпайсың,  
бір тәттіге тиді ерін...



Ұялғаннан баспайсың  
құмырсқаның илеуін.

Жерде күн мен көлеңке,  
сәл күрсініп өтгі қыс.  
Қуалайды жел-ерке,  
селк еткізер жоқ дыбыс.

Мөлдірейді кеудеңде  
махаббаттың аспаны.  
Ұмытасың сен демде  
сағыныптан басқаны.

Көлбеңдейді көмескі ой..  
Тына қалды жел демде.  
Бұл — сурет емес қой,  
бұл — сұлулық сенгенге.

## ДИҚАН ДОСҚА ХАТ

Қалай, достым, ауа райы ауылдың?  
Басталды ма тағы шайқас егінмен?  
Түсінемін.  
Қазір нағыз ауыр күн.  
Түсінемін хал-жайыңды сенің мен.

Достым, қазір сендерде ғой бар қызық,  
Теңіз — егін!  
Теңіз — дала!  
Теңіз — көк!

Көк егіннің толқынымен ән жүзіп  
барып жатқан болар бәрі сені іздеп.

Қазір барлық эфирдегі толқындар  
сендер жайлы,  
құлақ оған қанық қой.  
Дән керуені үзілмесін  
тартыңдар,  
жасарсыңдар содан кейін барып той.

Егін жайлы әңгіме көп бұл күнде,  
нағыз өмір қалай болмақ..,  
білесің.



Тәулігіне бір сағат көз ілдің бе,  
жетеді сол,  
тоқтатпа еңбек күресін.

Жылдағыдан биіктеу қыл қырманды.  
Өсер болсаң —  
еңбегіңмен өсе бер.  
Қалдырмауға тиістісің бір дәнді,  
нан көп болып,  
тыныш ұйықтасын десең ел.

Биылғы күз —  
болу керек ырыс күз,  
Биылғы күз —  
жауапты күз!  
Білдің бе?  
Сендер жайлы жыр жазуға тиіспіз,  
ән де,  
күй де.,  
сендер жайлы бұл күнде.

Солай, достым!  
Шыдау керек бұл сынға,  
бейбіт күнгі бұл да Отанның майданы.  
Молшылықтың кілтін ұстап тұрсыңдар,  
батырсыңдар алпыс екі айлаалы.

Тағы айтамын,  
шыдау керек бұл сынға.  
Нағыз,  
нағыз көрінетін кезің бұл.  
Бет алған соң шығу керек  
бір шыңға,  
шыдай алмай кейін қайтсаң.,  
өзің біл.

Күні ертең-ақ дән тауынан тұрар шың,  
тек әзірге уақыт қысқа,  
қол қысқа.  
Мүмкін аздап шаршаған да шығарсың,  
бірақ ертең бөленесің алғысқа.

«Бір түйір дән,  
бір түйірден нәр алғам,



мен о баста, бір түйірден жаралғам,»  
дейтін еді менің ақын бір досым,  
қазір соған жалғанып тұр бар арман.

Нан болмаса — алтының да жай темір,  
нан болмаса — қайда күлкі,  
қайда өлең.  
Арқа-жарқа болып қалам әйтеуір,  
сенің атың келіп жатса бәйгеден.

Солай, достым!  
Түсіндің бе?  
Білдің бе?  
Бұл салмақты ердің иығы көтермек.  
Газеттерге жиі үңілем бұл күнде,  
сенің атың шығып қалар ма екен деп.

Алыстағы шын тілеулес досым ең,  
жүр жанымда саған деген бір алау.  
Шіркін, қазір бүкіл дала төсінен  
нанның исі аңқып тұрған шығар-ау!

Нанның исі!  
Одан қымбат не болмақ!  
Нанның исі!  
Онсыз таңым атар ма!  
Нанның исі! —  
Бір кездегі қанар қап.  
Нанның исі! —  
Бір кездегі ат арба.

Нанның исі! —  
Өткенім де,  
бүгінім.  
Нанның исі!  
Болашағым бұл менің!  
Нанның исі!  
Өмір мен нан — бір ұғым.  
Нанның исі! —  
Қуанғаным,  
күлгенім.

Тоқшылықта бар қуаныш,  
бар керік,  
тоқшылықта шығар ән мен өлең де.



Біле білсең үзім нанға зар болып  
жүргендер көп мынау байтақ әлемде.

Наннан ұлы емес жас та, кәрі де,  
«Бақыт» дейміз,  
«бақыт» дәннің ішінде.  
Кей құрлықта кей адамдар әлі де  
дән көреді,  
нан көреді түсінде.

Бір үзім нан —  
бір түйір дән —  
бір ұғым,  
тарап жатыр сенің маңдай теріңнен.  
Күні ертең-ақ бұл еңбектің шырынын  
қабағыңнан көрем, достым, сенің мен.

Сонда айтармыз әңгіменің жалғасын,  
сонда айтармыз барлық көрген-білгенді.  
Толтырған соң дөнге Отанның қамбасын,  
әдемілеп алайықшы бір демді.

Алыстағы шын тілеулес досым ең,  
жүр жанымда саған деген бір алау.  
Шіркін, қазір  
бүкіл дала төсінен  
НАННЫҢ ісі аңқып тұрған шығар-ау!

## БІР ДОСҚА

Сенің жолың бір бөлек,  
мен басқамын,  
бөлек шырқап келеміз арман әнін.  
Кей сырымды әлі бір жанға ашпадым,  
білем сенде құпия қалмағанын.

Деп ойлайсың:  
«Өмірден көңілді өтем».  
Сәл күрсінсем,  
оған да таңғаласың.  
Өмір деген,—  
досым-ау,



өмір ме екен,  
жанар кезде дұрыстап жанбағасын.

Ауыртпайсың ешкімнің жүрегін сен,  
көңілдерге жатасың жиі құлап.  
Мынау әсем тіршілік  
біле білсең,  
бос күлкімен жүргенге қиынырақ.

Көңілдісің.  
Күлуге жалықпайсың.  
Мен сияқты сезбейсің жан күресін.  
Сәл шарпасаң,  
қиналмай сен ұйықтайсың  
оқып жатыр бір достың әңгімесін.

..Оймен шарлап,  
дүниені жол етемін,  
алмаймын деп тірліктің үзіп өнін.  
Достым, осы, білмеймін  
неге екенін,  
кейде тіпті саған да қызығамын.

Мен де өзімше дүниеден көңілді өтем,  
таңғалмасқа  
несіне таңғаласың.  
Өмір деген, —  
досым-ау,  
өмір ме екен,  
жанар кезде  
лыпдап жанбағасын.

## ДОСТЫҢ ҰЛЫ

Айналайын,  
сән маған кім боласың?  
Келсем —  
күліп,  
кетерде —  
мұңданысың.  
Сенің құйттай бауырмал жүрегіңнен  
туыстықтың сеземін шын бағасын.



Айналайын,  
күштарсың неге маған?  
Сенсің бе шын жанымды бағалаған?  
Жәудіреген  
көзіңнен  
айналайын,  
дауысыңнан айналдым «ағалаған».

Айналайын,  
ізейсің неге мені?  
Тартты ма әлде ағаңның  
сені өнері?  
Жиі ұшады  
әйтеуір  
саған қарай  
көңілімнің қимас бір көбелегі.

Айналайын,  
мен саған аға болам,  
таба алмаспыз  
артықтау  
бағаны одан.  
Сенің күнің әйтеуір жарық болып,  
соқпаса деп тілеймін қара боран.

Айналайын,  
мен саған туыс болам.  
Ең жаманы —  
туыстар ұғыспаған.  
Сені — көктем,  
ал мені — жазға қарай  
барады алып уақыт жылыстаған.

Айбекжан,  
мен сенің жанашырың,  
Әке болған біледі бала сырын.  
Қабағыңа түспесін деймін кірбің,  
суланбасын ешқашан қарапшығың.

..Ғұмыр шіркін өтеді қас қағымда,  
мен кетермін қосылып басқа ағынға.  
Бір жас жігіт өзімнен айнымайтын  
тұрар күліп есігімді ашқаныңда.





Ол да менмін.  
Туысың ол да сенің.  
Оныменен шыға бер, жолға сеніп.  
Кетсең екен екеуің түсінісіп,  
әкеңменен тым тәуір жолдас едім.

Жақсылықпен өседі таза бағаң,  
(мені бұл ой қапанның мазалаған.)  
Айтпағанда бізге аздап ұрсатының,  
екеуіңнің анаң да ғажап адам.

Менде де үшеу.  
Сендер де үшеусіңдер.  
Ертең бір-бір соқпаққа түсерсіңдер.  
Сендер үшін сан рет ішіп едік,  
біздер үшін сендер де ішерсіңдер.

Көп айтатын несі бар,  
түсін мені.  
Көптен жүрген сырым бұл ішімдегі.  
Есейгенде түсінсең рақмет,  
дей қоймаспын дәл қазір түсінбеді.

Ғұмыр қысқа.  
Өтеді қас қағымда.  
Кетсем егер қосылып басқа ағынға.  
Үш азамат өзімнен айнымайтын  
тұрар күліп есігімді ашқанымда.

## МАҚСАТ

Намысымен келді дағы бетпе-бет,  
Жүрді дағы өз-өзіне өкпелеп.,  
шешіміне арқа сүйеп кеш кірген,  
ақылдаспай ешкіммен,  
бір жас актер тастап кетті театрды.  
Болар, мүмкін, бұл да өзінше батырлық,  
ол да өзінше шығар, мүмкін, ақылады,  
бірақ.,  
бірақ.,



салмақтаған жоқ епшім  
жас актердің бұл шешімін ақырғы.  
«Тастап кетті!»  
«Тастап кетті!»  
десек құр,  
бірауыз сөз,  
бір-ақ ауыз өсек бұл.  
Себебі не?  
Себебі не?  
Себебі! —  
Осы сұрақ бәрімізге керегі.  
Жандармыз ғой қысыр сөзге көңілшек,  
«Тағдыр» дейміз,  
ойлануға ерінсек.  
Сәл салқындай қалса доспен арамыз,  
сәл мазалап ұйықтатпаса баламыз,  
керек затты таба алмасақ сәл іздеп,  
«Тағдыр-ай!» деп қаламыз.  
Арасында жас актер мен тағдырдың  
қандай ғана байланыс бар,  
қараңыз.  
Жоқ әрине!  
Айта аламыз жасқанбай.  
Ешқандай да байланыс жоқ.  
Ешқандай!  
Жас актердің жүйрік еді мақсаты,  
сол мақсаты бірер жылда-ақ ақсады.  
Оқуын да тым әдемі бітірді,  
Қабілет пе?..  
Ол жағы да шүкірлік.  
Әдемі бір нүкте қояр арманын,  
бір-ақ сәтте жібереді ол үтір ғып.

Ол ойнауға тиісті еді басты рөл,  
режиссер берді оған басқа рөл.  
Өзі ұнатқан рөлі әсте тимеді,  
ал, ұсынған рөлді ол сүймеді.  
Сөйтіп жүріп жас актердің мақсаты —  
бірер жылда-ақ күйреді.  
Болсам деген — өнердің бір тарланы,  
жас актердің асқақ еді арманы.  
Ойнай алмай өзі ойнайтын рөлін,  
сахнада ол өзін-өзі алдады.



Басынан бақ біржолата көшкендей,  
театрлардың көптігін де ескермей,  
құлағына ілмей достың ақылын,  
бір күндері жиналды да ақырын,  
бар мақсатты сәтсіздікке жеңдіріп,  
сахнаны тастап кетті «батырың».

...Солай болды.

Кетті сіңіп бір бұлақ.

Бір арман – құс түсті көктен құлдырап,  
бір актердің таланты

амалсыз

бір театрдың бұрышында тұр жылап.

Содан бері өтті талай күз бен қыс,

ол актерден біз де күдер үзгенбіз.

Өзгеріс жоқ,

тұрды Ай туып,

Күн шығып,

ол кетті деп қисаймады бір шыбық.

Ол кеткенмен, шөл басқан жоқ даланы,

ешкім тастап қашқан да жоқ қаланы,

өзендердің өзгерген жоқ бағыты,

құстардың да шырқағаны – сол әні.

Тағы, міне,

күн жылынды –

көктем кел.

Жердің беті болды тағы көкпеңбек,

Сахнадан актер кетті,

бірақ та,

ешкімнің де ештеңесі кеткен жоқ.

## ЭКСПРОМТ

Жарық еді үйіміз,

әдемі еді тілек те.

Сөз – семсермен шайқастық,

келер күнді ойламай...

Алдың бөлек жайғасып,

тозаң қалды жүректе,

Реніштің пайдасы –

Қазан қалды қайнамай.



..Тағы қайта күн шықты,  
тұрдық мәз боп балаша.  
Ашу-ыза тұншықты,  
келер күн де тамаша!  
Ренжістік дегенге,  
айтшы, енді сенер кім?  
Мен жөнелдім өлеңге,  
сен ошаққа жөнелдің..

## АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

Сендерге бір сыр айтайын, достарым,  
онда он алты, әлде он жеті жастамын.  
Бара жатты дүние демде құлпырып,  
Пайда болды бойымда бір басқа ағын.

Ұмытылды таныс әуен,  
таныс бақ,  
жүргендеймін әдемі бір ән ұстап.  
Сенсеңіздер:  
Аспан мен Жер арасы  
бір жақындап,  
тұрды бірде алыстап.

Жұртты қайдам,  
мен өмірге ырзамын.  
Бар шаттығын төкті аямай мырза күн.  
Бір жағымды тұрған болса күй көміп,  
гүлге толып тұрғандай-тын бір жағым.

«Ақын» болдым  
«бұрқыраттым» өлеңді,  
бір сағыныш шырмады-ай кеп денемді.  
Бірдеңені аңсайтынмын әйтеуір,  
нені аңсадым..  
Ол есімде жоқ енді.

Әсем бұлттар бірін-бірі сатылап,  
сырғанайтын көңілімді бақылап.  
Жусанмен де сырласқым кеп кететін  
жағалауға етпетімнен жатып ап.



Қайтса қажып мендегі ойдың төркіні,  
ұйқы деген жоғалатын ол түні  
Сағыныштың ерніндей боп тиетін  
ерініме Сырдарияның толқыны.

... Ендігі ойды не қылайын ұсақтап,  
қонды қолға қуаныштың құсы апшақ.  
Бірде...  
түнде  
көк шалғынға құладым,  
қыз бейнелі сағынышты құшақтап.

## СЕЗІМ

Еркімді алдың сен менің,  
Ей, махаббат,  
құрыған ба менен басқа ермегің!  
Көкірегіме күнгірт сәуле төгеді  
күн түспейтін терезесі бөлменің...

Күн шықпай,  
шыр айналған ұршықтай,  
жүрдім кезіп есігіңнің алдында,  
шарашаттың-ау бір шықпай!  
Кеше ғана ән сап жүрген жүрегім.  
Өкпе-назын көкірегіме сыңсытты-ай!  
Сағынышым шырылдайды кеудемде,  
балапаны құлап түскен шымшықтай.

Ашық күн.  
Көңілісіздік бой бермей,  
бара жатыр иығымнан басып мұң.  
Қарлығаштай ұясына асыққан,  
Айналайын, саған қарай асықтым!  
Бірақ біздің арамыз  
Сияқтанып кетті қазір қашық тым.  
Ғашық болып көрмегендер әрине,  
Көңіл-күйін түсінбейді ғашықтың.

... Бүгін сені көрмедім.  
Зыр жүгірдім таусылғандай ермегім.



Естігенім айналды ма ертекке?  
Өтірікке айналды ма көргенім?  
Көкірегіме түсіреді бір үміт  
сығырайған жалғыз шамы бөлменің...

\* \* \*

Мен бүгін сені көп күттім,  
жібермей қойды соңғы үміт.  
«Келеді қазір» деп күттім,  
Өзімді-өзім сендіріп.

Үмітім кетті қартайып,  
(келмеген жанға сылтау көп)  
Көңілім қалды ортайып,  
сенімім қалды мылқау боп.

Намысы сәл-пәл қымсынып,  
тұйыққа ойым тіреліп,  
уақытым кетті күрсініп,  
бақытым кетті түнеріп.

Күлсе егер бақыт – шын күлсін,  
тұрмын ба әлде түк білмей.  
Жүрсің бе барып  
кім білсін,  
басқа бір жанға..  
күттірмей.

Шаршатты мені бір күнгі ой,  
екеуіміз қазір – екі елміз.  
Сен келген жерге  
мүмкін ғой  
келуі енді бөтен қыз..

## АҚТАЛУ

Айналайын,  
мені кімге балайсың?



Жауап жатыр әр сұрақтың артында.  
Маған сонша қимастықпен қарайсың,  
тым мұңдылау,  
тым жүдеулеу қалпыңда.

Білем,  
білем.,  
ташпай жүрсің теңіңді.  
Мүмкін тіпті соңғы үмітің болармын.  
Тарқатам деп сенің салқын —  
шеріңді,  
жүрегіңде мәңгі мұз боп қалармын.

Бізге деген үмітің еш солмасын,  
мен дейсің бе жақсы жігіт елдегі.  
Құрбың сенен сүйкімділеу болғасын  
жүрегіңді жаралағым келмеді.

Сезім шіркін ұшып-ұшып тоқтаған.  
Махаббат па?  
Қазір одан алыспыз.  
Ренжіме қарамады деп маған,  
айналайын, таныс қыз!

## КЕЗДЕСУ

Ештеңе жоқ өткенді ойлап,  
уайымдар,  
кездестік пе?  
Кездесе алмай тұрмыз ба?  
Быт-шыт болып тұрған қазір жайым бар,  
Бір сөзімді жеткізе алмай бір қызға...

Содан бері қанша уақыт өтті анық,  
өзің едің арманым да  
тірегім.  
Сол бір бақыт маған қайтып соқпады,  
сиқыр —  
қызық соқты-ау сені.,  
білемін.



Шүмпілдейді шырын —  
шаттық өзенім,  
қуанғанда  
дүниенің бәрі әсем.  
Оңашаны қалап тұрсың,  
сеземін,  
бірақ оны жасырасың неге сен.

Қашасың ба мынау елден қоршаған,  
қорқасың ба болады деп әңгіме?  
Жалғыз ауыз сөз айтамын мен саған,  
сосын үнсіз кету үшін мәңгіге.

Айтпай-ақ қой.  
Көкейіңді білемін.  
Не қыламыз куә болар жеңгені.  
Бір пәлені сезіп тұр-ау жүрегің,  
бірақ сосын түсінесің сен мені.

Көңіліңді аздап қана байқадым,  
білмесем де не жатқанын ішіңде.  
Айналайын,  
рақмет айтамын,  
мені кештеу түсінгенің үшін де...

## ҒҰМЫР ЖАЙЛЫ ЖЫР

Мен анамнан жалғыз болып тұмағам,  
он бес құлап,  
он бес рет тұрды анам.  
Амал қанша,  
сол бейкүнә он бестің  
он екісі орған шөптей қураған.  
Сол он екі өшкен оттың ғұмыры  
менің түпсіз тереңімде тулаған.  
Сол күнәсіз он екінің бірі боп  
кетіп қалмай,  
жүргеніме тірі боп  
қуанам да...  
кейде қатты қысылаам.





Сәл күрсініп өте шығам, жанының  
жылуы жоқ адамдардың тұсынан.  
Бар борышты,  
бар үмітті арқалап,  
өз бетімді өз қолыммен қалқалап,  
он екі оттың ортасында келемін.,  
жолымды да тастадым-ау орталап.  
Кейде отырып оңашада ойланам:  
бұл қара жер адамдарға тоймаған.  
Құдай біздің ошақпенен шамасы  
жақсылап бір «спортлото» ойнаған.  
Шыны солай.  
Біреу айтса сенбес те ем,  
Тек үшеуін сызған дағы он бестен,  
басқасы жоқ,  
біз ұтыс боп қалғанбыз,  
Біз үшеуміз,  
бірақ ОН БЕС арманбыз.  
Анамыздың бар парызы өтелген,  
он бес рет —  
он бес құрсақ көтерген!  
Қазір үнсіз отыратын бұл анам,  
он екі рет ағыл-тегіл жылаған!  
Енді бәрі бара жатыр ертеке боп,  
біраз жеңгей жүр бүгінде «еркек» боп.  
Түсінбеймін.  
Не болады мысалы:  
әр жыл сайын тұрмаса  
егер жер көктеп!?

Бір пәлекке бір-ақ түйнек байланса,  
әр терекке бір жапырақтан айналса,  
алма ағашы тұрса жалғыз гүл шашып,  
жалғыз жүзім сабағында тұрса үсіп.,  
Жоқ!

Атама?!

Онда дүние не болмақ?!  
Онда тірлік тұрар еді табандап.  
Қыздырмай-ақ ешкімнің де шекесін,  
айтар болсақ әңгіменің төтесін:  
Көрер едік,  
көрер едік сонда біз  
жылағанның,  
құлағанның көкесін?



Мен анамнан жалғыз болып тумағам.  
Анамыздың қуаныштан жүрегі  
он бес рет тулаған!  
Он бесіне бөліп берсем батамды,  
он бес болып қорғайды деп Отанды,  
он бес рет болды өмірге тек ғашық,  
он екі рет қалды бірақ.,  
шоқ басып.  
Көрдіңіз бе,  
жалғасуы тірліктің  
қандай қиын,  
мен де талай жыр күттім.

Ақ қағазға телміремін түн бойы,  
құшағыма тығылады ұрлық күн.  
Ал, ұрлық күн өгей бала секілді,  
әбден менің тынышымды кетірді,  
Жалғыз ғана өлең жазып,  
жол құрап,  
жалғыз ғана өлеңімен елге ұнап,  
естімедім ақын болған адамды.  
Жалғыз өлең өсірмейді бағанды.  
Ең кемі он бес,  
болса үшеуі тірі өлең,  
соңда ақынның құдыретін білер ем.  
Өлім жайлы бар адамда — бір ұғым.  
Ең болмаса ҮШ өлеңнің ғұмырын  
жаратқаннан ұзақ қыл деп тілер ем.

Мүмкін емес,  
мәңгілікке қалмауы  
ҮШ өлеңнен  
құрығанда бір өлең!  
Жо., жоқ!  
Мүлдем мұны айтатын кез емес!  
Бұл сөз емес!  
Мынау тіпті сөз емес!  
Сол он бестен  
тірі болсақ онымыз,  
шіркін,  
қанша ұзарар ед жолымыз!  
Шіркін,  
қанша ұзарар ед қолымыз!



Қандай пайда болар еді қоғамға!  
Қандай жақсы болар еді маған да!  
Әттең бәрі,  
әттең,,  
әттең,,  
кеш енді!  
он екісі қара жерді төсенді.  
Кейде отырып таң атқанша жыр жазам,  
сұм тағдырдан алу үшін есемді.  
Оқырманды рақатқа бөлеген,  
қалса деймін  
өлмейтін бір он өлең!  
Қанша ғапшық болса дағы өлеңге,  
бір жыры жоқ ақын қанша әлемде!  
Мен солардан,  
тек солардан қысылам,  
сәл күрсініп өте шығам амалсыз  
өлеңі жоқ ақындардың тұсынан.  
Ұстай алмай ауыр ойдың ұшығын,  
мен отырсам,  
көше жақтан ҮШ ұлым  
Кезек сипап  
келе жатыр мәз болып,  
баласы жоқ  
көршіміздің мысығын.

## ТҮНГІ ЭЛЕГИЯ

Терезеден кірді ұшып бір көбелек..  
Мен отырмын өзімді-өзім шегелеп.  
Жел соғады саңылауынан миымның,  
сәл-пәл жылу,  
сәл-сәл ғана керек от.  
Шаршатқанда көбелек — ой ұстатпай,  
ренжимін:  
«босқа отырдым неге» деп.

Ас үйдемін.  
Ұйқыда әйел — «аспазым».  
Ыңқылдап ем,  
қайнаған шәй қосты аз үн.



Қаламымды бір аламын, бір қоям,  
өкінемін,  
өте ме деп босқа күн.  
Әр адамның бір сыры бар,  
Мендік сыр.  
Ұқсамайды сырларына басқаның.

Мендегі сыр —  
көк көбелек тәрізді.  
Айтқаны да,  
айтпағы да,  
бәрі ізгі.  
Бүгінгіні сүйрелеймін аңызға,  
ал бүгінге әкелемін аңызды.  
Шылдыр етті қоңырауы есіктің,  
құрғырлар-ай, ой -жібімді тағы үзді.

Ой қапады,  
жинай алмай ми бәрін,  
қолым менен қаламымды қинады.  
Түсті есіме бітпеген бір жырым мен  
толмай тұрған жоспардағы жинағым.  
Терезеден жаңбыр исі келеді,  
... қайнап тұрған шайымды да құймадым.

Көбелек — ой,  
көбелек — сыр,  
Көбелек.  
Жарым жатыр:  
«тынықпайды неге?» деп.  
Шай суыды.  
Ұйқы қашты.  
Болмады.,  
бір ойымды тастамақ ем шегелеп.  
Көбелегім қонды барып бұрышқа..  
Сыртқа шықтым.  
Жауын тұрды себелеп..



## ҚОЛ

Өткен жайды сөз ет,  
мейлің сөз етпе,  
өзгеріс жоқ,  
боласың құр боз өкпе.  
Сатушыда шаруасы жоқ,  
көзі — етге,  
бір қолы жоқ әйелді көрдім кезекте.  
Асыққанда уақыт мүддем өтпейді,  
жоқ қол жайлы көңілісіз ой кетпейді.  
Сол жоқ қолдан табылардай керегім,  
әлгі әйелге жиі қарай беремін...  
Саусақтары етке қарай өрмелеп,  
алға ұмтылды кезексіз бір қол кенет...  
Бір ой енді бір ойыма жол берді:  
Көз алдыма Пушкинді атқан қол келді.  
Егер сол қол жоқ болғанда,  
дерт еміп,  
қайран ақын кетпес еді-ау ерте өліп.  
Кесірінен дәл осындай бір қолдың,  
Лермонтов арманымен бірге өлді.  
Жаманшылық қай кезде де тез өрген,  
дәл сондай қол көсемге де кезелген.  
Дәл сондай қол Фарабиді қуды елден,  
дәл сондай қол Моцартқа да у берген.  
Жауыздықты —  
жауыз қолдар үйретті,  
дәл сондай қол Исатайды түйрепті.  
Дәл сондай қол — Құлагерді құлатқан.  
Сондай қолдар найза ұрған да жүректен,  
сондай қолдар Отырарды күл еткен!  
Кезегім де жылжымайды сорыма,  
ал, көз алдым жауыздардың қолында  
кетті толып,  
тығылар жер таппаған  
ербеңдеп жүр қан-қан қолдар қапттаған:  
Балаларды бастан түйреп жүрген қол,  
аналарды шаштан сүйреп жүрген қол,  
батырларды ту сыртынан атқан қол,  
аруларды тұншықтырып жатқан қол.,  
ұлы адамды тоққа салған — жылан қол,  
тірі адамды отқа салған — лаң қол.,



Сансыз қолдан жаңа ғана көрінген  
көре алмадым мына әйелдің қолын мен.

Сол бір жауыз қолдарды ойлап,  
дір еттім!

Ал, әлгі әйел...

кезегінде тұр еттің.

## ТАЙГА ТЫНЫСЫ

*Коми әдебиетінің негізін салушы Иван Куратовқа*

### I

Осындайда туа қалар жыр кәні,  
жоқ өлеңнің өзі түгіл,

ырғағы.

Тайга...

Ағаштар менен сырлы сөз күтіп,  
митингіге жиналғандай тұр бәрі.

Теңеу тапшай қиялыма қарсы аққан,  
тұрмын үнсіз,

ойым қашып сан-саққа.

Жапырақтар бірін-бірі соғады,

тыңдаушыдай өлеңіме қол соққан.

### II

Тайга! –

Көкке көтерілген алып бақ,

ұшқан құсты көре алмайсың анықтап...

Орман – өмір құшағына сүңгімін,

орман – ойдың қанатында қалықтап.

Есіңе алып орман жайлы аңызды,

қорқар болсаң,

ойың қашар бар ізгі.

Сахарадан ғайып болған ағаштар,

осында өркен жайып қалған тәрізді.



Бір ой келіп бір ойымды қозғайды,  
ой қозғалса бота көңіл боздайды.  
Өн бойымды өртеп жүрген шоқ –  
өлең  
орманшының отындай боп маздайды.

Тайга түпсіз.  
Тартады тек тереңге,  
аздап діріл сезіледі денеңде...  
Осы жерден табылатын сияқты  
қызулы отын керек болса өлеңге.

Өткен ойлар,  
өткен ойлар көнерді,  
«енді қалай қуантамын мен елді»,  
деген бетте,  
көрген бетте Тайганы  
кеудемдегі Тайгам шулай жөнелді.

Күндерім кезіккендей бір қымбат,  
жарқын ойлар жатыр мида бұрқылдап.  
Мен – Тайгадан,  
Тайга – менен көз алмай,  
Мен – Тайганы,  
Тайга – мені тұр тыңдап.

### III

Тайга – шалғын.  
Табан жерге тимейді.  
Көкірегіңді бір сұлулық билейді.  
Қонақсың ба?  
Масалары – орманға,  
адамдары – моншаға сүйрейді.

«Қалың нуда тек жыртқыштар жортады», –  
деген сайын құмарлығың артады..  
Өзендері жетелейді – мұхитқа,  
құбырлары болашаққа тартады.

Қару жоқ па?  
Болсын жалғыз шыға алмайсың жолға алыс.



Ұшырассаң аямайды аюлар,  
жағдайыңды сұрамайды жолбарыс.

Бірін-бірі тұрған бейне аймалап,  
көк шатырлы қарағайлар айналаң.  
Бір құмарлық жетелейді Тайгаға,  
бір қорқыныш итереді Тайгадан.

...Көңілімді түргіп қашып желік жыр,  
бір әдемі ой көмейіме келіп жүр.  
Үрей қуып шыға келсем орманнан,  
қара жолдың жиегінде елік жүр.

## ТАЙГАДАҒЫ АҚ ТҮН

*Жазушы Кемел Тоқаевқа*

«Ақ түн, ақ түн  
Алып бір ақ сауыт.  
Ақ боз аттың  
Жааындай ақша бұлт...»

*С. Мәуленов*

Аспан бұлттан тазарып,  
қала түнді түр еміп.  
Көше жатты бозарып,  
Тайга тұрды түнеріп.

Түн байқатпай қонышты,  
дала жарық десек те.  
Уақыт біраз болыпты,  
қисайдым кеп төсекке.

Алаңдаймын көңіл құр,  
қыз жатқандай іргелес...  
Ертектегі өмір бұл,  
күндіз де емес,  
түн де емес.

Жегеді бір ән әлсіз...  
Тыныққанды қалайсың.





Кеше жарық,  
амалсыз  
сағатыңа қарайсың.

Тартпайды ұйқы – иірім,  
тұрып кеттім ақыры.  
Альбинаның үйінің  
бозарады шатыры.

Жайлап тұман ұшады,  
қиялым да ұшты еріп..  
Түннің ояу құшағы, –  
тұрғандайсың түс көріп.

Таң атыпты шынымен,  
әлі де ұйқым кеп тұрды..  
Кемел аға:  
«Түнімен  
көз ілмедім» деп күлді.

Қазыналы мекен  
Маңғыстау осы –  
оянбай жатқан тас ғалам,  
сәбидей бейне әлі де көзін ашпаған.  
Байлығы босқа жайылып кетер дегендей,  
табиғат өзі теңізбен орап тастаған.

Тастар да ашпақ,  
бұл жерде, тіпті, мұнай да ақ.  
Мұндағы жандар тек болашақты жүр ойлап.  
Күннің де нұрын қажет етпейтін сияқты  
өз жылуына жылынып жатқан бұл аймақ.

Жүрегі де осы –  
осынау жатқан ендіктің,  
жасалып жатыр түр-түрі мұнда ерліктің.  
Бұл жерді бабам аранын ашқан жаулардан  
қан болып неге қорғаған деуші ем.,  
енді ұқтым.

Қойтастар менен тасбақа тастар не түрлі  
құрайды бейне мың жылдық аңыз – көпірді.  
Шерқала жақта тас болып қалған бір кезде  
өткен бір ғасыр оянып кеткен секілді!



Сан тарам болып пашылған мұнда жол  
жатыр,  
Жол бойы МАЗ -дар ыңырана жылжып зорға  
жүр.

Ақ жалын атқан осынау байтақ өлкені  
Шевченко ақын көрсе ғой, шіркін, дәл қазір.

Теңізді бойлап бір жүріп өтсең кешқұрым,  
етпейсің қажет дәрінің, емнің ешбірін  
Аруана үнін,  
ұмыт боп кеткен біздерге  
осынау нұрлы мұнайлы елде естідім.

«Ақтау» деп бекер атамаған-ау бабамыз,  
байлық боп жатқан бақыт қой мынау,  
қараңыз!

Көзіңмен ғана көруің керек бұл жерді,  
ауызбен айтсаң болады мұның бәрі аңыз.

## БРЕСТ ҚАМАЛЫ

Болмайды ешкім  
отта өскен  
бостандыққа ауыздық.  
Осы жерде  
беттескен  
әділдік пен жауыздық.

Соғыс сырын енді ұқтым,  
бір қарт ана жылап тұр..  
Брест,  
бейне ерліктің  
қабырғасы сияқты.

Шыңдалады ер күресте,  
Тыныштықты —  
менен көр.  
Жер жастанды,  
Брестке  
крест қоям дегендер.



Жүдеп жаның  
тұрасың  
ерлерді ойлап от кешкен.  
Қазір құстың ұясы  
қабырғалар оқ тескен.

Өтті  
Кетті бәрі де,  
соғыс шері тарады.  
Бүт өзені  
әлі де  
қызғыштанып ағады.

Болашаққа сабақ бұл,  
не қыламыз сыр бүгіп.  
Арғы бетте  
поляктың  
бір солдаты тұр күліп.

Сыр тыңдап бір-  
бірінен,  
мұнда адамдар жүр қаптап.

Алғашқы оқтың үнінен  
алып сағат тұр тоқтап.

Бәрі,  
бәрі ой салды,  
түрі басқа тастың да.  
Жатыр алып қайсарлық  
алып қамал астында.

Түсінесіз соғысты,  
білмесеңіз бұрын Сіз.  
Қолтықтап бір орысты,  
бір жапон қыз тұр үнсіз.

Бұрап көңіл бұрғысын,  
тұрмын әлі ой аңдап.  
Ордені көп бір кісі  
келе жатыр аяңдап.

Үзіп үміт — арқанын,  
дұшпан өзін өзі атты..



Әңгімеге тартамын  
бір қолы жоқ қазақты.

Жүдеп жаның  
тұрасың  
ерлерді ойлап от кешкен.  
Қазір құстың ұясы  
қабырғалар оқ тескен.

Жазылады ойдың жарасы,  
қазір қайғы тарқады..  
Бір бүлдіршін  
анасын  
балмұздаққа тартады.

Ел сенімі – жотамда,  
жүрегімде жоқ салмақ.  
Әне,  
алаңда Отанға  
ант беріп тұр топ солдат.

Үні өшіп оқтың да,  
соғыс өрті басылаған.  
Мылтық емес,  
жұрт мұнда  
фотоаппарат асынған.

Бәрі,  
бәрі ой салды,  
түрі басқа тастың да.  
Жатыр алып қайсарлық  
алып қамал астыңда.

Қазір бізде жол құтты.  
Сапарға шық.  
Көре бер.  
Мұнда  
нағыз ерлікті  
көру үшін келеді ел.

Мұндағы ойдың бәрі асыл,  
асыл ойды тере бер.  
Тыныштықтың бағасын  
білу үшін келеді ел.



Бақыт жайлы кеңес құр,  
өртеп ойда қаралы.  
Қорғаныстың емес,  
бұл —

## БЕЙБІТШІЛІК ҚАМАЛЫ

*Шопан жігіттің, туған күні*

— Ал, жігітім,  
хош келдің!  
Қой, асықпа,  
түс аттан!  
Кете алмассың енді оңай,  
мынау ыстық құшақтан.  
Бәлкім сенің ауылың,  
үш күндік жер шығар-ау,  
Бірақ қазір арамыз,  
көріп тұрсың: үш аттам.

...Дұрыс болды түскенің,  
шын құрмет бұл деген.  
Кетер еді қарамай,  
ықыласты білмеген.  
Жұмысы жоқ, еріккен  
Біреу ме деп ойлама,  
бүгін аздап қуанып,  
жолға қарап жүрген ем.

«Түсі игіден түңілме», —  
деген қазақ атамыз.  
Сыбаға жеп, жақсылап  
әңгіме айтып жатамыз,  
Мынау ғажап тірлікте  
туысқанбыз, несі бар,  
бір жақсы жан шығарсың,  
жақсылардың аты — аңыз.

Өткен күнге өкпе жоқ,  
бірақ жұмбақ — келер күн.



Өткеніңнен сыр шерт,  
жолда қызық не көрдің.  
Домбыраға қалайсың?  
Дауысыңды тыңдайық,  
ақиығы шығарсың,  
мүмкін сен бір өнердің.

Көріп тұрсың, үй осы,  
шопан деген — атым бар.  
Бір отар қой алдымда,  
бір сәйгүлік тақымда,  
Шынымды айтсам дәл бүгін  
толтырып ем отызды,  
және де бір бөпелі  
болып едік жақында.

Дүкен жоқ деп ойлама,  
үйімізде тұр бәрі.  
Келінпегім шай қойып  
жүрген, анау, сырғалы,  
Күңдіз менің көмекшім,  
көмекшімін түнде мен,  
он шақты жыл өтіпті,  
біз жанұя құрғалы...

Әңгімесі көңілді, қалжыңы да ұнамды-ақ,  
Мен отырдым сыпайы көпке дейін сыр аңдап,  
Шарапқа емес әйтеуір ықыласқа қыздық па,  
кетіп жатты өн айтқан, дауысымыз шығандап.  
Дәл сол түні, не керек,  
таң атқанша тойладық.  
Мен отырдым, біткендей  
жүрген ісім ойға алып,  
Қисайғаннан таң ата, сәскеде өзгер оянсам —  
шопан жігіт күн шықпай кетіп қапты қой  
бағып...

Жақсы естелік — шырын да,  
ал нашары — ашқылтым.  
Бірде осындай тәп-тәтті  
той өткіздік «астыртын».  
Құрметтеді  
«кімсің» деп сұрамады,  
ал, мен де



«туған күнің шын ба» деп,  
сұрамадым паспортың.  
Шаттығы бар, сыры бар,  
Әрбір күннің, әр айдың.  
Ұмытпадым осы бір кездесуді талай күн.  
Туған күнін кімменен тойлап отыр екен деп,  
Еске түссе сол жігіт, календарьға қараймын.

## ӨТКЕН КҮННЕН БЕС БЕЛГІ

Сөз басы  
Бәрі есімде.  
Жастық шақтан елес көп.  
Түнде көрген түсіңдей боп елестеп  
тұрады екен,  
үзік-үзік жіп — ойдың  
үзік ұшын бүгінге әкеп тіреймін.  
Өткен күнде балалық бар,  
бауыр бар.  
Өткен күнде даналық бар,  
ауыл бар.  
Оңашада бұрымдыға қырындар,  
өткен күнде махаббат бар,  
сырым бар.  
Талай-талай баққа апарған ұры түн,  
өткен күнде жатыр бүгінгі үмітім  
Қиялым боп келер күнге жалғасқан,  
өткен күнде алғашқы өлең,  
алғашқы ән.  
Өткен күнде ақ топырақ,  
лай су,  
өткен өтті,  
енді кімнен сұрайсың.  
Болса дағы өткен күнде көп әсер,  
біз ұрпақпыз —  
келер күнім деп әсер.  
Өткен күнде қиындық та болды анық,  
бірақ бөгет бола алмады ол жолға нық.  
Өткен өтті.  
Не қылайын сыр бүгіп,  
келер күнге иек артып тұрды үміт.



Кей жеңгелер,  
күреңгіп жүзі ептеп:  
Күрсінеді:

«Онда біздер қыз ек» деп.

Қалды алыста

сол қызық күн,

сол «қыз» күн,

бүгінгіге жетті жылжып жол біздің.

Әдемі үн боп жақсылыққа жалғасқан,

жүректе әлсіз ызыңдайды алғашқы ән.

## БІРІНШІ КІРІСПЕ

Алғашқы сыр.,

көңіл қылы дір етті.

Алғашқы сыр —

жылытады жүректі.

Алғашқы ойға ораламын дегенше

дүрсідетіп тура отыз төрт жыл өтті.

Отыз төрт жыл!

Аз уақыт та емес бұл.

Біреулерге он бес жыл да көмескі.

Ойлап тұрсам,

қазір мынау иығым

бала кезгі мақсатыммен теңесті.

Отыз төрт жыл...

Шыңдығында

көп пе екен?!

Өткен күнге ренішім жоқ бөтен.

Осы жарқын жылдарымның жемісін

жылуы мол жүрегімде көктетем.

Отыз төрт жыл —

алға асыққан арманым.

Отыз төрт жыл арманымды жағадым.

Соғыс жұтқан —

айналдырған төрт жылдың,

біледі жұрт қаншама ұзақ болғанын.

Мен уақытқа әділ баға беремін

дей алмаймын,





айта алмаймын себебін.  
Бірақ.,  
бірақ.,  
уақытты тек қана  
Тыныштықпен өлшеу керек дер едім.

Қатты науқас,  
алып демін тереңнен,  
уақыты өтпей,  
он тіріліп,  
он өлген.

Төрт жыл емес,  
қырық жылдай көрінген  
соғыс жылын —  
сырқат жылдар дер ем мен.

Мынау тірлік —  
біз айтатын ғашық өн,  
пайда болған уақыттың көз жасынан.  
Тұнып тұрған тыныштықтың нұры мен,  
мен асықсам, —  
бейбіт күнге асығам.

Асығысып.  
Тындыратын көп ісім.  
Біткен ісім —  
менің әрбір жеңісім.  
Келер ұрпақ бізден жеміс сұрайды,  
әкелердің біз көп жедік жемісін.

Ей, Ұлы Отан!  
Құшағымды жаям да,  
сені сүйіп,  
дамылдаймын саяңда.  
Алға ұмтылып,  
алға асығам әйтеуір,  
өткен ізге назар салып қоям да.

## БІРІНШІ СЫР

Шашыраған насыбайдай бір атым  
ауылымыз бар,



аз ғана үйден тұратын.  
Сырдың суы —  
ала жаздай ермегім,  
үлкен қала,  
биік үйлер —  
мұратым:  
Біз ұрпақпыз —  
өткенін де бағалар.  
Әсемдіктің өзі  
арманға барабар.  
Табанының бұдыры ірі бөтеңке  
Елекеңнің баласында ғана бар.

Алғашқы үні келіп қалды күздің де...  
Көз тартады бір ерекше із күнде.  
Дәл осындай,  
дәл осындай бөтеңке  
ең бір асыл арманымыз біздің де.

Бөтеңкеден гөрі ұнаттым ізді әсем,  
сонардағы аңшыдайың із кесем.  
Сайрап жатқан ізі арқылы тез тауып  
алатынымын Беғалыны іздесем.

Онда таң да дәл осылай ататын,  
бөтеңкесіз тірлік жанға бататын.  
Шөп жоқ жердің,  
көк жоқ жердің бөріңде  
бадырайып соның ізі жататын.

Әдемі арман орындалмай қалған ба.  
(Бірақ бітпес арман да көп жалғанда).  
Дәл сондай бір бөтеңке алып берді анам,  
мен байғұсты кетпесін деп арманда.

Көрдіңіз бе?  
Қолға түсті көктегім.  
Қуанышты шапқтым-ай кеп теп-тегің.  
Ризамын мұны сатқан дүкенге!  
Рақмет!  
Енді арманым жоқ менің.

Бөрі де бар.  
Киім де бар.



Жетерлік

Ол кездері тері деген бекер жүк.  
Онда жұртты мүлдем қызықтырмайтын  
қазіргідей аяқкиім шетелдік.

Қуанышым

қуанышқа жалғанып,  
бөтеңке бар —  
абырой бар қолда нық.  
Енді ауылдың маңайына әйтеуір,  
менің де ізім түсетұғын болды анық.

Әдемілеу естілердей жеке үнім,  
тілегендей жеке тірлік,  
жеке күн,  
«ауылдастар біле ме екен» дейтін ем,  
«мынау іздің менің ізім екенін».

Із көбейді.

Қызықсыздау болды енді.

Басқа із

біздің ізімізге «жол» берді.  
Бірде екеуміз іліністік із үшін,  
тым көп ізге біз көнбедік,  
жер көнді.

Балалық-ай!

Балалық қой айыпты.

Бұл тірлік те, балалыққа лайықты.

Ертеңіне...

(жеткізген-ау біреулер),  
ағай ұзақ өңгіме айтты байыпты.

Әңгімесін ұзақ айтты.

Түсінгем.

Өзімді-өзім сөгіп тұрдым ішпіннен.  
Тұрды шаң-шаң төрт бөтеңке ортада,  
қос көңілге көлеңкесін түсірген.

Содан бері өтті көп қыс,

көп күз де.

Бір жағдайды түсінбеспіз тек біздер.  
Нағыз іздер түспейді екен аяқпен,  
топырақта қалмайды екен мықты іздер.



Ғұмыр шіркін —  
қас қағым ғой,  
тез өтер.  
Ізге айналар таза еңбек пен  
таза тер.  
Кейінгі ұрпақ шатастырып алмайтын  
анық іздің қалғанына не жетер.

Із қалдыру —  
жақсы мақсат,  
жақсы үміт.  
Жақсы із деген қай кезде де тапшылық.  
Әрқашан да айқын ізін адамдар,  
болашаққа кетеді екен тапсырып.

Ізіңді ойлап өкін,  
мейлің өкінбе,  
не түседі,  
қалдың желдің өтінде.  
Топырақтың бетінде емес,  
мықты іздер  
тұрады екен болашақтың бетінде.

...Із түсіру,  
із қалдыру —  
бір ұғым.  
Шүмпілдейді шаптықтан көз — құдығым...  
Бір қарындас сілкіп қойды бұрымын,  
жаныңда бір бөтеңкелі түр інім.

## ЕКІНШІ КІРІСПЕ

Онда.,  
оңда.,  
оңда мүлдем жас едім,  
қайтпаған кез әлі ешкімнен меселім.  
Қалатынмын томсырайып,  
мұңайып,  
«Не қыласың.  
Бұл бала ғой» десе кім.  
«Бала» деген



кемсіту ме,  
көрмеу ме?  
Қынжылатын құйттай жүрек  
тар кеуде.  
Қашан өсіп,  
қашан Адам болам деп,  
өзімді-өзім алатынымын тергеуге.

Өсу менен  
Адам болу —  
бір ұғым.  
Жүрдім күтпн жігіттіктің құрығын.  
Ұнатушы ем жеңгелердің қылығын,  
ұнатушы ем бойжеткеннің бұрымын.

Ұнатушы ем,  
десе біреу «қарағым»,  
ұнатушы ем үлкендердің бар «өнін».  
Көз алдымда — боз даланың келбеті,  
қиялымда — тіршілігі қаланың.

Баламын ғой.  
Балалыққа не айта алам.  
Өткен өтті.  
Оралмайды ол қайтадан.  
«Келер жылдар»  
деп қияладап біз жүрсек,  
«Сонау жылдар»  
деп үлкендер айтады ән.  
«Келер жылдар»,  
«Сонау жылдар»... —  
Тіршілік.  
Әсем дүние.

Күн батады,  
күн шығып.  
Толқынымен ысырылып уақыттың,  
талай сырлар қалды мәңгі тұншығып.

Шындығында баламын ғой,  
баламын.  
Доп қуу мен асық қуу — бар «өнім».  
Он жастамын.



Ешгеңем жоқ тыңдырған,  
Жүрегінмін шыңын жұтып даланың.

Талай жылдар  
талай-талай сырды алып  
кетті.,  
бір сыр есігімді тұр қағып.  
Бір сурет көлбеңдейді көмескі,  
ой-қармаққа түсті келіп бір балық.

## ЕКІНШІ СЫР

Шіркін,  
Сол қыз!..  
Қос жанары жайнап бір,  
дәйім күле сөйлер еді жайлап кіл.  
Ағып тұр-ау,  
ағып тұр-ау сабаққа,  
Орысшаға сайрап тұр-ау,  
сайрап тұр..

Қымбат ойлар жатады тек тереңде,  
Жақсы ой деген, —  
жақсы арқау ғой өлеңге,  
Кім таң қалар —  
Орысшаға жетік қыз  
Мені өмірге ғашық қылды дегенге?!

Ғашықтықпен  
Өтгі жылдар,  
Өтгі күн,  
Шіркін,  
Сол қыз —  
Жанып тұрған от-тұғын.  
Арман еді —  
Орыс тілін білген қыз,  
Бүгін сездім —  
Арманымның жоқтығын!..

Үш ұлым да жанарлары жайнап кіл,  
орысшамен тастайды тек байлап тіл.



Өз тілінде ағып тұр-ау,  
ағып тұр,  
орысшаға сайрап тұр-ау,  
сайрап тұр.

Арман..  
Арман қуат алған асқардан  
Нұрлы өмірдің сырлы есігін ашты алдан.  
Ұлы мақсат осы тілде айтылып,  
Революция осы тілде басталған.

Көрдiңiз бе!  
Бар ғой бiзде,  
Бар бәрi!  
Мен барыма разымын қолдағы.  
Жетiп жатыр орыс тiлi арқылы  
Қазiр бiзге бар халықтың арманы.

Мен – бұл тілді білгеніме ырзамын,  
бар берерін беріп жатыр мырза – Күн.  
Пушкин тілі –  
Пушкин жыры арқылы  
Жүрегімде өшпейтін бір жүр жалын.

## ҮШІНШІ КІРІСПЕ

Ерте есейдім.  
Балалығым ерте өтті.  
Қайран анам мен үшін көп тер төкті.  
Кететінбіз ала жаздай шөп шауып,  
шөпші шалдар көп айтатын ертекті.

Әңгіме көп.  
Ерінбесең тыңдай бер.  
Бәрі білгіш.  
Бұл жағынан жүрдай –  
мен.  
Ауылдағы Мәжікен шал,  
жарықтық,  
қисса айтатын таң атқанша сырнаймен.

Естелігім – ескі сандық,  
ақтарам.



Сандық іші үзік ойлар қаптаған.  
Әлі есімде,  
«Алпамысты» бір айдай,  
«Қобыландыны» қырық күндей жаттағам.

Соның көбі ұмытылды,  
себеп көп.  
Сақтамапшыз,  
сақтамапшыз «керек» деп.  
Қалды құрғап сол көз майдың көбісі,  
біз жүргенде ойын қуып дедектеп.

Өтті,  
кетті ертеке толы жаз күні.  
Ойда қалмай өткен күннің —  
аз құны.  
Ұйқас қалды —  
қиссаалардың орнында,  
ертекегердің қалды қысқа мазмұны..

## ҮШІНШІ СЫР

Сүйріктей-ақ жаңа ғана көктеген  
кезім,  
толық кәмелетке жетпеген  
Есениннің жырын оқып,  
тағдырға  
«кеш туыпшын» деп те жүрдім өкпемен.

Болса-дағы түсуім қиын-ақ,  
сақтап жүрдім әрбір жырын қиып ап.  
Жатқа айтқызып қоятынмын өлеңін,  
әлім жетер балаларды жиып ап.

Мұным, мүмкін, бола қоймас асылық,  
жырға іңкәрлік кетті содан ашылып.  
Есенинді оқып жүрдік кейде біз,  
сабақта да мұғалімнен жасырып.

Сияқтанып мен — Есенин,  
мен — ақын,  
маған да бір бедел келді жаңа, тың.





Жалынып кеп осы ақынның кітабын  
көпшілігі менен сұрап алатын.

Кей мұғалім білдірсе де қаталдық,  
оқып жүрдік,  
содан шабыт — от алдық.  
Келе-келе,  
(көбі кетті басқа ізбен),  
ақындардың класы боп аталдық.

Бәрі,  
бәрі.,  
көз алдымда осы күн,  
(шынымды айтсам,  
сырымды айтсам несі мін.)  
Кейде, тіпті  
әшекейлеп тақтаға  
жазып жүрдік  
«Есенин» деп есімін..

Ғашық болдым,  
менің де қыз сүйді ернім.  
Келе-келе жырсыз жүрмес күйге ендім.  
Алғаш рет қыздарға арнап өлеңдер  
жазуды да  
Есениннен үйрендім.

Жылу алып осы ақынның отымен,  
кәдімгідей біраз жерге жетіп ем...  
...Кейде одан соң туғанымға қуансам,  
кейде бұрын тумағанымға өкінем.

## ТӨРТІНШІ КІРІСПЕ

Сырдың бойы.  
Жаз жайлауы ғажайытың.  
Біз жайлауға келгелі де аз-ақ күн.  
Жататұғын үй мен үйдің арасын  
жалғап қоңыр тіршілігі қазақтың.

Әрбір үйде сиыр да бар,  
ат та бар,  
ештеңе жоқ мұнан басқа мақтанар.



Көкпар еді ересектер ермегі,  
жүйрік атпен есептейтін бақты олар.

Сәйгүліктер!  
Талай ердің арманы-ай!  
(арман шіркін әр адамда әрқалай.)  
Жүйріктерді жіберетін бөйгеге,  
балаларды отырғызып қарғадай.

Кіп-кішкентай шабандоздар мүлдем көп,  
бұл да үлкен өнер екен білгенге.  
Атпен құйын қуып жүрді көбісі,  
мен тақырда асық қуып жүргенде.

Атқа шабу – қиын шаруа мен үшін,  
ондай-ондай қиындықтың көбісін  
жеңдік қазір,  
дәл сол кезде, амал не,  
жеңісімнің көре алмадым жемісін.

## ТӨРТІНШІ СЫР

Сығрды іздеп,  
кеткен біздің жоғалып,  
бір-бір қауын,  
бір-бір баудан шөп алып,  
бірде,  
түсте  
Бегалы мен екеуміз  
келе жаттық қыстау жақтан оралып.

Тоғай жақты,  
қыстау жақты аралап,  
келе жаттық,  
астымызда жарау ат.  
Меңде – көк те,  
серігімде – тор төбел,  
келе жаттық,  
дария бойын жағалап.

Кенет,..  
Кенет,..  
шығарып бір өнерді,



қалдырды да қатардағы төбелді,  
бірдеңкеден үрікті ме,  
әйтеуір,  
менің көгім құйындата жөнелді.

Керегі не болған істі астарлап,  
жылдамдықтың екпінінен жас парлап,  
ұшып келем,  
арагідік жүгенді  
бар әлімше тартып қоям қос қолдап.

Зәрем кетті  
Не қылайын жасырып.  
Қауын қалды.  
Шөп те қалды шашылып.  
Ал, серігім келе жатыр жете алмай,  
айқайлайды берекемді қашырып.

Айта берсем  
қателігім көп енді.  
Бір қорқыныш қарып өтті денемді.

Түсінбешпін,  
түсінбешпін,  
қайтейін,  
Бір жағына..  
Езулетіп  
дегенді.

Құлай да алмай,  
жылай да алмай қыстығып,  
қол қарысты,  
білектегі күш құрып..  
Бір тіршілік – бара жатты бүрісіп,  
бір тіршілік – бара жатты ышқынып.

Кешегі тай,  
бірі – құйттай кешегі ұл.  
Қалды артта неше сай мен  
неше қыр.  
Қос тіршілік лағып бара жатты алға,  
құйындатып бара жатты қос өмір.

Жыңғыл қалды желкідетіп «бұрымын»,  
қорқынышқа қиды дала бір ұлын.



Біреудің жанарында — қайсарлық,  
шарасыздық — жанарында бірінің.

Жүрді алыста қараңдаған топ қарға,  
күтіп тұрған сорым ба,  
әлде бақ бар ма?!  
Мағынасыз лағып бара жатты екеу,  
қос тіршілік ағып бара жатты алға.

Сияқты бір дәйексіздің арманы,  
бар үмітім —  
құмға жету алдағы.

Әне, канал!  
Көпір қайда?  
Масқара!

Су тасыған.  
Бір бөрене қалғаны.  
«Шынымен-ақ,  
біткенім бе енді анық»...  
Көпірге емес,  
бөренеге таңғалып,  
таралғыдан аяғымды босаттым,  
бір сұмдықтың болатынын аңғарып.

Бір үрейім  
бір үрейге жалғасып,  
үміт — үрей кетті демде арбасып.  
Кілт тоқтады  
жағалауға жетті де ат,  
ат үстінен кеттім ұшып,  
алға асып.

Қараңызшы!  
Бағы бар жан екенмін.  
Өзімді-өзім судан жеңіл көтердім.  
Шынында да,  
көретіні көп екен,  
жерге тимей,  
суға тиген шекемнің.

Бола ма енді бұдан асқан сәттілік.  
Бастағы бар сәтсіздікті лақтырып  
жібердім де,  
қуанғаннан жыладым,  
үрейімді намысым кеп жатты ұрып.



Өзіне өзі таға ма адам бекер мін,  
одан соң да талай сынды көтердім.  
Тұңғыш рет,  
міне,  
осылай қатты ұшып,  
көрдіңіз бе,  
жайлы түскен екенмін.

Тек сәттілік жазылмаған маңдайға,  
өшіп қалып жатқандар бар жанбай да.  
Айырар ма ек ашы  
менен тұшыны,  
егер дәмі тимесе оның таңдайға.

Жаныма жат күйбең тірлік,  
күйбең күн,  
асығам деп кейде аздап күйді ернім.  
Қаншалықты шабаңдозбын,  
белгісіз  
әйтеуір нық отыруды үйрендім.

## БЕСІНШІ КІРІСПЕ

Өз көңілім,  
өз қуатым бойымда.  
Жан емеспін жүгіретін дайынға.  
Біраз сырды ашып қойдым байқамай,  
біраз айттым балалығым жайында.

Бәрімізге ортақ өмір бұл деген.  
Сырымды айтам жалпыға ортақ тілде мен.  
Болар еді нендей ләззат,  
не қызық,  
бір кереңге әңгіме айтса бір керең.

Бізден аулақ,  
біздер одан қашықпыз.  
Бар шаттықты жүрміз елге шапып біз.  
Сығалайды әйнегінен көңілдің,  
сол баяғы ғашық бала,  
ғашық қыз.



Ол да естелік.  
Ол да мида тұр тұнып.  
Кей естелік жиі-жиі бұлқынып..  
Бір боз бала қысылады сөз таппай,  
бір бойжеткен жауаңдайды,  
іркiлiп.

Бір бойжеткен,  
бір бозбала —  
сонау жыл.,  
«Сонау жыл» деп  
желпiлдейдi алау жыр,  
Шайырларды қиссасынан қызықты  
айтылатын әңгімелер бар-ау бір.

Естелік көп.  
Мида бәрі тұр тұнып.  
Бір естелік шықты тағы бұлқынып.  
Бір боз бала қысылады сөз таппай,  
бір бойжеткен жауаңдайды, іркiлiп.

..Өзімізше біз де кейде шешенбіз,  
ән де айтамыз,  
«ал, көнекей!» десең біз..  
Мына сырым өзің жайлы тек қана,  
бұл сырымды саған айтам,  
әсем қыз!

Тыңда мені,  
жақсылап бір тыңда, айым!  
Саған айтар сағынышты сыр дайын.  
Даусымды ажыратып көрші енді,  
құлағына таныс па еді мұндай үн?..

## БЕСІНШІ СЫР

Есіңде ме?  
Болатұғын той үсті,  
Жұрт назары саған қарай ойысты..

Бір керемет ойын еді, жұп қалау  
Талай көздер тұрды саған сұқтана.



Сен жақта еді менің де ынтық жанарым,  
ал, қасыңда отырған бір мұртты «ағай».

Бір кезекте қалап едім мен сені,  
Бермей қойды әлгі ағайың еңселі.  
Содан кейін арта түсті одан да  
саған деген құмарлықтың өлшемі.

Ол бермеді,  
Ал мен болдым кінәлі,  
«Үезір» жігіт «хан» үкімін сұрады.  
Айтсын деді,  
айтсын деді,  
болса егер  
өзі жақсы білетұғын бір әні.

Талай әнді тыңдасам да тамсанып,  
бұрын-соңды көрмеп едім ән салып.  
Білер еді жағдайымды  
түсінген  
бұл үкімнің қиындығы қаншалық.

Ән айтпасам бермей қояды өзіңді,  
біліп тұрмын,  
бір қиындық сезілді.  
«Шырқап» кеттім дарақылау дауыспен  
терезеге тіреп қойып көзімді.

Ән біткенше қарамадым ешкімге,  
(қабілетсіз екенімді кештің бе?)  
Содан кейін  
қасыма кеп отырдың,  
«мұртты ағайдың «отауынан» көштің де.

Сонда сездім,  
кеткен екен тер шығып  
Дедің бе екен:  
«Ән не теңің, өй, шірік!»  
Қиналғаным —  
дауысымнан ұялдым,  
қуанғаным —  
алдым сені көрші ғып.

Деп бұрында ойлапшын ба  
ән салам,



(бәрін істер ғашық болып қалса адам)  
Тап сол жолы қысылғаннан,  
Ойпырым-ай,  
той біткенше қарамадым мен саған.

Әлде әзілің,  
әлде мүмкін шын айттың,  
не болса да біліп жатыр бірақ кім?  
Бөлінбестей болып кеткен бір күні  
Дедің:  
«соңда даусыңды ұнаттым,»  
Дедің:  
«соңда даусыңды қаладым.»  
...есіңде ме сол әнім?

## СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Артық сөзді қой, көні,  
Ей, Өлеңім,  
кеңес құр!  
Соңғы естелік.,  
Қайда әлі!  
Соңғы сыр да емес бұл.

Үйін өртеп қайғының,  
туын ап ақ тілеудің..  
Балалығын —  
байлығын  
жеткізерсің біреудің.

Тербетеді ұйқымды  
аспан асты,  
жер үсті.  
Мынау өмір — сүйкімді,  
мынау өмір —  
келісті!

Әлі отырмын оңаша,  
түн қойнынан сыр бүтіп.  
Көз алдымда  
тамаша  
балалығым тұр күліп.





Айта алмаған бір сырын  
айтайын деп талайғы,  
сөзге тартып жыршы ұлын  
Анам отқа қарайды.

Тарқаттым ой-ұршығын,  
сұрар дейсің бәрін кім.  
Жылтылдайды бір сырым  
жанарында жарымның.

Туысқа да сенгенмін,  
көбейді дос біртіндеп.  
Тамағында жеңгемнің  
бір сырым тұр бүлкілдеп.

Кей танысым күле ме,  
қашты кейде мазам да.  
Бір сырымды біле ме,  
жымияды бажам да.

Дүние әсем.  
Түсінем.  
Талай жерде қалды ізім.  
Шығармай жүр тісінен  
бір сырымды  
балдызым.

Таратады күлкімді  
аспан асты,  
жер үсті.  
Ойдағы арман —  
сүйкімді,  
орындалса —  
келісті!

Түсін,  
мейлің түсінбе,  
Адам —  
уақыт ұршығы.  
Мынау менің ішімде  
талайлардың жүр сыры.

Үндемесей —  
масқара!  
Шықпаған сыр өледі.



Сырымды айтып басқаға,  
сыр тыңдағым келеді

Ел де жас та,  
кәрі де  
хал сұрайды күлімдеп.  
Ойлап тұрсам,  
әлі де  
айтатұғын сырым көп

Ұйқым қашты бір түнгі,  
болды түнім жемісті.  
Өткен күнім —  
сүйкімді,  
келер күнім —  
келісті!

Мен де жердің тұрғыны,  
ошағымның атынан.  
Бар адамды бір күні  
сырласуға шақырам.

## ТАҢ АЛДЫНДАҒЫ ӘН

Өткен күннің қалмапты көбі есімде,  
Ойлап көрсем бәрі де елес бүгін.  
Бала кезім бұлыңғыр,  
Тек есімде  
Таң алдында бір нәзік ән естідім.

Тағы жүздім уақыттың кемесінде,  
Көп жай естен шығатын емес бүгін.  
Жігіт шағым ап-айқын,  
Бәрі есімде  
Таң алдында бір әнді тағы естідім.

Біраз жүздім уақыттың кемесінде,  
Түсінгендер сенімсіз демес мұның.  
Түндер бойы жыр жазам.  
Сенесің бе,  
Содан бері таңғы әнді көп естідім.



Мен де өзімше өмірге жол құрадым,  
Жақсы әуенте жүрегім мәңгі мекен,  
Бала кезден естіген сол бір әнім  
Аналардың аяулы әлдіі екен.

Дөңбекшідім,  
Шаттыққа толды маңым,  
Махаббаттың алауы тиді ме екен.  
Жігіт шақта естіген сол бір әнім  
Ғашықтардың аяулы «гимні» екен.

Қасиетін ұғындым дала, қырдың,  
Сездім және бақыттың бар екенін.  
Еститінім қазіргі  
Жаңа білдім  
Үзілмейтін тіршілік әні екенін.

Түйілгенде кететін төгіп-төгіп,  
Шабытым — бұлт,  
Жырымды жаңбыр етем.  
Өлең маған,  
Мен оған серік болып,  
Әнді күтем,  
Аяулы таңды күтем!

## ӘКЕ СӨЗІ НЕМЕСЕ АЙТЫЛМАҒАН ЖАУАП

«Ойлан балам,  
Әлі де ойлан балам,  
Түбі өкінер алды-артын ойланбаған.  
Келер күнін,  
Ертеңгі ырыздығын  
Ой — електен өткізбей қойған ба адам,  
Ойлан балам,  
Тағы бір ойлан балам!

Тілімді алсаң, қайтадан көшіп келгін,  
Алматының несін сол несіп көрдің.



Енді ие бол, осы үйге,  
Ғұмырым қалды,  
Арнасындай осынау есік, төрдің.

Көп ойладым,  
Өзіңді көп сынадым.  
Туған жерден – қымбат жер, жоқ, шырағым.  
Орындасаң осы бір аманатты,  
Бар жиғанымды өзіңе тапсырамын».

Дегізді де:  
«Қайтқаның дұрыс-ау, балам!  
Алып кетті сұм ажал құрсаулаған.  
Сонда бір сөз шықпады көмейімнен,  
Шумақ-шумақ сан рет жыр саулаған.

Айта алмадым:  
Отыңыз өшпейді деп.  
Айта алмадым;  
Ұлыңыз көшпейді деп.  
Айта алмадым,  
Ештеңе дей алмадым.  
Қаны жүріп тұрғанда,  
Өшпей жүрек.

Мүмкін босаң,  
Немесе тым қаттымын.  
Өз жүрегімді отырмын тыңдап бүгін.  
Түсінемін,  
Әкенің орны бөлек,  
Білем, және, туған жер қымбаттығын.

Бақытыма қалдым-ау, кеш үлгіріп  
Дей алмаймын,  
Демеймін кесілді үміт.  
Астанаға қыз емес, қызық емес,  
Келдім қайран өлеңнің көшін қуып.



## КӨЗ

Бұрын қалай білмегем,  
Бұрын қалай сезбегем.  
Бұрын қалай байқамай жазып жүргем өзге өлең.  
Адалдық пен шындықты жазу керек болса егер,  
Адалдық пен шындықтың өзі екен ғой, көз деген.

Иә, достым, менімен бұл жөнінен егеспе,  
Қалай десең, олай де.  
Көзде қулық жоқ әсте.  
Қос жанарың бәрін де қабылдайды сол күйі,  
Демек, өзің ойлашы;  
Ол – адалдығы емес пе.

Бір зат жайлы сан адам,  
Сан ой айтар сөз құрап,  
Бірдей көріп қабылдар бәріндегі көз бірақ,  
Ештеңеге ешқашан болмайды көз кінәлі,  
Көз – адалдық айнасы,  
Көз – тазалық,  
Көз – бұлақ.

Бұзылатын ой менен  
Бұзылатын сөз ғана.  
(Бұны ойлап миыңды бостан босқа қозғама)  
Өсе келе адамдар, кете барар өзгеріп,  
Сәби қалпы қалатын,  
Өзгермейтін көз ғана.

## ҚОНАҚ ҚАЙДА?

Табысымды жүргем жоқ санап пайда,  
Қонақ қайда.  
Келетін қонақ қайда?  
Әлде біздің пәтердің иесінің  
Азулы иті арсылдап жолатпай ма?

Қонақ қайда сыйымды ескеретін,  
Қонақ қайда бас тартып,



Төс беретін.  
Әлде іздеп барғанда жоқ болдым ба,  
Әдетім бар кейде үйге кеш келетін.

Мейлі, тіпті сеніңіз,  
Сенбеңіздер,  
Шын қуанып қаламын келген ізге.  
Біреу кіріп келер деп отырамыз,  
Жалтақтаумен жадаулау бөлмемізде.

Танымайтын да келсін,  
Танитын да.  
Қонақ келсе тыныштық бар ұйқымда.  
Тек бізде емес бұл дәстүр,  
Жазулы әлі  
Сонау ата-бабамыз тарихында.

Көрсетейін дегендей шыдамдарын,  
Бәлдене ме біреулер,  
Біле алмадым.  
Бір арманым —  
қазаным оттан түспей,  
Қонақ күтіп отыру —  
бір арманым.

## ҚАРТТАР

Біздің қарттар тектен-текке отырмаған,  
Олар — тарих,  
Олар — жыр, оқылмаған.  
Тарқатарда тарауын бір дастанның,  
Дейді саған:  
«Берірек отыр, балам».

Еске алғандай жастығын қайран асыл.  
Сөйлер сөзге бір саңлау іздегендей  
Маңғазана бір шолып айналасын,  
Деп сұрайды:  
«Шырағым, қай баласың?»

Ыңқыл-сыңқыл қарттықты елеместен,  
«Пәленшенің ұрпағы сен емес пе ең?»



Дейді дағы  
Біртіндеп әкеледі  
Оқиганы кетпейтін нелер естен.

Естіп қалсын дегендей мен тіріде,  
Айта берер қарамай ентігіне.  
Арагідік меззейді ошақ жақты,  
Ұршық ұстап отырған кемпіріне.

Сөздер айтса егерде шын аталы,  
Ұқпай қалдың,  
Қысылама,  
Сұра тағы.  
Кейде сені бір сөзбен жадыратып,  
Кейде сені бір сөзбен жылытады.

Сен білмейтін сырлар көп, асықпағын.  
Өзіңді де, қартты да жасытпағын.  
Көз алдыңда тұрады  
Әңгіме емес,  
Көп суреттің қойғандай пашып бөрің.

Ілікпеген әлі де жыр - қаламға,  
Біз білмейтін сыр көп-ау бұл ғаламда.  
Айхай, шіркін, не жетсін,  
Қарттарың боп,  
Сол қарттарды бір ауық тыңдағанға.

## ЖЕЗДЕ

Бала кезім,  
Жат, жақын деп бөлмейтұғын ешкімді,  
Бой түршігер құлаққа бір үрейлі сөз естілді.  
Бір-ақ күнде біздің үйдің бір адамы жоқ болып,  
Бір-ақ күнде әкеміздің орны төрде бос тұрды.

Ағай да онда тұрмыс қамын ойлайтындай жаста  
емен,  
Ал мен болсам бұған дейін түк те сезбей өскен ем.  
Бір-ақ күнде жездем келіп алып кетті аулына,  
Бір-ақ күнде өзге ауылға кете бардың көшпенен.



Жездеміздің бізге деген ықыласы басқаша,  
Ренжитін біздер үшін әпкем қазан аспаса.  
Өз үйіне алып кетіп жұбататын мені әр кез  
Ашуменен анам кейде ұрып-соғып тастаса.

Өте берді тап осылай,  
Өте берді көп күнім,  
Сездірмеді екеумізге әкеміздің жоқтығын.  
Оның сол бір қорғаныш боп жүргенінен болар ма,  
Әкесі бар балалардан биік тұрды шоқтығым.

Осылайша тұрмысымыз өтіп жатты бірлесіп,  
Жүрдік екі үй бір-ақ үйдің адамындай тілдесіп.  
Мен көбіне қонып жүрдім жездеміздің үйінде  
Ал жездемнің тұңғыш ұлы біздің үйде жүрді өсіп.

Осылайша өте берді әрбір күнім, әр айым,  
Біздер үшін қиындықтың жездем көрді талайын.  
Мен жездемнің көз алдында кете бардым жігіт боп,  
Көз алдымда жездемнің де қырау басты самайын.

Айта-айта тек аталы өсиет пен ақылын,  
Жездем бізді ер жеткізді-ау,  
Ер жеткізді-ау ақыры.  
Байқамашпын,  
Сөйтіп жүріп жігіттік пен қарттыққа.  
О, өмір-ай!  
Қатар жылышып келіп қашпыз ақырын.

## АПА

Мен кеткелі жаныңнан, апта, айлар өтті кеп,  
Ренжіп те жүрсің бе жатбауыр боп кетті деп.

«Аман болса жарар-ау,  
хабар жоқ» деп «өй көптен»,  
Айдау жолға телміріп қарайсың ба әйнектен.

Сен қимайсың ауылды,  
Қала сенше жат елдей,  
Мен қимаймын қаланы ақын болмай кетердей,





Арманыма жүргенде қуып жетсем екен деп,  
Ағайын мен ауылға кеттім біраз бөтен боп.

Мен солардың үйіне туғызғандай зобалаң,  
Дей ме кейбір туыстар,  
«адам болмас со балаң»,

Ол сөздерді қайтесің жүрегіңе жақын ғып,  
Балаңның бар өнері,  
Байлығы да ақындық.

Айта алмасам ұшқыр ой,  
Жаза алмасам өрен жыр,  
Ұлыңызға ағайын сонда ғана ренжір.

Келмей қойдың, қайтейін,  
Үгіттедім қаншалық,  
Көнбей қойдың ауылды «пейіш» қой деп  
тамсанып.

Дейсің бе әлде бұл жақтан қатарымды таппаспын,  
Мұнда да көп аналар өзің сынды ақ басты.

Бөтен жер деп,  
Шалғай деп,  
Жұрт айта ма?  
Жоқ бекер!  
Үйренісіп алған соң бұл да ауылың боп кетер.

## ШӨЛ ДАЛА. АПТАП

Қалып қояр жауын өткен шақтарда —  
Кездеспейді мұнда жылға, қақтар да.  
Боз дала мен сарша құмның өзіне  
Көзің таяр қарағандай ақ қарға.

Сапар шықсаң әзірленіп жолға нық,  
Ей, жолаушы,  
Шық, суыңды қолға алып.  
Бұл далада тығылады өзіңе  
Көлеңкең де күн көзінен қорғанып.



Мұнда шөп те жасы жетпей қартайған,  
Бар ғұмыры аспай бір, я жарты айдан.  
Денсаулығың қанша мықты болса да,  
Жаяу бір қыр аса алар ма ең,  
Әй, қайдам!

Меңіреу тыныштыққа онша таң қалма,  
Мұнда сирек құстар менен аңдар да.  
Шұбар ала кесіртке мен жыландар,  
Жорғалайды осы шұбар жондарда.

Жан-жағыңның бәрі-бәрі теп-тегіс,  
Ал жолаушы,  
Ал адасып кетпеңіз.  
Көз ұшында жеткізбейтін көк орман,  
Көз алдында толқындаған көк теңіз.

Жауын дейміз,  
Жауын мұнда іңкәрлік,  
Әр тұста бір жамау бұлттар жүр қаңғып.  
Кім біледі,  
Бұл өңірді Жер – Ана,  
Бір себеппен қойды ма екен мылақау ғып.

## АҢСАУ

*Төлеген Айбергеновке*

Сен ұл ең, өлең үшін дара туған.  
Тек қана сағыныштан жаратылған.  
Жарқ етіп поэзия әлемінде  
Қалды тек қайталанбас дара тұлғаң,

Тағдырдан болса дағы бір қателік,  
Есейтті сені өмір жырға теліп.  
Тастадың қатарыңның ұлы көшін  
Өзінің өр шыңына бір көтеріп.

Жоқ еді жырларыңда шаршау деген,  
Жүруші ең болашақты аңсауменен.  
Сапарың кетті бірақ басқа болып,  
Мәңгі өлмей сендей ақын қалса-ау, деп ем.



Жандардың шуаққа орап күзгі реңін,  
Жырларың тербетуші ед қыз жүрегін.  
Тағдырдың Бекежаны тап болды да  
Артында қалды өлеңің — Қыз Жібегің,

Жырладың табиғаттың наз қылығын,  
Жырладың аққулар мен қаздың үнін.  
Қаншама сұңқар жырлар туар ма еді,  
Әттең-ай, үлгіртпеді-ау аз ғұмырың.

Соншама шабыт кернеп,  
Жыр тулаған,  
Шақтарда кеудең қалай жыртылмаған.  
Ойпырмай, осыншама сағынышпен,  
Қайранмын!  
Сені қалай бір туды анаң.

Болғанмен өлең жайлы мың күн егес,  
Жазбаса нағыз ақын жыр түлемес.  
Әйтеуір тап сендегі сағынышқа  
Өртеніп өлмеу әсте мүмкін емес.

## ҰЛЫМ ДИДАРҒА

Беймазсың-ау, сен тіптен,  
Беймазсың-ау, балам-ай,  
Мазалайсың әкеңді, көңіліне қарамай.  
Неге осы үшеуміз сыйыса алмай қоямыз.  
Бір топ адам сыятын бөлмемізге даладай.

Бала жайлы азды-көп түсінігім бар менің,  
Бірақ сендей сотқарды бұрын-соңды көрмедім.  
Бүкіл үйге бір өзің қожа болып шықтың да,  
Бұйырғаны әкеңе бір бұрышы-ақ бөлменің.

Кейде тіпті сен үшін туып та жүр ұрыс-дау,  
Ал ұйықтаған кезінде болады егтеп тыныштау,  
Түсінбейсің ештеңе,  
Айтатыны анаңның;  
Керек екен өзіңе тек әйтеуір ұрыспау.



Анаң мен Мен біріміз  
Бірімізге қараймыз,  
Біле алмадық сенімен келісеміз қалай біз.  
Қашан адам боларсың,  
Біздер әлі жасыңды  
Бір-ақ қолдың, ұят-ай;  
Саусағымен санаймыз.

## БЕЛГІСІЗ АҚЫН ТУРАЛЫ БЕЛГІЛІ ТРАГЕДИЯ

Ол да жазған өлеңді кезінде көп,  
Жыр да оқитын басқаның сөзін бөгеп.  
Ол да онда түні бойы отыратын  
Жан дүниесін бір ғажап сезім бөлеп.

Ол да бір кез көп жұрттан өзгеше-тін,  
Ол да бір кез жиятын сөз көшетін.  
Ол да бір кез әртүрлі жиындарда  
Өлең оқып жүргенде кездесетін.

Ақындарша ол да ойлап,  
толғанатын,  
Қаламды ол да шабытпен қолға алатын.  
Бір күндері  
«өлеңді қойдым» деді  
«Жетеді-ау, деп менсіз де қалған ақын».

Неге, неге...  
Білді ме өз бағасын?  
Түсінбедік бұл жұмбақ көзқарасын.  
«Қажеті не жыр жазып» деді кейін  
«Өзгелерден артықтау жазбағасын».

Жазбаймын деп өлеңді аз бағалық,  
Қойды алаңсыз,  
Содан соң жазбады анық.  
Ие болды өзге бір мамандыққа,  
Біз де ол жайлы сосын сөз қозғамадық.



(Кім біліпті,  
шабыттың отынан ба),  
Айрылғанда ақындық атынан да.  
Жыр жазғысы кеп жүрді  
Біреулердің  
Жақсы өлеңін бір жерден оқығанда.

Шыққаннан соң ақындық үйірден де  
Түзеп алды жағдайын,  
күйін демде.  
Бірақ өлең мазалап келе берді  
Қуанғанда  
немесе күйінгенде.

Жыр аруағын қойса да өкпелетіп,  
Өлең оны мазалап көп келетін.  
Кейде елеңдеп оңаша отырғанда  
Тамағына шумақтар кептелетін.

Ұмытылып таныс жол,  
таныс бағыт,  
Жыр көшнінен қойса да алыс қалып,  
Ұйқысынан кей-кейде оятатын  
Өлең оған кесел боп жабысты анық.

Өз салмағын өзіне өлпетпеді,  
Өлең оны осылай бөлшектеді.  
Амалы жоқ,  
Содан соң жазып жүрді  
Жазғанын тек ешкімге көрсетпеді

## ҮМІТ

Ергеректе болатұғын бір досым,  
Бір ауылда жүріп жаттық бірге өсіп.  
Ата-анасы жатсынбайтын мені де  
Баласымен тату-тәтті жүргесін.

(Уақыт өтсін,  
Қаншама артта жол қалсын  
Ұмытылмас көкіректе қалған сыр).



Дос есімі — болатұғын Анарбек  
Жақсы оқитын,  
Өзі тіпті арманшыл.

Армандарын айтқан кезде,  
Сенбей көр!  
(Оны, бірақ айтысқанмен жеңбейді ер).  
Маған кейде ұрсатұғын  
«Түк шықпай  
Орта жолда қалады, — деп, — сендейлер».

«Ұшқыш болу, дейтін кейде, мақсатым»  
Кейде арманы — альпинист пен ақ шатыр.  
Жазушы боп,  
Ғалым болып немесе  
Шығарғысы келетұғын жақсы атын

Ата-анасы..  
Олар да аса қызық-тын.  
Неше түрлі қиялдауға жүзіп бір  
Қашан көрсең  
Отыратын тек қана  
Алдын болжап  
Әлгі «арманшыл — бұзықтың»

«Бізді қойшы,  
Ендігі үміт Анарбек»  
Деген сөздер естілетін маған кеп.  
Анарбекті айтатұғын үй-іші  
«Кемі — совхоз директоры болар» деп.

Сол досымның аузындағы жүз үміт  
Менің жиі көз алдымнан тізіліп  
Өтетұғын,  
Жүретінмін тек қана  
Анарбектің қиялына қызығып.

... Оқу бітті,  
Кеттік сосын бөлініп,  
Ол күндердің болды тіпті көбі ұмыт.  
Түскеннен соң арамызға төрт-бес жыл  
Анарбекпен қалдым бірге жолығып.

«Жұр, — деді, — үйге.  
Қарсы болып қайтемін,



Бардым еріп,  
Тыңдағым кеп «ертегін»  
Айтып жатыр,  
Айтып жатыр қалдырмай  
Төрт-бес жылда көргендерін әйтеуір.

Мамандығы —  
Қоймашы екен көптен-ақ,  
Дейді:  
«Бәрі жетіп жатыр,  
Тоқ тамақ»  
Шығында да көңіл-күйі жақсы екен,  
Жүрген жаңдай көрінбейді жоқ қарап.

Қызықпапты ғылымға да,  
Жырға да,  
Үйленіпті —  
Бітіргені бір ғана.  
Қаз-қаз басып  
Бөлмелерін аралап  
Жүр ойнақ сап, екі-үш жасар ұл бала.

Дейді:  
«Досым, қалды мақсат,  
Қалды шың,  
Осы жерге-ақ жетіп тыңды бар күшім»  
«Бізді қойшы,  
Ендігі үміт осы» деп,  
Көрсетеді қаз-қаз тұрған әлгісін.

## БҮГІН МЕН ЕРТЕҢ

Сәтсіздікке бүгінде кезіксек те талай біз,  
Ал ертеңге тек қана жақсы үмітпен қараймыз.

Аяқтауға бір істі жетпей қалса келте күн  
Ойлайсың ғой бітер деп еске түсіп ертеңің.

Жетем деген жеріңе жете алмасаң...  
Жол ұзақ,  
Қона жүргің келеді келер күннен қарыз ап.



Жатқан науқас төсекте әлі кетіп кем-кемдеп,  
Үміттеніп қояды,  
Жазылармын ертең деп.

Ойда жоқта досыңмен сөзге келіп қалдың ба?  
Келісерміз, ертеңім бар дейсің ғой алдымда.

Сүйгеніңнен хат келмей зарықтырса, сарғайтып,  
Ертеңің бар және де өзіңді өзің алдайтын.

Ертең қымбат екен ғой,  
(түсін мейлің, түсіңбе),  
Өле-өлгенше өзіңді емексіту үшін де.

## ТУҒАН КҮНГІ СӨЗ

Қаншама қуаныстық, өкпеледік,  
Қанша рет арман-сырды шерткен едік.  
Десек те  
Өзің туған бір күніңе  
Кетесің, бір күндері жетпей өліп.

Мықты боп қанша ұрғанмен құр төсіңді,  
Өмірің тез бітетін білте сыңды.  
Қалай да кетерсің хақ, бұл жалғаннан  
Іше алмай туған күнгі бір тосыңды.

Тағдырың бермесе де басқа мұңды,  
Өткізбей жүрсек дағы босқа күнді.  
Әйтеуір көре алмасың анық бір күн  
Жиналған туған күнге достарыңды.

Іздескен бақытың боп қарсы алардай.  
Қызық көп бұл дүниеде қансонардай.  
Десек те  
Кететінің анық бір күн  
Өзің туған күніңде ән сала алмай.

Достарым,  
Айтыңдаршы, серіктерім,  
Кімдерге хабар айтып келіпті өлім.





Сондықтан өзім туған бір күніме  
Жете алмай кететінім анық менің.

## ТӨЗІМ ДЕГЕН НЕ, ДОСТЫМ?

*(Сауд Арабиясының ақыны А. А. Аттардан)*

Төзім деген не осы,  
Төзім деген не, достым?  
Бұл жөнінде кеңірек келеді бір кеңескім.  
Бейшара мен әлсіздің жұбанышы төзім бе?  
Солай-ау деп ойлаушы ем,  
ойлаушы едім өзім де!  
Ренжісең төзе біл,  
кемсітсе де,  
өлтірсе,  
Бұл өмірде қиын-ақ өмір сүру еркіңше.  
Арызданба,  
кіжінбе таршылыққа, о достым.  
Түңілгендер өмірден бақыт тапқан емес түк.  
Азаптандың,  
түншықтың нәтижесіз қаншама,  
Тек шыдамның шынжыры үзілгенше шаршама.  
Өз-өзіңді қорғап бақ,  
қорға,  
қорға бір тынбай,  
Қалай тұрсың сілкінбей,  
қалай тұрсың жұлқынбай?  
Қалдықтарын ескінің —  
жалақор мен арсызды —  
Құрту керек соларды,  
солар құртты әлсізді.  
Болмайтынды болдырар жарып шықса кек қайнап,  
Өш алуға келерсің,  
ораларсың от байлап,  
Кек семсері серпілсе — жайғастырар талайды ол,  
сілтерсің-ау еркіңше,  
бірақ... бірақ... абай бол!  
Шырмауында шыдамның қалып жатыр қанша адам,  
Қараңғы мен қапаста өксіп-өксіп шаршаған,  
Булықтырған іштегі ашу-ыза — қозғаушың,  
Сілкіндіріп орныңнан тұрғызады өз даусың.



Ақымақ пен арсыздар сайран салып, сән құрып  
Данышпан мен жақсылар аш жүреді қаңғырып.  
Жағымпаздар тек алтын сарайларда күн кешіп,  
Намысқойлар, обал-ай, пана таппай жүр көшіп.  
Неткен бұзық өмір бұл!  
Опасыздар кетгі өсіп,  
Адал жандар жүр, өне, көкірегін кек тесіп!  
Соқыр болғым келеді, бұл сұмдықты көргенше,  
Ақыл бергім келеді бірер жанға өлгенше...  
Реніш пен ызадан сіңір болған жүректі,  
Келмейді әсте,  
келмейді кеудемде бос, түнеткім.  
Айтар болсам тағы да төзімділік жайында,  
Тыңда мені, о, достым,  
берілме еш уайымға.  
Күштілердің алдында қалтырама,  
жасқанба,  
әлсізбін деп көндікпе,  
өзіңді-өзің баста алға.  
Төзімі мол жандарға, сусынын бер, жігердің,  
Ал тілесей тыныштық,  
тыныштығын тіле елдің.  
Көтер көне, еңсеңді!  
Айыптыға жаза кес!  
Сатқындардың күнәсі аз емес-ау,  
аз емес!  
Момындардың желкесін жауыр қылды жауыздар,  
Қимылдасай, сенде  
қол,  
аяқ бар,  
ауыз бар.  
Өзің құдай санаған сабаздарды кешпе түк,  
Аяғыңа өзі кеп жығылса да ес кетіп..  
Болған емес,  
болмайды зұлымдықтың өлшемі,  
төзім менен шыдамның соңдықтан да бар шегі!

\* \* \*

«Арманды сүйген,  
Ақ көйлек киген,  
Өтеді алдан бір бейне...»



Осы әнді іштей түр едім айтып,  
Қасымнан жайлап өтгің сен.  
Өмірде өзің бар екенсің-ау,  
Тап сендей қыз жоқ деп білсем.

Ажарың қандай!  
Мүсінің қандай!  
Жүрісің қандай,  
Ойпырым-ай!  
Өзіңді қолға түсіріп алмай  
Кеудемді баққа толтырмай  
Келместей сәнім,  
Түсінем бәрін.  
Алқынып барам,  
Ентіктім.  
Жиып ап бүкіл көшенің сәнін  
Барасың ұзап сен тіпті.

Сенде де сондай —  
Сен де ақ көйлек.  
Кеудемді кеттің жырлатып,  
Шақырып мені,  
Тұрғандай «кел» деп  
Өзің боп бейне бір бақыт.

Ажарың қандай!  
Мүсінің қандай!  
Көйлегің қандай...  
Балтырың...  
Алыстан байқап,  
Келемін қалмай  
Айыптай көрме, жарқыным!

Қаншама жолдар жүргелі мені  
Тартпады сендей бір бейне...

... «Бола ма жолым,  
Білмедім оны,  
Сүйе ме мені, сүймей ме!»



\*\*\*

Ұйқым қайда,  
Ұйқым қайда жоғалған,  
Тыныштыпай ма кеудедегі көп арман.  
Бұған себеп уақытым да тоналған,  
Күтіп тұрған бақытым ба жоқ алдан,  
Түсінбеймін,  
Ұйқым қайда жоғалған.

Түсінбеймін,  
Маған сонша не болған.  
Қайдан келді бұрын-соңды жоқ арман,  
Қозы аңсаумен өткен деуші ед Баянын,  
Бұл сағыныш жетті ме әлде солардан,  
Тыныш ұйқым қалай ғана жоғалған.

Біле алмадым:  
өзім бе бұл,  
түсім бе,  
Тұрмын қазір ақ сағымның ішінде.  
Шуағыммен сипап өтсем өзіңді,  
Сен де маған көлеңкеңді түсірме,  
Бір жүрейік сол сағымның ішінде.

О, періштем, түсін, мейлің түсінбе,  
Жаңа сездім сағыныштың күшін де.  
Ең болмаса айналасып өзіңмен  
Жатайыншы түсімде —  
Бұддыр дүние ішінде!.

\*\*\*

Не десем екен —  
Қасымда тұрсың сен менің.  
Не десем екен —  
Мен саған.  
Қаншама күттім,  
Қаншама күттім,  
Келмедің,  
Күтумен жүрем шаршаған.



Не істесем екен —  
Тұтқының енді болсам ба?  
Не десем екен —  
Білмедім.  
Бір себептермен айрылып бір кез  
қалсаң да,  
Іздеумен мені жүр ме едің?

Жан едім сені үмітсіз ғана аңсаған,  
Кеудеме қазір паншылып ойлар тұр  
менің.  
Не десем екен мен саған,  
Не істесем екен...  
Білмедім!

\* \* \*

Сен менен күдер үз мейлің,  
Мен сені, жаным, іздеймін.

Сары дала, ақ жолдардан да,  
Белгісіз вокзалдардан да,

Елдегі ну егістерден де,  
Соңғы бір рейстерден де,

Аққулар көштерінен де,  
Жаңа жыл кештерінен де,

Қара орман арасынан да,  
Теңіздің жағасынан да,

Ақ түтек ақпаңдардан да,  
Құз-қия, шатқалдардан да,

Өзге елден, дала, белден де,  
Кез келген кемелерден де.

Мен сені, жаным іздеймін,  
Әйтеуір күдер үзбеймін.  
Сен мені, сонда, іздерсің:



Басыңнан бақ ұшқанда бір,  
Қайғымен табысқанда бір,

Жете алмай алдағы арманға,  
Егіліп жалғыз қалғанда.

Көңілсіз би кештерінде,  
Сүреңсіз күй кешкеніңде.

Төтті ұйқың бұзылғанда бір,  
Жас денең қызынғанда бір.

Аймалап құшқан қолдар да,  
Өзіңе дұшпан болғанда,

Пәктігің бүлінгенде бір,  
Бөрінен түңілгенде бір

Сен мені, мүмкін, іздерсің.

## ОТЫЗЫНШЫ ӨЛЕҢ

Көңілімде талай жыл қалғымаған,  
Ойларымды әдділеп алдыма алаам.  
Отызыншы өлеңді аяқтадым,  
Жиырма тоғыз өлеңді енді жазам.

Болмаған соң өлеңнен басқа бағым,  
Сол бағымды жанымнан тастамадым.  
Ұзартайын дегенім ғұмырымды,  
Отызыншы өлеңнен бастағаным.

Жақсы ойларым сіңген жоқ әлі құмға,  
Тербелеміз уақытың қайығында.  
Ей, оқырман,  
жоғалтпа сеніміңді,  
Жиырма тоғыз өлең тұр мойынымда.

Мені өлеңім арқылы таныңыздар,  
Қажет болса керегін алыңыздар.  
Енді жазар жырымның жүрегінде,



Жиырма тоғыз қуаныш,  
сағыныш бар.

Өзімді де, сөзімді  
шамаладым,  
Өлеңіме өмірден шоқ аламын.  
Жиырма тоғыз көктеммен қауышам да,  
Соншама рет өткенге ораламын.

Сырларым жоқ ешкімнен қалған бүгіп,  
Өз ойымды өзіме қорған ғылып,  
Бұл өмірдің жеткізем,  
қызықтарын,  
Жиырма тоғыз өлеңмен таңғалдырып.

Жақсылықпен бөленер жаны нұрға,  
Оқырманның жүрегі –  
жарығым да.  
Жиырма тоғыз қысым бар лүпілдеген,  
Жиырма тоғыз өлеңнің тамырында.

Жазылмаған жырларым парақтардай,  
Парақтарды ашқанша тағат қалмай,  
Қалғуға да уақыт жоқ,  
қаңғуға да,  
Жиырма тоғыз өлеңім аяқталмай.

## ОЙ ӨЛШЕМІ

Ей, жазира,  
мен сенен биік тұрмын,  
Биік тұрмын,  
самалын сүйіп қырдың.  
Сенің төсің құлшырып кетсе екен деп,  
Өлеңімді нөсер ғып құйып тұрмын.

Ей, ақша бұлт,  
биікпін сенен де мен,  
Сенен әсте кезім жоқ төмендеген.  
Мені сенен биікке алып шығар,  
Қанатым бар талмайтын «өлең» деген.



Сен де менен Алатау, төмендесің,  
Кеттім қазір биіктеп сенен де шын.  
Көрген адам ақ бұлтты

ол – бұлт емес,

Ақын мінген ақ желкен өлең десін.

Жаным жерде болса да,

жаным жерде,

Мен биікпін,

биікпін бөріңнен де.

Менің отты жырларым екен деп қал,

Көкжиектен күн ерте көрінгенде.

## ШӨЛ

Ойларымды жеткізсем деп елге мен,

Ақын едім,

жақсы өлеңге шөлдеген.

Тамшы болып тамсам деп ем

осынау,

Кензесі кеуіп жатқан жерге мен.

Шығып еді өсемін деп құлшынып,

Бір шыбыққа сүйеніп тұр бір шыбық.

Шөлін мәңгі қандырмайды ешкімнің,

Шөлі мәңгі қанбайтұғын тіршілік.

Шөлдеу керек,

шөлдеп көрші сенбесең,

Шөлің қанса ой қашады кейде өсем.

Тамшылап бір тұрған суға қызықпа,

Жақсылап бір шөлдеу керек, шөлдесең.

Болады ғой таңертең де,

кешке шөл,

Болады ғой ағайынға,

досқа шөл.

Болады ғой тоғыңда да,

ашта шөл,

Болады ғой сауыңда да,

маста шөл,





Бәріміз де қанбай жүрген әлі күн,  
Сағыныштың шөлі мүлдем басқа шөл.

Үлкеннің де,  
баланың бар өз шөлі,  
Қаланың да,  
даланың бар өз шөлі.  
Онсыз дағы шөлің қанбас өмірде,  
Жамандыққа шөлдетпесін тек сені.

Шөл даланы,  
сахараны көрмеген,  
Туған жоқ ем, шөлі қанбас жерде мен.  
Алаңдаймын шөлім қашан қанар деп,  
Адамдаймын суда жүріп шөлдеген.

Ең соңғы шөл —  
шөлдейді адам өлерде,  
Оқырманым, шөлдеп жүр-ау, дегенде,  
Жақсылап бір танытатын мені елге,  
Шөлдеп жүрген ақыныңмын өлеңге.

## АҢСАУ

Ұйқым қашып жүрсе де қаншалық түн,  
Біраз өлеңнің әйтеуір басын шалыпшын.  
Аз-аздан алып тастадым өлеңге орап,  
Мойнымда жүрген біразын қосымша жүктің.

Босаттым біраз миымды,  
ойымдағымды,  
Шығардым біраз қуаныш,  
уайымдарымды.  
Қайырдым біраз өрісте жүрген ойларды,  
Білмеймін бірақ қаншасын қайырғанымды.

Өрістегі ойдың біразы қорамда бүгін,  
Түсіп те жатқан сияқты, қаламға жүгім.  
Алдаған еді алдамшы өлеңдер біраз,  
Болмаған еді бұл ойлар санамда бұрын.





Шешілмеді,  
түйін мүлдем қатты екен,  
Менің көңіл-күйім мүлдем өзгерді.  
Қанша түйін қанша уақыт жатты екен,  
Күтіп жүрмін түйін шешер кезді енді.

Қуанышты хабар күттім,  
келмеді,  
Түйініме қосылды ол да түйін боп.  
Барлық ойды,  
барлық затты жердегі,  
Тастағандай болды құдды түйіндеп.

Әйелдің де көңіл-күйі жоқ бүгін,  
Ол да түйін,  
білмеген соң себебін.  
Тағы да бір түйін болып өтгі күн,  
Түйінсіз бір күнді өткізсем деп едім.

Бір сыйлайтын ағамызға жолықтым,  
Сөйлескісі келмегендей,  
тыржиды.  
Бұл кісіге не болған деп қорықтым,  
Бұл күнім де түйін болып жылжиды.

Араласып кеткендей-ақ ақ, қараң,  
Бәрі түйін денеңдегі сырқаттың.  
Кездесесің түйіндерге қаптаған,  
Десең дағы қаншалықты жол таптым.

Әлсіретіп көретұғын жарықты,  
Тамырымның кей жерлерін тығындап.  
Сұйық қаным түйін болып қалыпты,  
Жүрегіме құйылуы қиындап.

«Неге» деген сұрақ кетпес жоғалып,  
Соның бәрі түйін болып жиналды.  
Бір ғұмырың жетпейді екен,  
ол анық,  
Шешу үшін түйінделген ойларды.





Сөз қанжарын қайраумен жүрді ылғи,  
Жүрегінде жүретін қайрақ тасты ап.

Қалдырам деп өшпейтін төзімді өлең,  
Ұйықтамаған бұл ақын,  
көз ілмеген.

Ауыр-ауыр ойларға кетті айналып,  
Өлеңдегі жеп-жеңіл сезім деген.

Бізге қарап ренжіп жүр ме екен деп,  
Өлең кейде өксиді Жүмекен деп...  
..Сағынғанда кітабын қолыма алсам,  
Жүмекенді жүремін тірі екен деп.

## КӨҢІЛ СЫРЫ

Денем ұйып барады,  
ұйып денем,  
Бұған дейін бұл денем бүйтпеген.  
Басымдағы байланған күйікпенен.  
Мазам кетіп жүр ме деп күдіктенем.

Несі жарты денемнің,  
несі бүтін,  
Тыныш ұйықтайтын келеді есіме түн.  
Мынау жарық дүниеде шіркін өмір,  
Қалды ма әлде азайып мен суретін.

Неге әлсіреп барамын күннен күнге,  
Қайда кеткен көңіл-күй жүрген бірге.  
Қорғандай боп тұратын алынбайтын,  
Қалғандай ма босаңсып іргем мүлде.

Тұрсам неге кетеді бас айналып,  
Таба алмадым себебін еш ойланып.  
Күңгірттеніп кетеді ашық аспан,  
Тұратұғын бір кезде арайланып.

Тәбетім жоқ ауқаттың ешбіріне,  
Асқазан да әлсіреп,  
ескіре ме.

---

Бір кездегі жайнаған жайлауынан,  
Менің қайран көңілім көшті неге?

Көңіл-күйім,  
бұрынғы мазам қайда,  
Қызығы да көңілдің азайған ба?..  
Бір кездегі армандар арайланған,  
Кеткен сынды айналып тозаңдарға.

Көлбеңдейді көңілде көбелегім,  
Қалғандай ма төмендеп төбелерім.  
Тоқтай бергім келеді аяңдасам,  
Ұйықтай бергім келеді неге менің?

## ТЕКТІЛІК ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК

*Немерем Дәулетке*

«Тексіз» деген сөзді естіген кезде мен,  
Басқаша бір адам көрем өзгеден.  
Ойын ашып айта алмайтын,  
Мақсатына жете алмайтын,  
Толмайтын да,  
ортаймайтын,  
Жақсы шал бол қартаймайтын.  
Жөндесең де  
жөңделмейтін,  
Адамға ұқсап әйтеуір бір.  
Көз алдыңда көлбеңдейтін,  
Пенделерді көрем мен.  
Бұны, бірақ, түсіндіру,  
Оңай емес өлеңмен.

«Тексіз» деген —  
қарғыстың ең үлкені,  
Ондайлардан ойлы адамдар үркеді.  
Ондайлардың бүгіні де болмаған,  
Ондайлардың болған емес ертеңі.

Аталардан қалған анық өсиет,  
Тектілік те — қанмен келер қасиет.



Алға,  
кейін қарасақ та,  
Бүгіннің де,  
                    болашақ та,  
Тектілердің бойында.  
Өмірде тік тұру үшін,  
Қасиетті ұғу үшін,  
Жазу керек тек тектілер жайында.

Бойға байлық — ақша қонсын,  
Мейлі тіпті патша болсын.  
Тексіз жандар сөз айтпайды санады,  
Тексіз адам — тексіз болып қалады.  
Сондықтан да тексіздердің,  
Болашағы — қаралы,  
Жүректері — жаралы.

Әкең жақта,  
                    Анаң жақта.  
Бір тектілік болмаса,  
Онда адам санатында,  
Жүргенің де далбаса.

Тұрлыханов Дәулет деген, —  
Ол бір текті әулет дер ем,  
Сол тектілік сол жандарға,  
Сіңген сүтпен,  
                    жөргекпенен.

Бұл күндері қарап тұрсаң қазағым,  
Білмейтұғын өз әлін.  
Биліктегі тексіздердің,  
Көріп жатыр азабын.  
Тексіздердің толғаны да —  
                    тексіздер,  
Тексіздердің қорғаны да —  
                    тексіздер.  
Әй, тексіздер, тексіздер!  
Сендерменен күресуге дәрмен жоқ,  
Сендер мүлдем көпсіздер.

Бара жатыр сарқылып,  
Тектілердің бұлағы.



Ал, тексіздер,  
тексіз қоғам құрады,  
Келер ұрпақ кешірмейтін,  
Енді оңай шешілмейтін,  
Бұл – заманның сұрағы.

Тал бесікке бөлегеннен,  
Дәулет деген немеремнен.  
Байқап жүрмін тектілік.  
Сол Дәулеттей болсыншы деп,  
Қойған едім аға Дәулет есімін.  
Үмітімді ақсатпапты,  
Сол Дәулетке ұқсап қатты.  
Өсіп келе жатыр ботам осы күн.

Арасында жүрген жоқпын елестің,  
Менің дағы тегім осал емес-тін.  
Жақсылықтың жылынсын деп отына,  
Затына сай болса дедім аты да.

Талай қазақ мән бермеген кезінде,  
Заңдылық бар ат қоюдың өзінде.  
Бірақ, бірақ,  
арқалап ап жақсы атты,  
Талай тексіз тектілерді ақсатты.

Сол тексіздер ойрандады,  
Ата-баба армандаған мақсатты.  
Тексіздердің жүрегінде жоқ үміт,  
Ешкімді де сүймейді олар сағынып.

Тектілердің болса, шіркін, жолы ашық,  
Адамзатқа жүрер еді жаны ашып.  
Ал, тексіздер,  
ырыдасып жүрсе ғой,  
Өлген иттің терісіне таласып.

Жаратушы жебеген,  
Менің құйттай немерем,  
Тектілердің қатарында жүрер деп,  
Алды-артымды ойлап қоям түгендеп.  
Аман болсам,  
көрсеткім кеп тұрады,  
Міне, осы нағыз текті деген деп.





Тектілердің сарқылмаса бұлағы,  
Тектілердің сөнбесе ғой пырағы!  
Кетсе, шіркін, тарылып,  
Күннен күнге тексіздердің тұрағы.  
Тексіздердің жаны – кір  
Тексіздерге құлағаның,  
жылағаның – бәрі бір.  
Тексіз болып туса егер ұрпағы,  
Текті еркекті – тексіз әйел құртады.  
Бола алмайды текті әйелдің қорғаны,  
Текті әйелді тексіз еркек құртады.

Бір тектілік болмаған соң бір үйде,  
Тек сол үйде қорқынып та,  
үрей де.  
Жүрегіңде жүретұғын құлпырып,  
Тектілікте – сұлу өмір тұр тұнып.

Амал қанша,  
тектілерге шөлдейміз,  
Тектілердің тегін біле бермейміз.  
Тексіздердің жүрегі де – көк темір,  
Тектілермен жасалады – текті өмір.  
Тексіздерді білуге де жоқ көңіл,  
Тексіздермен жүруге де жоқ көңіл.

Өзімді өзім алдайыншы алдасам,  
Әлгі Дәулет немеремді ойласам,  
Тексіздердің дауылынан қашам да,  
Тектілердің ауылына жайғасам.  
Ол жерде де халық бар,  
Сол жерде жүр Дәулет Тұрлыхановтар,  
Солар нағыз алыптар!

Жан дүниемді мен де біраз ақтарғам,  
Тектілік те туады екен текті ойдан.  
Тектілердің қатарында жүрсін деп,  
Немереме Дәулет деген – ат қойғам!



# САЛМАҚ ЖАЙЛЫ ЖЫР

*Нурсана бауырыма*

Өлшеп берген салмақ әсте,  
салмақ болып жарықтаған  
Өз өлшемі,  
салмағымен  
өмір сүрген алып бабам.  
Сендей ұлдар шығар деймін,  
қазағымның қасиетін,  
Салмақсыздар заманыңда,  
салмағымен анықтаған.

Өзіңде де,  
сөзіңде де,  
сезіп жүрмін салмақ барын,  
Сол үшін де аялайдым,  
сол үшін де ардақтадым.  
Қара нардай қасқайып бір  
тұрар едің ел алдында,  
Қалқып алып көрсетсе егер,  
қазағымның қаймақтарын.

Жылтылдаған,  
жылпылдаған,  
қаптап кетті шабақ – бейне,  
Өмір сүру дегенді олар,  
қарын таяр тамақ дей ме.

Салмағыңды бағалаймын,  
саралаймын кейде іштей,  
Өз салмағын сезінбейтін  
пенделерге қарап кейде.

Салмақ деген – өлшем емес,  
қасиетті ұғым дер ем,  
Ардақты жан – сол жандар ғой,  
салмағымен сүрінбеген.  
Адам қанша бұзылса да,  
заман қанша құбылса да,  
Асыл інім, салмағыңа  
ризамын бүлінбеген.



Салмақ сенің қарамайды,  
абыройың, атағыңа,  
Салмақсыздар тұра алмайды,  
салмақтылар қатарына.  
Салмағы бар халық еді,  
қасиетті қазақ елі,  
Айналмаса екен деймін,  
салмақсыздар Отанына!

## БҮЛКІЛ

Көп айтпаймыз осы бүлкіл жайында,  
Өлеңге де көп қоспаймыз бүлкілді.  
Қыз-келіншек бүлкіл жүрген ойында,  
Ойға кетіп қала ма деп біртүрлі.

Жаққан отты лапылдағып қоймасаң,  
Қайнайды етің қазаныңда бүлкілдеп.  
Кейде осы бүлкіл жайлы ойласаң,  
Өз-өзіңнен кетеді екен күлкің кеп.

Қармақ салсаң бүлкілдейді қалтқың,  
Бармақ сорсаң бүлкілдейді ерінің.  
Көмекейі бүлкілдейді халықтың,  
Бүлкілі ғой ол да ет пен терінің.

Кетті қашып бүлкілдеген ой талай,  
Ойлай берсең,  
санай берсең бүлкіл көп.  
Кейде көзің түсіп кетсе байқамай,  
Көрпелер де кетеді екен бүлкілдеп.

Бүлкілдетіп өзіл айтар жеңгей де,  
Бүлкілдетіп емізді ғой шешеміз.  
Шарапты да бүлкілдетіп кей-кейде,  
Бөтелкенің ауызынан ішеміз.

Ойдың түрін,  
сөздің сырын ұғып көр,  
Көз алдында тұрған қызға үлгілдеп,



Қалжың айтса жаныңдағы жігіттер,  
Бұрыла сап,  
қыз кетеді бүлкілдеп.

Жақсы екен деп мынау жазған өлеңің,  
Мақтамай-ақ қойсын ешкім «шіркін» деп.  
Бүлкілдетіп көрейінші деп едім,  
Көмейімнен шықты бұл жыр бүлкілдеп.

## ҚҰСТАР

Қанаты бардың бәрі де құсқа жатпайды,  
Құс десек бәрін,  
дүние құсқа қаптайды.  
Ара да құс боп,  
сона да құс боп кетеді,  
Маса да құс деп адамдар онда отғайды.

Ұшады бәрі,  
бәріңде қанат болғасын,  
Көбелек құс боп,  
инелік құс боп самғасын.  
Қанаты бардың бәрін де құсқа баласақ,  
Құс болсын бәрі,  
шыбын-шіркей де қалмасын.

Адамдар баста қалайша бөлген арасын,  
Таппады ма әлде құстармен олар жарасым.  
Олар да кейде ақымақ адамдар сынды,  
Құстарға сәл-сәл келтіріп қойған жобасын.

Ойына қарап,  
бойына қарап бөлген бе,  
Құс болмаған соң шыбын-шіркейлер шерменде.  
Көзіңе кейде елестейді екен майдалар,  
Жер басып жүрген майда адамдарды көргенде.



# ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

## АҚМЕШІТ АЖАРЫ НЕМЕСЕ СЫРДАРИЯ ЖАЙЛЫ СЫР

### 1. КӨРІНІС

Сырдың ағысы аға алмай баяулап қапты,  
Жүрдек пойыздай жүйткітін,

жаяулап қапты.

Қоңыр күздей боп қарайды қоңырқай жүзі,  
Арғы беттегі жағаның бояу жақтары.

Толқыны да жоқ бұрынғы,

алысып жатқан,

Тарамдары жоқ бұрынғы

жарысып аққан.

Үн-түнсіз жатыр күрсініп жағалаулары,  
Өтпей қалғандай уақыттың бәрі сынақтан.

Біздің ауылды саласы орап өтетін,

Өзгеріп кетгі бұл күнде бала мекенім.

Ауылым жаққа жайылып қала көшіпті,

Көрмеген жерді көргендей қарап өтемін.

Жағалау, жарлар қалыпты табанға құлап,

Ұнамай-ақ тұр бұл сурет маған да бірақ.

Су болмаған соң сұлулық – ну қайдан болсын,

Сырдария емес,

тұрғандай жағаң да жылап.

Жағалауыңның болатын сәнді ағаштары,

Көкорай майса жағаңнан ол да алыстады.

Білмеймін қайда асығып бара жатқаның,

Ағайындар жүр жанталас,

қарбалас бәрі.

Мәуесі балдай жиделер бұта боп қалған,

Жалғыз тораңғыл теңселіп жотада қалған.

Түріңді көріп қажыған

қажып қайтамын,

Пейіштей болған мекенім,

Атадан қалған.



Көңілсіз ойлар қашанда жатаған болған,  
Дарияның суы балықсыз  
бақаға қорған.

Қырғауылдарың азайған  
қояндарың да,  
Қызылқұм жақ та ұқсайды қараңғы құмға.  
Күш бергендей боп ел жақтан қайтушы едім,  
Түс көргендей боп қалыпшын оянғанымда.

## 2. КӨРІНІС

Дәл мұндай емес еді ғой түр-түсің бұрын,  
Жоғалтқан елім баяғы күлкісін бүгін.  
Тозады дейтін еді ғой қариялар жер де,  
Жазады екен қажыған қыртысыңды кім?!

Оңтүстік жақтың сияқты ең күре тамыры,  
Көңілдердің де сейілер қара тұманы.

Ажалың қашып кетер ед,  
ажарыңды ашып,

Азамат болса қадіріңді білетін әлі.

Мақтанушы едік,  
көркіңді қызға қаратып,

Төсіңе келіп үйрек те,  
қаз да қонатын.

Бауырыңды енді ісінген кім жазар екен,  
Жауырыңды жатырсың тұзға жалатып.

Айқайлап қойып жүретін балықшыларға,  
Тартоғай жақта жоқ бүгін қайықшы шал да.  
Күнкөріс үшін қалаға тентіреп кетті,  
Табиғатыңды қорғайтын қорықшылар да.

Білмедім, мұнай – бағың ба,  
сорың ба сенің,

Белгісіз қазір барың да  
жоғың да сенің.

Қуанып барып,  
түнеріп қайтатын болды,

Мен сияқты боп ұлдарың сағынған елін.

Байлық па байлық  
табиғат бүлінгеннен соң,









Ниеті түзу халықтың қашанда мұнда,  
Тумаған еді намысы осал жан мұнда,  
Арманым қазір үмітке арқа сүйейді,  
Жанарым құмар қарауға жасарған Сырға.

Аралдың мұңын дария ғой бөлісіп жатқан,  
Салалары да сарқылды жарысып аққан.  
Аялдаса ғой өз елін өркендетуге,  
Азаматтарым,  
елінің намысын жыртқан!

#### 4. ҚАЙРАУ

Топырағы сорға айналды тұзды жамылған,  
Тұз жалап жатыр бұрынғы боздаған арман.  
Орыс билеген заманда сорлаған ел ғой,  
Азап шегуде көмегін созбаған қолдан.

Түзейтін ер ғой қашанда бесігін елдің,  
Ордасы еді ерекше төсің өнердің.  
Әлі де баяу қалпыңмен,  
әлі де жаяу,  
XXI ғасырдың көшіне ердің.

Жыраулар менен сүлейлер мекені болған,  
Сақтаған ел ек, мұраны атадан қалған.  
Қала сияқтанып келбетің енді кірмесе,  
Бала сияқтанып жатырсың әлі де алданған.

Басып-ақ жатыр дәмі жоқ тауар елімді,  
Аңсап-ақ жүрміз бал тамған мәуелеріңді.  
Кей азаматтар ерінбей елім деп жүрген,  
Жағдайыңды қайта түзеуге саған ерінді.

Қиырда да емес,  
тоғыз жол торабыңдасың,  
Сырдария енді қай жерге тығады басын?  
Жегіліп жатқан осынау байтақ елімнің,  
Салыстырғанда сен әлі аяғыңдасың.

Туған жерімнің бұл күнде сәні өзгеріпті,  
Әні өзгеріпті,  
қауынның дәмі өзгеріпті.



Шайырларымның кешегі өсиеті мен,  
Қасиетіңді кім сонша тереңге тықты.

Қаланың сәні — жайылған ауыл сияқты,  
Қоя алмай жүрміз біз саған тәуір сұрақты.  
Үмітімізді үзбейміз,  
қай кезде енді,  
Елім шуақты болады  
жерім шуақты?!

## СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

Теледидарды қосасың жатар алдында,  
Не болып жатыр екен деп жарық жалғанда.  
Ғайып болған да осы хабардың өзегі,  
Осы хабардың өзегі майып болған да.

Көресің жиі атысып жатқан елдерді,  
Көресің жиі сілкініп жатқан жерлерді.  
Көресің жиі тартылып жатқан көлдерді,  
Мұзды мұхитта бұзылып жатқан сеңдерді.

Өртеніп жатқан ормандар қанша сөнбеген,  
Сусырап жатыр суы жоқ елдер шөпдеген.  
Зарыққан елдер,  
тарыққан елдер теңгеден,  
Әйтеуір жатыр,  
аласапыран боп Жер деген.

Кім қалай өлді,  
қылмыс жасады кім қашан,  
Тыңдай бер бәрін,  
жүйкесі мықты жан болсаң..  
...Ақырзаманның хабаршысы сыңды бейне бір,  
Жаңалық қой деп,  
соңғы хабарды тыңдасаң.



## ТАҢ АТСА ЕКЕН

Таң атпайды,  
шіркін-ай,  
неге ертерек,  
Күн шықпайды күлімдеп,  
неге еркелеп.  
Қараңғылық бүркейді неге сонша,  
Бұл дүниеде,  
онсыз да көлеңке көп.

Таң атқаны –  
тіршілік оянғаны,  
Неге мынау дүние қараңғы әлі!  
Неге ертерек оятпай отырсыз деп,  
Қарап тұрған сияқты маған бәрі.

Таң атқаны –  
өмірдің басталғаны,  
Құс сайраса ғажап қой аспандағы.  
Адамзаттың бейнесі қандай әсем,  
Жарық дүние есігін ашқандағы.

Қандай әсем шапшылған күн шуағы,  
Жарық күн ғой көңілдің шамшырағы.  
Өлең болып қағазға түсіп жатыр,  
Жалт-жұлт еткен ойымның тамшылары.

## АРАША

Кешегі сор – бүгін бақ,  
Көңіл шіркін тойғасын.  
Жүретұғын шырылдап,  
Ей, араша, қайдасың?!

Қашсаң дағы әйелден,  
Қашсаң дағы баладан.  
Қашсаң дағы сен елден,  
Қаша алмайсың жаладан.



Қайтем миды ашытып,  
Көңіліңді күй тұнған,  
Жала сені шопығытып,  
Оятады ұйқыңнан.

Жала боп па ертеде,  
Тату боп па бар адам?  
Өмірдегі бар пәле,  
Болып жатыр жаладан.

Қанша кегін алғанмен,  
Жолын іздеп жанжалдың.  
Сырты бүтін болғанмен,  
Іші түтін кей жанның.

Иіскеместі иіскеп,  
Жемейтінді жейді олар.  
Бір-біріңе тиіс деп,  
Үгіттейді кейде олар.

Сосын әлгі жаласын,  
Жібереді желдетіп,  
Арашаға барасың,  
Көздің жасын көлдетіп.

Жан-жағыңа қарасаң,  
Жала жүрер жаныңда.  
Арқа сүйер — арашаң,  
Қиналған бір шағыңда.

Шындық деген — байқасаң,  
Арашаның Анасы.  
Сол Анасы әрқашан,  
Шырылдайды,  
қарашы.

Қорғанышың —  
араша,  
Адвокатың —  
араша.  
Күйіп кете бересің,  
Сол араша болмаса.



Қолдайтын ақ тілеуді,  
Арашаға айт алғыс.  
Мүмкін,  
ертең біреуді,  
Арашалап қайтармыз.

Кешегі сор —  
бүгін бақ,  
Жала — сұмның ермегі.  
Жүретұғын шырылдап,  
Ей, араша, кел бері!

## ҚАНАҒАТ

Оқылатын өлеңді,  
Терең өлең деп білем.  
Оқымайтын өлеңді,  
Керең өлең деп білем.

Соңдықтан да ойыңның,  
Өлең болсын қайрағы.  
Барлық ойың, тойыңның,  
Өлең болсын байрағы.

Болмасын еш қанағат,  
Отыр ойға қамалып.  
Жүрсін барша жамағат,  
Өлеңіңнен нәр алып.

Өлең — ойдың өлшемі,  
Оқырманға жетсін ол.  
Өміріңнің бөлшегі,  
Сияқтанып кетсін ол.

Өлеңіңнен нәр ал сен,  
Өлең сенен нәр алсын.  
Нәр алмасаң, одан сен,  
Ақын болмай қаларсың.

Ойың жатсын тереңде,  
Сүйсінетін жамағат.





## СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП

Сұра, інім,  
білмейтінің болса егер,  
Сұра, інім,  
шын сұрағың келсе егер.  
Әр адамның ойының да деңгейі,  
Сұрақ емес,  
жауабымен өлшенер.

Бұл өмірді оймен шарлап,  
көп сүздік,  
Сұрақ деген — таусылмайтын шексіздік.  
Сұрағы көп,  
жауабы жоқ адамды,  
Өмір өзі-ақ жібереді тексіз ғып.

Мынау өмір десек дағы өтпелі,  
Жауабы жоқ сұрақ мүлдем көп тегі.  
Сұрақ болып құйылады кеудеңе,  
Дыбыстар да сыңғырлаған шектегі.

Бұл дүниеде бәрі сұрақ,  
жауап аз,  
Жауабыңа болады тек бала мәз.  
Ол да сұрақ,  
қайда барып қонады,  
Анау ұшып бара жатқан ала қаз.

Сен білмейтін,  
мен білмейтін нәрсе көп,  
Көп жауабың шығады әрең әлсіреп.  
Білмейтіндер сұрағыңның жауабын,  
Жібереді,  
басқалардан алшы деп.

Кейбір сұрақ жауабыңнан жоғары,  
Ондай сұрақ қай кезде де бағалы.  
Кей ақылды сұрағыңның жауабын,  
Тек ақылды адам ғана табады.

Сұрақ миды шимайлаған тор сынды,  
Таусылмайды,



таусылмайтын жол сынды.  
Тозбайтұғын сұрақтар бар өмірде,  
Қозғайтұғын сұрақтар бар жан сырды.

Жауап ауыр,  
    қай кезде де сұрақтан,  
Сен сұрақсыз жүре алмайсың бір аттам.  
Пісіп тұрған ойларыңа обал-ақ,  
Берген жауап шығып жатса құлақтан.  
Отырғаннан үн-түнсіз боп шошайып,  
Сұра, інім,  
    сұрағанның несі айып.  
Келер күнің,  
    өлер күнің белгісіз,  
Бұл жауапты келер күннен тосайық.

## МЕНИҢ АУЫЛЫМ

Өзіме өзім қалайша сенбей кетем,  
Кейде маған жер жоқтай сендей көркем.  
Өссем дағы сол жерде  
    барып жүріп,  
Ауылым жайлы ештеңе білмейді екем.

Жүрмін әзір өзім де,  
    сөзім де аман,  
Ел қадірін ұқтырдың өзің маған.  
Сенің бейнең,  
    сен жайлы әлі күнге,  
Әлі ешбір кітапқа жазылмаған.

Сен бір жұмбақ кітапсың оқылмаған,  
Оқымаған мен емес ақырғы адам.  
Қанша сезіп тұрсам да тамырыңды,  
Тамырыңды баса алмай отыр балаң.

Ашылады ауылда тынысым да,  
Ауылда ғой ағайын,  
    туысым да.  
Қай кезде де ауылым ажырамай,  
Жүрегімнің жүреді қуысында.







## АУЫЛҒА БАРҒАНДА

Ауылға бардым,  
Ауылға талай барғанмын,  
Ауылдың сыртқы көріністеріне таңғалдым,  
Бәрі де таныс ана көше де,  
Анау үй,  
Маған ағайын,  
бәрі де осы жандардың.

Аулаларыңда шұбырып жүрген балалы үй,  
Бұл ауылға келсең шерітіп тұрғандай дала күй.  
Біреу жақтырса,  
біреу жақтырмас деп кейде,  
Біреу таныса,  
біреу танымас деп кейде,  
Ортадағы үйлер еңселі болып тұрған соң,  
Бұрыла салдым  
оңашалау бір шеткі үйге.

Ол үйден шыққан жандар да маған туысқан,  
Бүлдіршіндері сығалап қуыс-қуыстан,  
Көкеміз ғой деп,  
Ақын көкеміз деп біздің,  
Бір әдемі қыз «көке» деп сәлем беретін,  
Арасынан шығып топ қыздың.

Мәз болатынмын,  
Өсіп қапты-ау деп біздің ауылдың балдары.

Бәрінен жылы,  
бәрінен таза болатын,  
Кірлеу болса да қолдары.  
Сол ұстаған қолдан бойыма жылу енетін,  
Сирек келем деп уайымдаушы едім неге тым.  
Көкелеп жүрген сөзінен емес,  
көзінен,  
Өзіме деген бір сағыныпты көремін.

Шіркін-ай, қазір жасым ұлғайып қалса да,  
Өшпейтін ойда естелік жатыр қаншама.  
Ауылдағы сол әр табалдырық пен әр үйді,  
Жырлағым келіп тұрады қазір тамсана.





Менің де құрдас досым бұл,  
Жүрегімде мәңгі жатады.

Шуақ сепсем деп ауылым жаққа алыстан,  
Ойларымды орап отырмын жырмен жарысқан.  
Мен осы жерде бәйшешек гүлді тауып ал,  
Бәйшешек қызбен танысқам.

Бұл ауылға мүлдем төселмей қойсын тас көше,  
Естеліктері өшпесе болды,  
өшпесе!

Тағы бір менің құрдасым,  
досым бар мұнда,  
Ағамыз сынды арқырап жүрген алдымда.

Бағалай білген тұқымы ердің қанатын,  
Атына мінсе  
жап-жарық оған қара түн.

Жүрегіндегі атадан қалған Қазанат,  
Өмірін оның жүреді ылағи тазалап.

Байлығы оның, бағыты да оның — осылар,  
Басын бағалар ағайыны да,  
досы бар.

Досқа да ашық,  
дұшпанға да ашық есігі,  
Сейдәлі — оның есімі.

Ауылда жатып ойлайтын алыс бауырын,  
Жайлауда жатып ойлайтын туған ауылын.  
Баласы бекем,

баласын айтып қайтемін,  
Болашақ өзі-ақ айқындап берер ертеңін.

Сейдәлі қазір мұхитты кезген желқайық,  
Құлатпай жүрген желкенін.

Ал осы үйде бір,  
қыз бала көрдім сырғалы,  
Мұқабайымның көре алмай кеткен арманы.  
Мұқабайымның аялап ұстап тордағы,  
Мәпелеп жүрген ақ құсы.  
Осы үйге келін боп түскен,  
Жарылып кете жаздадым,  
Бұл қуанышты естіп мен!



Бақытты болсын дегеннен басқа, не айта алам,  
Осылар қатты сағынышымды шайқаған.

Біздің ауылда жетеді жаны асылдар,  
Жүректің құлпын сол асылдарға ашыңдар.  
Өнерге арнап өзінің жастық өмірін,  
Көтерген талай бұйығы елдің көңілін.  
Киномеханик Үбән деген — бір досым бар,

Сол досым жастай киномен жайды қанатын,  
Ең қызық кино біздің ауылда болатын,  
Сары балапан секілді сары әйелі,  
Мені көргенде қуанып, күліп қалатын,

Ауылдан қашық жайлы бір орын тапты ма.  
Соңғы жылдары көре алмай жүрмін мен оны,  
Қашан барсам да

жүр дейді оны вахтада.

Өзгермеген де шығар-ау сол бір түр-түсі,  
Өшпеген шығар езуіндегі күлкісі.  
Ауылым жайлы жазатын жырым көп әлі,  
Ғұмырым болса,

дариядай тасып ағады.

Ауылда бәрі сол суға қармақ лақтырған,  
Уақытым болса,

мен де бір қармақ салсам деп.

Ешкім алмаған я сазан,

лақа алсам деп,

Армандап қоям,

кім білер ол күн де келер.

Бір Құдай білсін,

қалтқым маған не берер,

Берік сол жерде,

мен қармақ салар иінде,

Тұрады менің ең жақын туыс үйім де.

Бодықтың үйін білмейтін қазақ жоқ шығар,  
Үйінің жанында бәйтерек те жоқ,  
жоқ шынар.

Еңбегіменен есейген осы ініме,  
Бақыттың төмен түспесін деймін тіріде.

Сен ұлы адамсың,  
ұлылығыңа сенем мен,



Сен маржан тапқансың,  
ешкім таппайтын тереңнен.  
Мүсініңдей ғой өмірдің бейне әлпетің,  
Уақыт өтсе де түрің жоқ әлі көнерген.

Сен жайлы Бодық жаза беремін ерінбей,  
Сен азаматсың,  
ауылдағы менің төрімдей.  
Білсе екен деймін ағайын, біздің достықты,  
Жүрсе екен деймін арамыз мәңгі бөлінбей.

Фирдоуси жазған Шаһнаманы талай жыл,  
Тарихта қалды өлмейтін мұра,  
талай жыр.  
Біраз шындықты шырайландырып кетер ем,  
Басымды бұрсам ауылым жаққа қарай бір.

Ал енді ауыл:  
Ауылым бітпес ертегі,  
Ертегі деген ауылымның бүгін, ертеңі.  
Дарынды ақын да дәріптеп жаза алмас еді,  
Осынау, піркін, сүйкімді сұлу өлкені.

Ауылым жаққа бұрғаннан кейін ат басын,  
Біреуге ұнап,  
біреулер сынап,  
мақтасын.

Айтып бір кету – парыз да,  
маған қарыз ғой,  
Ақарыс деген баламыз өскен отбасын.

Еліне басшы болу деген де мәртебе,  
Еркелей білсең  
еңбегіңменен еркеле.

Талапсыз,  
әрі жауапсыз бола алмайсың,  
Ағайыныңның салмағы түссе желкеңе.

Басшы болмашы бір күндік наның үшін сен,  
Ардақты інім,  
артықтау айтсам кешір сен!  
Өшпейді іздер,  
ертеңгі ұрпақ кешпейді,  
Көкелеріңнің салған іздерін өшірсең.





Абырой менен бедел дегенді артып ал.  
Ол кезде, балам,  
алыста болам мен сенен,  
Өлшемдеріңмен өмір сүрерсің өлшеген.  
Көрмейсің мені ақындар отырған жерден,  
Көрмейсің мені кіріп, шығатын кеңседен.

Сүйегім сонау жатса да мейлі тереңде,  
Ойланып сонда рухым жүрер төбеңде.  
Ойым болған соң  
санасы барға сыр айттым,  
Шаршап кеттім ғой,  
ақыл айтпаймын кереңге.

Ауылымның естір құлағы да бар,  
бар тілі,  
Әлемге кейде көз салам ауылым арқылы.  
Мақпал жамылаған тыныштықтан бір аумайды,  
Маужырап жатқан біздің ауылдың әр түні.

## НАЙМАН ДЕГЕН ХАЛЫҚ БАР

Қайыстырған саны жер,  
Тасқа қылып қайраған.  
Найман деген – қалың ел,  
Өр Алтайды жайлаған.

Асу асқан, жер көріп,  
Бабалары пайғамбар.  
Бір заманда ел болып,  
Хандық құрған наймандар.

Найман болып жаралып,  
Түскен жоқпыз Айдан біз.  
Осы жерден нәр алып,  
Өсіп-өнген найманбыз.

Сыймайтын бір өлеңге,  
Тарихы тым тереңде.  
Біледі ел найманды,  
Төлекатай дегенде.





Ертеңі де болмайды,  
Түп-тарихы жоқ елде.  
Біледі ел найманды,  
Ер Қабанбай дегенде.

Асырам деп айлаамды,  
Бара берме тереңге.  
Біледі ел найманды,  
Ерден, Дүзен дегенде.

Жырларымен арайлы,  
Тамсандырған талайды.  
Тамсандырған Абайды,  
Дулат Бабатайұлы.

Ұрпақ үлгі алатын,  
Ұлдары көп ақылды.  
Үлгі тұтар бар ақын,  
Ақтамберді ақынды.

Халық асқақ көрінер,  
Азаймаған салмағы.  
Найман деген — қалың ел,  
Қазақтың бір тармағы.

Бұзылмаған ортасы,  
Аңсағаны — азат күн.  
Наймандардың атасы,  
Бір атасы қазақтың.

Теңемеңдер осалға,  
Найман елі — іргелі.  
Іргелі елдің қашанда,  
Тағдыры да күрделі.

Кімдерің бар дегенде,  
Шыққан небір алыптар.  
Тамырлары тереңде,  
Найман деген — халық бар!



## КӨБІК

Төсегінде әйел жатыр,  
басы ауырып аздаған,  
Ошағымда қазаным тұр,  
жанған оты маздаған.  
Үстелімде «Көбік» деген тақырыбы ғана бар,  
Бір өлеңім жатыр, әне,  
әлі бастап жазбаған.

Бұл көбікті жазсам деп ем,  
көбік ойдан аршып ап,  
Енді отырмын ойларыммен  
өзімді өзім қамшылап.  
Бір ойларым пісіп жатыр,  
әлі сыртқа шықпаған,  
Бір ойларым түсіп жатыр  
ақ қағазға тамшылап.

Қаншалықты жүрсеңіз де  
жамандықтан жеріп Сіз,  
Өмір әсте болмайды екен,  
болмайды екен көбіксіз.  
Көбік сөзді көріксіз боп  
көбік ауыздан шыққан,  
Кейде тыңдап отырарсыз еріксіз.  
Бұл сөзіме құй сенбеңіз, сеніңіз,  
Аяқталмай қалған іс те — көбік іс.

Көбік сөзін хош аламыз биліктің,  
Сол көбікке шапаламыз көбіміз.

Бұл көбікте салмақ та жоқ,  
бола алмайды ауқат та,  
Осы көбік жоламайды  
жалғыз ғана сырқатқа.  
Көбік ауру болса оны  
сүзіп алып тастар ек,  
Көбік — өмір керек шығар  
қорқақтар мен жалтаққа.



Салмақты өмір,  
салмақты ойдан  
қапады олар өйткені,  
Олар әсте жүре алмайды  
салмақты адам боп тегі.  
Керік болмай,  
көбік болып жүрген жандар қаншама,  
Мағынасыз мына өмірде өтпелі.

Қазір мүлдем көбейді ғой,  
көбік өлең, көбік ән,  
Көбіксіз ән,  
көбігі жоқ өлеңдерді сағынам.  
Ойларымды жазып тастап,  
сүзіп тастап көбігін,  
Өлеңімнің үміт күтіп жүрмін болашағынан.

## ШУАҚ

Көктем менен күздің де өз сәні бар,  
Мезгілдер де уақытқа бағынар.  
Осынау бір сұрағы көп өмірде,  
Шуағы мол адамдардың бағы бар.

Күннен түсер шуақ басқа,  
бұл басқа,  
Шуағы жоқ адамдармен сырласпа.  
Шуағы жоқ адамдардан қашық жүр,  
Ондайлардан шуақ күтпе, құр босқа.

Жан шуағы деген – ұғым бары анық,  
Жататұғын өн бойыңа таралып.  
Сен өзіңді жоғалттым деп есепте,  
Сол шуағың кетсе егер жоғалып.

Жетпейтұғын шығар ойы саязға,  
Жан шуағы жылытатын аязда.  
Жүрегіңді елжіретер сол шуақ,  
Жоламайды ақымақ пен аразға.



Әуре болма, шуақ іздеп,  
жол сұрап,  
Өзіңді өзің көлеңкеңнен аршып ал,  
Не ғыласың шуақ іздеп даладан,  
Жүрегіңде болмаған соң сол шуақ.

## НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ВИРУСТАРЫ

Қанша айналып өтсеңіз де енді сіз,  
Таба алмайсыз ажалы жоқ жерді Сіз.  
Бұл өмірдің басталуы белгілі,  
Бітер жері белгісіз.

Таусылғанда әл-қуатың,  
ақ шашың,  
Өмір атты тіршіліктің бақшасын,  
Толтыруға суменен,  
Талай уақыт өтіп кетер әуремен.  
Бірақ мәңгі толмайды,  
Сол тіршілік мәңгілікке шөлдеген.

Уақыт деген — таразының басында,  
Адам мәңгі осал ғой.  
Талай теңеу тапсақ дағы ғасырға,  
Су дегенің жай әншейін мысал ғой.

Әр адамның бақшасында суарған,  
Әр адамның шақшасында бір арман.  
Ағын суды теңер болсақ ақшаға,  
Қанша ақша — су керек сол бір бақшаға.

Ол — бақшаның көлемі де әртүрлі,  
Ол — бақшаның тереңі де әртүрлі.  
Ойы аздаудың — бақшасы да таяздау  
Тереңдері мүлде көп.

Сыймай жатқан кернеулерін іргелеп,  
Әрқайсысы өзінше,  
Теңіз құрап жатады олар бір бөлек.



Өмір, шіркін, рақат қой, рақат,  
Ал, жақсы өмір кімге болсын ұлағат.  
Бірақ қанша миллион, миллиард адамдар,  
Сол байлыққа қарайды тек сығалап.

Биік болып көрінеді әр төбе,  
Биік тұру — әр адамға мәртебе.  
Бәрінен де биік болып көрінер,  
Бала кезгі өзің шыққан жертөле.

Ең қалаған жерлеріңе барасың,  
Қалағаныңды аласың.  
Тәп-тәтті сол өміріңмен өзіңнің,  
Қанша жанның ұлап жатсын санасың.

Саған бәрі бағынышты,  
Тек уақытша қағида бұл.  
Сенің құсың сайрап, жайнап,  
Жер шарының бәрінде жүр.

Бірақ бұған бағынбайтын заң да бар,  
Бар адамзат осы заңға таңғалар.  
Сенің әлгі бұлбұлыңның орнында,  
Күні ертең-ақ қарқылдайды қарғалар.

Уақыт өттең тұрмайды бір орнында,  
Қысқаратын кездері бар жолдың да.

Аяқтың да жүрмейтұғын кезі бар,  
Кірлейтұғын кездері бар қолдың да.

Өз орнында тұрғанменен Ай, Күнің,  
Мәңгілік боп жаралмаған байлығың.  
Денсаулығың болмайды екен мәңгілік,  
Аяғың да, миың да,  
Бар дүниені шықса дағы қаңғырып.

Кібіртіктеп қалғанда,  
Қаншама қол созсаң да әлгі арманға,  
Жеткізбейді, қашықтайды әлгі бақ,  
Ал, миыңда пайдасы жоқ жалғыз-ақ,  
Жылтылдайды бір сәуле,  
Сол сәуленің сөнер кезін білсең де,  
Тырысасың өлмеуге.



Өзгермейтін қағидасы өмірдің,  
Мәңгілік боп келген жоқсың сен жерге.

Тырмысқанмен шара жоқ,  
Бау-бақшаң да қалады ертең дала боп.  
Сен жатасың алтын ойыншық ұстаған  
Ақымақтау бала боп.

Бұл пікірмен даулас, мейлің дауласпа,  
Жаратушы өлшеп қойған әу баста.  
Өмір сүріп жүрсең дағы сеніммен,  
Келісімге келе алмайсың өліммен.

Ештеңе де сұрамайды ол сенен,  
Уақыт деген – киімі бар өлшеген.  
Соны ғана киіп кете бересің,  
Сол киімің тозған күні өлесің.

Басыңдағы сейілмейтін қара бұлт,  
Көзіңдегі қыбырлаған қарақұрт.  
Сен өмірден мәңгі кетер кезіңде,  
Бір-ақ сәттік уақыт берсе төзімге,  
Ойланасыз амалсыз,  
Құй сеніңіз, құй сенбеңіз, маған сіз,  
Қайта айналып келмейтұғын болған соң  
Бұл дүниеге алаңсыз,  
Ойланасыз,

Нобель солай ойланған.

Байлықтан да басы әбден айналған,  
Қанып ішіп байлық деген – қайнардан,  
Жазылмайтын болғаннан соң сырқаттан,  
Өлерінде өзінше бір жол тапқан.

Оған енді арман емес байлығың,  
Оған енді қорған емес байлығың.  
Сезгеннен соң мағынасыз өмірін,  
Көтерейін деп өзінше көңілін,  
Бүкіл жиған-тергенін,  
Құтқармайтын болғаннан соң енді өлім,  
Шын жаңалық ашқан болса жерде кім,  
Соған бөліп беріңдер деп тастаған,  
Сөйтіп өшпін алмақ болған басқадан.  
Содан бері бүкіл елді кезіп жүр,



Нобель сүйек салып кеткен тостаған.  
Қазір жерде ашың менен тоғың да,  
Барлығы да сол атақтың жолыңда.  
Бағы жанбай жүрген жандар бұл күнде,  
Сынамақшы сол сыйлықпен бағын да.

Атағың да ақша сынды алдамшы,  
Арманың да ақша сынды алдамшы.  
Шамаң келсе Нобель арши алмаған,  
Ажалыңа апармайтын жолды аршы.

Нобель піріп жатыр жердің астында,  
Керегі жоқ оған алтын, тастың да.  
Тесетұғын көрсе көңіл құртыңды,  
Арулар да керек емес сүйкімді.  
Байлық деген – көзді ғана арбайды,  
Байлық енді оған өмір болмайды.

Алмаса да үміті бар, бар адам,  
Сол Нобельдің сыйлығынан тараған.  
Қазір жерде түрлі вирус қаншама,  
Вирус іздеп бостан- босқа шаршама,  
Сол вирустар жетеді енді баршаға.

## СҰЛУЛЫҚ ҚАШТЫ

Сұлулық қашты суреттерден,  
Сұлулық қашты әннен де.  
Бір кезде халық құдірет көрген,  
Қазына жатыр шаң жерде.

Албасты болды ару бейнелер,  
Қыкаламменен өрілген.  
Шошитын болды оны көрген ел,  
Өлі жандардай көмілген.

Әннің де мүлдем жоқ шырын -дәмі,  
Осылай өнер сөне ме?  
Желіккен елдің жексұрындары,  
Біздерге үлгі-өнеге.



Көлбеңдеп жүрген маған жат елес,  
Көзден де қашып кетті нұр.  
Ән шырқап тұрған адамзат емес,  
Сайтандар сынды құлды бір.

Сұлулығымыз ластанды қанша,  
Ертеңді ойлап қиналам.  
Түрлері түзу жастардың мұнша,  
Талғамы қалай қираған!

«Қой» десең көзін бақырайтады,  
Жүректе сәуле жоқ бүгін.  
Әкесіне де ақыл айтады,  
Балалар қазір боқмұрын.

Сұлулық қашты көңіlden, күйден,  
Қыз бойында да жоқ қылық.  
Жылылық қашты өмірден, үйден,  
Тамырдан қашты тектілік.

Кей қарттарымыз сияқты албасты,  
Шошисың түрін көргенде.  
Көзден де, сөзден де, сұлулық қашты,  
Сұлулық қашты жерден де.

Армандарымыз далбаса бопты,  
Жау келген жоқ қой тосыннан.  
Әлемдік қайғы болмаса нетті,  
Тек қана біз бе шошынған?!

Сұлулық бізге жат емес еді,  
Ол жайлы аңыз, дастан көп.  
Өмірде кімдер қателеспеді,  
Өкінеміз ғой өшкенде от.

Қымбатымыз көп жоғалар әлі,  
Жанымыз жатыр тоналып.  
Жарық дүниенің не болар мәні,  
Сұлулық кетсе жоғалып!





## АҚМЕШІТПЕН СЫРЛАСУ

Алыстап кеттім,  
өзіңде естім,  
Бұрыс демейді,  
сөзімді ешкім.

Ақмешіт,  
сенің төсіңде қалған,  
Өшіре алмайды  
ізімді ешкім.

Ұмытылмайды  
бала кезім де,  
Өткеннің бәрі  
қалады есімде.  
Мұңайып менің  
сағынышым тұр,  
Ақмешіттің әрбір терезесінде.

Қалмайыншы деп  
соңыңда көштің,  
Сыя алмай емес,  
қия алмай көштім.  
Қағаздан атым  
сызылса дағы,  
Жүрегіңнен мені  
сыза алмайды ешкім.

Өзіңді әр кез  
тірегім дедім,  
Жүрегімдесің,  
жүрегіңдемін.  
Азаматың боп  
қаламын мәңгі,  
О, қасиетті  
Сыр елім менің!

## БАҚЫТ ЖАЙЛЫ СЫР

Бұл дүниеде ештеңе жоқ теп-тегің,  
Кейде айналып оралады өткенің.



Досқа айналып шыға келер дұшпаның,  
Қысқа айналып шыға келер көктемің.

Ұстай алсаң үзілмейтін желісі,  
Бақыт деген — ол да ойдың жемісі.  
Пейішпін де айналады дозаққа,  
Тарылғанда уақытыңның өрісі.

Бақыт жайлы ой келмей түр жамбасқа,  
Бақыт жайлы түсінік те әр басқа.  
Бақыт деген — билік қой деп адаспа,  
Бақыт деген — байлық қой деп алжаспа.

Бақыт дейміз,  
Бақыт жайлы елге сен,  
Не айта аласың,  
бақытты боп көрмесең.  
Бір-ақ тістем нан да бақыт — аптықта,  
Бір-ақ жұтым су да бақыт — шөлдесең.

Бақытты боп кете алмайсың бір демде,  
Бақытсыздық тұрады ылғи іргеңде.  
Бақыттымын дейсің қалай өзіңді,  
Жан-жағыңда бақытсыздар жүргенде.

Алтын балық ілінбейді қармаққа,  
Бақыт жайлы ой жетелейді жан-жаққа.  
Бақыттымын дейсің қалай өзіңді,  
Бақытыңды бөлісетін жан жоқта.

Бақыт жайлы ойлай бермей уайым ғыш,  
Алдыменен болу керек ойың нық.  
Шын бақытты болу үшін,  
алдымен,  
Сол бақытқа жасау керек дайындық.

Біреу жөнсіз,  
біреу мұның жөн десін.  
Біреу сенің,  
біреу мүмкін сенбесін.  
Бақытты боп кету қиын,  
алайда,  
Сол бақытқа дайындықсыз келгесін.



# САҒЫЗ

Мың сан жылда  
    қалды жерде мың сан із,  
Мойныңызды бір сәт кейін бұрсаңыз,  
Бір созылып,  
    бір қысқарып жүр әлі,  
Жұрт шайнаған тарих деген — құмсағыз.

Бірауыздан бірауызға сол сағыз  
Ауысқалы шайнап жүрміз баршамыз.  
Адам емес,  
    надан дейді ел сені,  
Сол сағызды шайнай алмай қалсаңыз.

Ескіліктен бізге жеткен аңыз көп,  
Созылады үзілмейтiп сағыз боп.  
Тарихшылар таба алмай жүр  
    алғашқы  
Сол сағыздың шыққан жерін әлі іздеп.

Тіршілікті жатқан мәңгі оянбай,  
Жүрміз әлі сілкілеуді қоя алмай.  
Жаратқанның қолтығына қол салып,  
Бұл адамзат не боп кеткен,  
    ой, Алла-ай!

Ми түгілі, қиял жетпес жаққа бір  
Ұмтыламыз,  
    ұстатпайды жоқ тамыр.  
Бізге жеткен аңызда да жоқ тамыр,  
Біз шайнаған сағызда да жоқ тамыр.

Бола ма екен тамыры жоқ тіршілік,  
Талай іздеп қазған жерден су шығып,  
Сағыз қазған жерден қою шаң шығып,  
Өлетұғын болдық қазір тұншығып.

Шайнайтұғын сағыздың да түрі көп,  
Бірі кетсе,  
    шайнап жатыр бірі кеп.  
Сөйлетуге неге сонша құмармыз,  
Өліп қалған тіршілікті тілі жоқ.



Сағыз шайнап,  
миы қатты талайдың,  
Өткен өмір —  
шетсіз, шексіз көк айдың.  
Сылтау бізге —  
Шыңғыс ханның көрі де,  
Мақсатымыз —  
өзін ұстау Құдайдың!

Уақыт — пойыз өгіп жатыр дүрсілдеп,  
Сағыздыңды жинап жатсың сен сүрлеп.  
Құдай бізге күліп тұрған секілді,  
Есуастар сағыз шайнай тұрсын деп.

## ТАРАЗЫ

Таразының өлшемі —  
өмір заңы,  
Ауыр жағы бар оның,  
жеңіл жағы.  
Түсетұғын кезі бар еңсеңнің де,  
Өшетұғын кезі бар өлшемнің де.

Өлшемде тұр бағаң да,  
беделің де,  
Осында тұр аларың,  
берерің де.  
Салмақ деген құбылып тұрған кезде,  
Өз салмағың болмаса,  
керегің не!

Өміріңе алдағы бағыт берер,  
Өлшеміңді қашанда халық берер.  
Салмақ деген — зат емес, таразылап,  
Қажет болса басқаға бөліп берер.

Салмақ деген — әркімнің өз үлесі,  
Өз өлшемі —  
әркімнің несібесі.  
Салыстырсаң салмағы бар адамға,



Қасиет жоқ,  
салмағы жоқ адамда.

Өлшенеді бойыңда бәрі, бәрі,  
Бәрі, бәрі салмаққа бағынады.  
Біреулер жүр салмақтан құтыла алмай,  
Ал, біреулер салмаққа жарымады.

Ол – салмақ пен бұл – салмақ мүлде бөлек,  
Зиян салмақ, шынында,  
кімге керек?  
Салмақтының жанында салмақсыздар,  
Жүреді ылғи айналып шыркөбелек.

Өмір солай, қайтесің,  
өкінесің,  
Таразыға түспейді ақыл, есің.  
Өлшенбейді адами қасиетің де,  
Өлшенбейді өлеңің,  
өсиетің де.  
Ордендер мен медалің салмақ емес,  
Тағып алып жүрсең де төсіңе күнде.

Қажет болса шығарар керегінде,  
Салмақтының өлшемі – жүрегінде.  
Әттең солар  
сол қымбат салмақтарын,  
Тастап кете алмайды өлерінде.

Қасиетін адамның ардақтаған,  
Салмақ жайлы айтады салмақты адам.  
Салмақтының өлшемін сезгенменен,  
Бере алмайсың ешқашан талдап маған.

Өтіп талай тарихтың көші кетті,  
Таразы жоқ өлшейтін қасиетті.  
Салмақтыны құргатын –  
салмақсыздар,

Өмір өтті.  
Ал кімнің несі кетті!



Кеміретін жатып ап бір кемікті,  
Кеміруді тек иттер үйреніпті.  
Қарап тұрсаң,  
    обал-ай,  
                    салмақтылар,  
Тыңдап отыр салмақсыз үрген итті.

\* \* \*

Ақымақ болсын,  
    данышпан болсын ақылды,  
Өледі пенде,  
    демі біткенде ақырғы.  
Оңайлау шығар әлі кеткенде алаңсыз,  
Жерден көтеру – бір тиын қара бақырды.  
Қара бақыр да жеңілдеу соңғы деміңнен,  
Соңғы дем – шылым,  
    түбіне дейін шегілген.  
Өткен күндерің –  
    бақытың сынды оралмас,  
Соңғы бір сәтің –  
    уақытың сынды шегінген.  
Шегінген уақыт –  
    сағатың енді соқпаған,  
Соқпаған сағат –  
    жүрегің мәңгі тоқтаған.  
Осындай тағдыр келеді ертең саған да,  
Осындай тағдыр бұйырмаған ғой тек маған.  
Сондықтан осы тірі күніңді бағала,  
Ертеңіңді ойла,  
    артыңа бір сәт қара да.  
Өмір дегенің шегі жоқ бейне көк мұхит,  
Қанша жүзгенмен жетуің қиын жағаға.  
Жаға жеткізбес,  
    құлашыңды қанша серме сен,  
Өмір өшеді,  
    болсаң да қанша сен көсем.  
Жарық дүниенің қадірін білмес едің ғой,  
Көзің қимайтын жарық дүниеге келмесең.





Сол кешірім бұл күнде,  
Әкеден де безіп жүр.  
Анадан да безіп жүр,  
Баладан да безіп жүр.  
Данадан да безіп жүр,

Қаладан да безіп жүр.  
Даладан да безіп жүр.  
Олар қазір қатыгездер есігін  
Тықыладатып кезіп жүр.

Десең дағы қанша қымтап,  
жасырдым,  
Келбетінде кешірім жоқ жасырдың.  
Анда-санда қуанамыз  
жылт етсе,  
Сол кешірім сынығындай асыладың.

Кей кешірім шындықтан да еңселі,  
Кешірім де ақылыңның өлшемі.  
Ең бір қымбат қазынаң мен байлығың,  
Ұрпағыңа бер соны.

Әр нәрсенің өз шегі бар, мөлшері,  
Мейірімді екен ғой деп ел сені,  
Кейде қорлап кетеді.

Шын адами қасиетіңді еңселі,  
Кешірім де мөлдіреген сезім бұл.  
Кешірсең де кешірмесең... өзің біл,  
Мың кешірім жасасаң да ақымақ пен наданға.  
Одан сенің көтерілмес бағаң да,  
Одан ешбір келетұғын пайда жоқ.  
Қоғамға да, адамға.

Ақымақ пен надан бәрін бұлдіріп,  
«Кешірші» деп өп-өтірік тұр күліп.  
Бірақ оның жүрегінің түбінде,  
Саған деген зымыян ой тұр бұғып.

Бұндайды сен кешір,  
мейлің кешірме,  
Таста оны көңіліңнен





Өшір де.  
Сонда сенің кір қалмайды ішіңде,  
Сонда сенің түзеледі көшің де.

Кешіріммен көкжиегің кеңиді,  
Кешірімнен тасжүрек те ериді.  
Кешіріммен оятасың өмірді,  
Кешіріммен байытасың сен үйді.  
Кешірімді көбейгенде  
Кешірімсіз – кемиді.  
Жүрегіңе жүрсең оны қорған қып,  
Кешірім де – мол байлық.  
Ал, кешірім жүрген жерде  
Жоғалады жалғандық.

Ажыраған жоқпын әлі ақыладан,  
Сонау жылдар қойнауынан шақырған  
кезім еді,  
кешірімін әддилеп бір отырған,  
Кешірмейді түсінігі соқыр жан.  
Түсінігің жетпей қалса,  
Түсіңдіре алмасам,  
Кешір, мені, оқырман!

## ҚАНАҒАТ

Адамдар қатты қорқады неге ажалдан,  
Қымбат па сондай қимайтын сонша бұ жалған.  
Өміріңді сенің ұзартқанда не болады,  
Онсыз да мүлдем орындалмайтын аз арман.

Ол жақта мүлдем байланыс та жоқ,  
жарық та,

Қайта шықпайсың қорық сен,  
мейлің қорықпа.

Адамға ешбір пайдаң да енді тимейді,  
Тимейді ешбір зияның да енді халыққа.

Меңіреу бір түпсіз тұңғыыққа батып кеткендей,  
Оянып кетсең,  
жатасың мүлдем түк көрмей.



Ол жерде сені жек көрмейді енді ешкім де,  
Жатасың сен де ешкімді енді жек көрмей.

Ол жерден мәңгі шыға алмайтының белгілі,  
Іріп-шіритін орының да сол ендігі.  
Тар қуыс, сол бір мәңгілік сенің мекенің,  
Жарық дүниенің әсер етпейді кеңдігі.

Осылай болып бітеді өмір аяғы,  
Тоймайтын көзің топыраққа ғана тояды.  
Тыншиды мәңгі,  
қажет етпейді ештеңе,  
Жетпейді дейтін көңілің құрғыр баяғы.  
Серік боп ешкім жатпайды онда жаныңда,  
Белгісіз мүлдем  
барың да сенің,  
жоғың да.

Ол жерде әсте сағынбайсың да ешкімді,  
Ол жерде ешбір жылынбайсың да жалынға.

Ұсқының да жоқ,  
ұшқының да жоқ бұрынғы,  
Бірауыз сөзге келтіре алмайсың тіліңді.  
Өлілер көрсе қуанар орта толды деп,  
Тірілер көрсе шошитын шығар түріңді.

Елқашан ешкім ойлаған емес өлсем деп,  
Кетпейді ешкім жарық дүниеге қол сермеп.  
Соңғы бір сағат,  
соңғы бір сәтің жеткенде,  
Амалың жоқтан жатарсың үнсіз кемсеңдеп.

Ажалың жетсе,  
шырағың мәңгі сөнеді,  
Тірілер сені шықпастай ғылып көмеді.  
Болмайды енді қуанышың да,  
уайымың,  
Байың да өстіп,  
бейшараң да өстіп өледі.



## МҰҚАҒАЛИША

Бүгін менің туған күнім, ой, Алла-ай,  
Бала-шағам не ғып жатыр оянбай.  
Өз-өзімнен асып-тасып жатырмын,  
Бұл дүниеде адам жоқтай менен бай.  
Әр туған күн мен үшін бір баспалдақ,  
Туған күннің әсерімен аспандап,  
Көрінбейтін қуанышты аңсаймын,  
Өзімді өзім отырғандай босқа алдап.

Туған күн де таусылады,  
бігер күн,  
Басқа жолмен басқа жаққа кетермін.  
Мен туғанда шешем қандай қуанған,  
Қуанышын кім жалғайды шешемнің?!

## АҚЫННЫҢ АБЫРОЙЫ

Бұл ақын нені айтқалы отыр демесін,  
Ақынның сөзі —

қатынның сөзі емесін

Білген ғой бабам,

Ақынын сыйлап жүрген ғой,

Ақынның сөзі —

халықтың сөзі дегесін.

Ақыны сыйлы болған ғой қилы заманда,  
Жол жоқ жерден де жол тауып кеткен табанда.  
Ақын айтқанда тасқын ашу да тыншыған,  
Тірелгендей боп тоғанға.

Ақынын халық беріліп,

ұйып тыңдаған,

Сыйлаған оны болса да қандай сұм заман.

Сөзге тұратын қазақтар үшін қашанда,

Ақыныменен көрікті болған бұл ғалам.

Халықпыз ақын сөздерін сүйіп, жаттаған,  
Тоқтамас жерде ақын сөзіне тоқтаған.



Ақыны өлсе,  
ақылы өлген сияқты,  
Ақыны өлсе ханнан қатты жоқтаған.

Халқының ар мен намысы болған ақындар,  
Ақын сөзінде өсиет пенен ақыл бар.  
Ақыны келсе жиылып қалған ел-жұрты,  
Ақынды көрсе иіліп қалған қатындар.

Сол ақындарды ұйытып жүрген ел-жұртын,  
Қағып өтетін заман да туды енді әркім.  
Қуады ғой деп ойламап едік қуысқа,  
Туады ғой деп ойламап едік мұндай күн.

Ей, ақын, сенің бес тиын қазір бағаң да,  
Қоғамның қолы жүр сенің таза жағаңда.  
Бақтары өшіп,  
тапталып жатыр табанда,  
Халықтан емес,  
ақыннан қорыққан қоғамда.

Халықтың сөзін сөйлетпес үшін билік бұл,  
Айланы ойлап шығарды қазір сұмдық бір.  
Әуелі әр кез ақынның аузын жабады,  
Ақынның дауысы жетпеген жерде —  
құлдық тұр.

Өздеріне билік қолайлы жаңа жол тапты,  
Бүгін халықты быт-шыт қып қазір тарқатты.  
Осынау қоғам сездірмей,  
түк те білдірмей,  
Тәрбиелеуде ақыннан алшақ ұрпақты.

Аз ғана жылда бабадан қалған мұратты,  
Тып-типыл ғылып,  
тып-тыныш қана құлатты.  
Биліктен қулық артылған емес,  
білді олар,  
Сөзі жоқ халық —  
көзі жоқ халық сияқты.

Байқамай қалған қателік емес бұл енді,  
Шұрайлы жерге салғандай бейне түренді,



Тамырымызды қиып та жатыр, қопарып,  
Қопарған жерге тастамақ көміп өлеңді.

Ақынның сөзі халыққа жетпес көп тәсіл,  
Дегендей бейне өлеңмен елге ашпа сыр.  
Мұндай қулықты ойлаған емес ешбір жан,  
Мұндай сұмдықты көрмеген шығар еш ғасыр.

## СӨЗ САЛМАҒЫ

«Алтынды көрсе періште жолдан таяр»  
— дейміз. Неге?

Айтады-ау, біздің қазақ та,  
ойланбай кейде,  
Жұмақты қолмен орнатып қойғандай жерге.  
Періштені де жолынан тайдыра салар,  
Өздері түзу жолынан тайғанда кейде.

Періште сонда періште болады қалай,  
Алтынды көрсе жолынан таяды оңай.  
Құныққандардың кейінгі айтқаны шығар,  
Айтпаған шығар, қазақтар, баяғыда олай.

Еркек арбаған көргендей сайқалдың көзін,  
Айналайын деп ұққандай айқайдың өзін,  
Қасиетті сөз деп бүгінде қолданып жүрміз,  
Періштемін деп оттаған сайтанның сөзін.

Өзімізді өзіміз кей-кейде алдау үшін де,  
Тоймайтын терең құлқынды қорғау үшін де.  
«Алтынды көрсе періште жолдан таяд» деп,  
Жарық дүниенің өзгерттік тербелісін де.

Бұрмайтын жаңдар айтқан-ау Құранға бетті,  
Таба алай қойдым ойланып бұған себепті.  
Біз түсінетін адалдық — періште ғана,  
Құдайдан қорқып, ойпырым-ай, ұяласақ етті!



## ОЙ

Шыңдық үшін шырқырап,  
шырылдаған,  
Бір ой келді басыма бүгін маған.  
Ойда жоқта әйтеуір атып шықты,  
Көңілімнің тесігін тығындаған.

Айтпасам ба,  
айтсам ба,  
деп ойланып,  
Жүрді ішімде осы ой арайланып.  
Тағы келді жанашыр досым сыңды,  
Тыныш жүрген басыма тағы айналып.

Бір ойыма бір ойым тамшы болды,  
Бір ойыма бір ойым қамшы болды.  
Келіп тұрып,  
халымды көріп тұрып,  
Бір ойыма бір ойым қарсы келді.

Ой-мұхиттың тұрғандай жағасында,  
Ойдың не бір табасың жаңасын да.  
Арпалысқан ойлардың арасында,  
Өшіп қалып жатасың,  
жанасың да.

Келіспесін, келіссін  
оқырманым,  
Ойларыңның шешпейді ақыл бәрін.  
Әлі сәні келмеген ойларыңмен,  
Әрі-сәрі боп сосын отырғаның.

Қиялыңды қияға сайрандатқан,  
Ой қайтады қонақтай тойдан қайтқан.  
Бал татитын ойларым дәмі қашып,  
Көже ішкендей боламын айран қатқан.

Жаны ашитын туыстан,  
дастан жеріп,  
Өз-өзіңнен кей-кейде қашқың келіп..  
Арпалысқан осынау ойларыңнан,  
Арашалай алмайды ешкім келіп.



Ойым дұшпан екен деп уайымдама,  
Саяз оймен саязда қайырлама.  
Ойың сенің – уақытың,  
базарың да,  
Бақытың да,  
азабың – ойың ғана!

## ЖҮДЕУ ОЙДАН ТУҒАН ЖҮДЕУ ӨЛЕҢ НЕМЕСЕ ІНІГЕ СЫР

Көңілім өткен күндерге қарайлай берсін,  
Талғамым әлі тұрғандай таба алмай досың.  
Жегімек үміт жанымды жабырқатқанда,  
Күрсінемін-ау сезген соң шамам келмесін.

Ысырып тастап кеудемнен күйгелек мұңды,  
Батырмын бүгін,  
жатырмын түймелеп түнді.  
Кестелей алмай көңілімнің көлеңкелерін,  
Үмітсіз ойлар миымда үймелеп тұрды.

Суық қарыған сияқты сезімдерімді,  
Сыбырлап тұрған ойдағы сөзім бөлінді.  
Жүретін жолды көрмеймін көмескіленген,  
Сүйетінімді білмеймін өзім де кімді.

Өткен күндерді отырам, аршып, ақтарып,  
Жігіт жүрегім шаршайды шал сияқтанып.  
Серігім сыңды жүретін сүйеу боп маған,  
Сезімім бір күн үзілер тамшылап барып.

Демеймін жүдеу көңілім қалайды нені,  
Қызығым қайда қалды деп қараймын кері.  
Не деген қиын өмірдің өткелі кейде,  
Өкініш-ойлар қуысқа қамайды мені.

Сенгім кеп жүрген жандардан сүйкім іздеймін,  
Сүйкімді болам деймін де,  
құр күлімдеймін.







Ит елестейді шуылдап, үрген,  
Естімегенді хош көрем.  
Еркектің пейілін тарылатып жүрген,  
Әйелдер ме деп сескенем.

Болса да далам тәуірлеу қанша,  
Кездесіп қалар дөңес, қыр.  
Айтылған сөзім ауырлау болса,  
Бәріңе ортақ емес бұл.

## БІР АҚЫНҒА

Кетпеген соң қиын ғой төгіліп жыр,  
Ойнақтата алмайсың құйын сырды.  
Өлеңіңнің кей жері сөгіліп жүр,  
Ескі жіппен тігілген киім сынды.

Мүмкін емес сөзіңнен ойыңды ұғу,  
Жібересің тарылатып тынысымды.  
Өлеңіңнің жолдары ию-қию,  
Өтектелмеген шалбардың қыры сынды.

Жыр оқисың той сайын көбелегім,  
Епкімге де белгісіз, не дегенің.  
Бір марқұмның асында тағы оқыдың,  
Тірі болса ол байғұс өлер еді.

## ТҮТІН МЕН БҮТІН

Көңіліңнің бір жерінде дақ тұрса,  
Сыртың бүтін,  
ішің түтін боп тұрса.

Өміріңде одан өткен азап жоқ,  
Шіркін, соны күшің жетіп лақтырсаң.

Сонда жаның қалар еді тазарып,  
Сонда елдің естіледі сөзі анық.  
Көңілің де байып шыға келеді,  
Басқаларға көп берсең де,  
аз алып.



Ойың сенің болмаған соң баста айқың,  
Сол түгін ғой ойларыңды ластайтын.  
Түтіні жоқ адамдар ғой қашанда,  
Түтіні жоқ адамдарды қопштайтын.

Түтінің көп,  
бүтін болып жүргенмен,  
Бір суық жел соғады ылағи іргеңнен.  
Өмір сүрмей кеткеніңнің өзі артық,  
Түтін болып,  
бүтін өмір сүргеннен.

## БИІК ҮЙЛЕР

(*Ақын талғамымен*)

Иіп басты кірсең дағы кей үйге,  
Жасқанасың,  
деп ойлайсың кейи ме.

Тұрсаң дағы елу қабат биікте,  
Жетпейді ғой бір қабатты жер үйге.

Биік үйдің жоқ жылуы,  
жоқ күйі,  
«Мықтылығы» —  
қабатының көптігі.

Ондайларды жер мен жексен қылады,  
Табиғаттың екпіні.

Биік үйден шықты талай биіктер,  
Биік үйде тұрған жандар — өліктер.  
Көршісі өлді,

иті өлді не,  
бәрібір,

Сенбесеңіз,  
биік үйге келіп көр.

Биік үйлер,  
қабырғалар,  
есіктер,  
Қасіретті көргің келсе көшіп кел.  
Биік үйге ел кірмейді топырлап,  
Биік үйде тербелмейді бесіктер.



Биік үйге жете алмаған халық бар,  
Биік үйден қашып жатыр алыптар.  
Биік үйге көшіп жатыр қазақтар,  
Жүректегі өшіп жатыр жарықтар.

Биік үйде сәлем де жоқ,  
жоқ тыныс,  
Бір есіктен кіріп, шыққан соқтығыс.  
Мәз боласыз терезеден леп соқса,  
Мүз боласыз бола қалса қатты қыс.

Биік үйдің баспалдағын басқанды,  
Үйрендіңіз,  
үйренгендей басқа әнді.  
Бағалайсың жерге жақын екен деп,  
Сен армандап жүрген биік аспанды.

Сөз астарын түсін, мейлің,  
түсінбе,  
Ғашығың да,  
сасығың да ішіңде.  
Істемесе көтеретін құралы,  
Түсте шықсаң,  
жетесің тек бесінде.  
Біздің заман,  
айлалы ғой,  
айлалы,  
Жаяу жүру — буындарға пайдалы.  
Жетпейді ғой қырық қабат үйің де,  
Қазақтардың кепесіне сайдағы.

\* \* \*

Кезе берме, ей ақын,  
Қиялыңмен қияңды.  
Жазылмайды қанатың,  
Жаза алмасаң ұяңды.

Ағайының, досыңды,  
Не ғыласың құр мақтап.  
Өлең сенің қасыңда,  
Ұшып, қонып жүр қаптап.



Олар сенен қашпайды,  
Жақсыларын қал ұстап.  
Ұстай алсаң ұшпайды,  
Ұшса кетер алыстап.

Келеді ол шақырсаң,  
Қонады ол ұяңа.  
Өзің баптап ұшырсаң,  
Қалықтайды қияға.

Орыңдалсын тілеуің,  
Ұшсын жырың алысқа.  
Ұшырдың ба біреуін,  
Ал, біреуін тағы ұста!

## АҚЫН

Олай жаз деу,  
былай жаз деу, ақынға,  
Қонбайтын сөз ешқандай да ақылға.  
Көнетінін білмесе де ойының,  
Келетінін жазады ол тақымға.

Әрбір ақын бір-бірінен алшақтап,  
Жаза берсін,  
отырмасын тайсақтап.  
Ойын терең қазғысы кеп өзінше,  
Қағаздарды шимайлады қанша апшақ.

Жазар кезде оқырманын ойлаған,  
Ақын ғана ойлы ақын,  
ойлы адам.

Жазу керек,  
жазу керек,  
өлеңнен  
Өзін көріп тұрғандай боп айнадан.

Ойлар келіп, кетіп жатыр басқа сан,  
Тоқтау қиын бір өлеңді бастасаң...  
...Ақын әсте қайтпау керек жолынан,  
Ақынға ақыл айтпау керек ешқашан!



## ҚАЙТАЛАУ

Тарқату үшін шерімді,  
Білген соң кейде айтам-ай.  
Қиюы қашқан өмірді,  
Қайталай берем,  
қайталай.

Лүпілдеп тұрған кесемде,  
Көңілдегі ойды пайқап ап.

Қайталамайын десем де,  
Қоямын кейде қайталап.

Қаламың түспей қолыңнан,  
Жететін жерге жетесің.  
Қайталап жүрген жолыңнан,  
Кей-кейде шығып кетесің.

Найзағайлары көк тілген,  
Аяймын отты өлеңді.  
Жолсызбен тартып кеттім мен,  
Қайталамайын деп енді.

## МИ

Құдай біраз беріп еді ми маған,  
Бір артық ми сұрамаймын қоймадан.  
Милау басын бермеді деп мисыздың,  
Ішкен күні таң атқанша ойланам.

Дүниенің білсем дағы кеңдігін,  
Жүрегімде солқылдайда солғын үн.  
Бәріне де миым жетіп тұрғанмен,  
Тек ішпеуге жетпей қойды сол миым.

Ей, ағайын, ренжіме ол үшін,  
Өз өмірім,  
ұнайды өз өрісім.



Ішпейтұғын сайтандар мен сатқын көп,  
Жамылып ап тұлкілердің терісін.

Апшық болсам,  
ғашық болсам несі мін,  
Өсегі де қаптап кетті осының.  
Ақын деген жақын халық жүрекке,  
Кейде бізге жасаңыздар кешірім!

Түсінетін,  
бізді ұғатын халық бар,  
Дәрігерлер де мұны кейін анықтар.  
Ақындардың жүрегінде ақ кептер,  
Ақындардың жүрегінде жарық бар.

## ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНА ХАТ

Небір тарлан аласұрған,  
Тағы да бір байқау өтті.  
Қазылардың арасынан,  
Тағы да бір сайтан өтті.

Топқа ілінбей тұлпар қалды,  
Көзге ілінбей сұңқар қалды.  
Жұрттың күткен әділдігі,  
Ел алдында талқандалды.

Құлатты да бағы барды,  
Бас бәйгені жабы алды.  
Бәйге алатын нағыз тұлпар,  
Бәйге ала алмай тағы қалды.

Төреші не ойлап тұрды,  
Қойыртпағын қаймақ қылды,  
Бас бәйгеге лайық деп,  
Бір жабыны сайлап тұрды.

Бас төреші сөз алды да,  
(Алғашында ұйытты елді).  
Бас табақты өзі алды да,



Ал, сорпасын қалғандарға  
Шөмішпенен құйып берді.

Былықтырды ақ, қараны,  
Бәйге осылай саралаңды.  
Соңғы кезде жыр бәйгесі  
Алжастырды ағаларды.

## ЖЕР ЗАРЫ

(Адамзатқа арнау)

### I

Сорылыпты бойымнан талай қаным,  
Сезіп тұрмын өкпемнің қарайғанын.  
Көзім сәл-пәл ілініп кеткен кезде,  
Осыншама бүлдірген қалай бәріні!

Осы жаққа сендерді көшіргеннен,  
Жаратушы о баста түсіндірген.  
Санасы бар,  
тілі бар пенделерді,  
Мені ешқашан бүлдірмес үшін берген.

Мен сенгенмін Алланың пейіліне,  
Аллам сенген не болды жері, міне.  
Айналдым да аз уақта,  
шыға келдім,  
О дүниенің от шашқан көрігіне.

Бүлінбеген қалмапты түгім менің,  
Бұл — адамзат жалмапты елін, жерін.  
Сау жерімді қалдырмай тілгілепті,  
Маған сонша қиянат жасайтындай,  
Мен сендердің, адамдар, көрің бе едім.

Мені қорғап,  
сақтайтын ауаны да,  
У ғып тығындапсыңдар тамағыма.



Алла, енді, емдеуге құштар емес,  
Бойымдағы жазылмас жараны да.

Бақыт тап деп жіберді саған жерден,  
Бақыт іздеп жүрсіңдер терең көрден.  
Бар пәлені өздерің жасап жатқан,  
Менен келген зиян жоқ,  
менен келген.

Қасіретті қара жер көтереді,  
Меңдегі ырыс бәріңе жетер еді.  
Қандай сайтан,  
білмеймін, осыншама,  
Теріс жолға сендерді жетеледі.

Мен едім ғой емдерің,  
демдерің де,  
Жасайсыңдар қиянат жерге күнде.  
Әрқайсысың өзіңше бүлдірдіңдер,  
Бір-біріңе әйтеуір сенбедің бе.

Мен болыпшын қазіргі ермектерің,  
Ойларыңда қалмапты жергектегі үн.  
Енді ауаның жатырмын әрең жұтып.  
Сендер сонша бүлдірген кермек дәмін.

Ей адамдар!  
Түріме қара менің,  
Кетгі қазір көбейіп қара меңім.

Білмейсіңдер  
орнымнан бір аунасам,  
Барлығың да шашылып қалар едің.

Жазығы жоқ тіршілік иелері,  
Кесіріңнен сендердің күйер еді.  
Мені сәл-пәл сабырға шақырып тұр,  
Мына ақынның осынау бір өлеңі.

Сабыр сақтап жатырмын бірақ әлі,  
Жанатұғын шығар деп шырақ әлі.  
Сүйеп тұрмын тіршілік қабырғасын,  
Тұрған әрең қалтылдап құлағалы.







Суларым да,  
нуларым құрбан болды,  
Бір кездегі аймалап мені сүйген.

Тынысымды тарылтып көшіп келіп,  
Бірысымды тастады шашып,  
төгіп.

Жатыр менің құйқамды шымырлатып,  
Әлі келген әркімге кесіп беріп.

Меншігіне айналдым пен-шекпеннің,  
Жалғыз Жер ем,  
быт-шыт боп бөлшектендім.

Басым аман десем де,  
іріп-шіріп,  
Осы маған адамзат көрсеткен күн.

### 3

Сыпырғандай аяусыз жон терімді,  
Кей қанішер ойламай ертеңімді,  
Мына мені сылтау ғып  
жиі-жиі,  
Жазығы жоқ қаншама қан төгілді.

Соның бәрін жатсам да көріп,  
біліп,  
Жүргенім жоқ ешкімді желіктіріп.  
Бұл адамзат көрікті болмас па еді,  
Мені егер ұстаса көрікті ғып.

Соны ойламай ойы бар,  
тілі барлар,  
Қашанғы осы олар бір-бірін алдар.  
Топырақтың астына түскен кезде,  
Өкінетін тек қана өлі жаңдар.  
Жайғызбаймын деп жүріп маған өркен,  
Бәрінің де шырағы сөнеді ертең.  
Ажарымды қаншама былғаса да,  
Жай табылмас оларға менен көркем.





Түзелмей-ақ кетсе де көшім енді,  
Мен арқылы қанша өмір өсіп - өнді.  
О дүниеде дозақта шыңғырады,  
Бүлдіргендер жазықсыз осы жерді.

Өз түрімнен шошимын өзім қазір,  
Кесапат па,  
    білмеймін жазым ба бұл.  
Отты күннің қалдығы тұла-бойым,  
Көк түтіннен ашамын көзімді әзір.

Аядым да тіршілік иелерін,  
Басымды тек соларға ие бердім.  
Жанартау боп атқылап демім шықты,  
Аунап кеткім кеп талай түрегелдім.

Шаршағанда қозғалып сілкіндім де,  
Қатты сілкінемін-ау бір күндерде.  
Ей, адамзат,  
    онда ойлап үлгірмейсің,  
Қайда қалып қойғанын күлкінің де.

Шамаң келмес ол кезде жылауға да,  
Енді қайта жазылмас мынау жара.  
Тілің келмес ол кезде,  
    сасқаныңнан,  
Жаратқаннан бір көмек сұрауға да.

Рақаттың есігін неге жаптың?  
Өзіңе өзің көр қазып келе жатсың.  
Тосып желдің өтіне тіршілікті,  
Сұлу жердің бетіне қара жаптың.

Сақтап келді сендерді жердің нәрі,  
Мен сендерге жаттым ғой сендім дағы.  
Мұзға айналып кетті ғой жүректерің,  
Тұзға айналып кетті ғой көлдің бәрі.

Оларды енді тазалап ала алмайсың,  
Іздегенмен өткенді таба алмайсың.  
Өзің құрған қақпанға өзің түсіп,  
Амалсыздан артыңа алаңдайсың.



Артыңнан да көмек жоқ келетұғын,  
Берді, Алла, әу баста беретінін.  
Сенбе мейлің, сен мейлің, бұл сөзіме,  
Кезің жақын, адамзат, өлетұғын.

## ҰЙҚЫ

Баала кезден ұйқышыл боп өссем де,  
Ұйқы — дұшпан екендігін сезсем де,  
Ұйқы басып жүруші еді,  
ал енді,  
Ұйықтаймын тек көше шамы өшкенде.

Ой қаптаса келмейді екен ұйқың да,  
Өзгереді көңілің де,  
тұрқың да.

Кейде мүлдем ұйқым қашып кетеді,  
Біреу аңдып тұрғандай-ақ сыртымда.

Топырақ та шапа алмаймын көпке мен,  
Ұйқышылды қазір мүлдем жек көрем.  
Ұйқы өліге тең екенін жастарға,  
Түсіндіріп жүрмін қазір еппенен.

Солай екен,  
расында да дәл солай,  
Аз ұйқымен жүрсең болды шаршамай.  
Өлгеннен соң мәңгі ұйқың қанады,  
Көрің саған болмайды ғой — кең сарай.

Ұйқың қана,  
аз ұйқыға үйренсең,  
Несібеңді тап, ұйықтамай жерден сен.

Ұйқышылым,  
азайт жайлап ұйқыңды,  
Тағы айтамын,  
ұйқың қанад өлген соң.

Ұзақ емес өміріңнің өлшемі,  
Ояу жүріп пайдалансай, сен соны.



Ұйықтай берсең еңсең түсе береді,  
Аз ұйықтап-ақ көтересің еңсені.

Кетеді көп несібең де ұйқыңмен,  
Айрылмасаң денсаулық пен күлкіңнен,  
Мақсат болса,  
армандайсың деп қана,  
«Ұйқысы жоқ адам болсам, шіркін, мен».

Ұйқыменен өлді талай мықты ойлар,  
Жалқауларды төсекке ұйқы тықпайлар.  
Бір қажетті шаруаң болса асығыс,  
Сен ұйқының ауылына соқпай бар.

Онда өкініш оянады өзіңмен,  
Ұйқы ғана жылтылдайды көзіңнен.  
«Жалқаусың» деп мазақ қылып кетеді,  
Онда адамдар аз ғана бір көз ілген.

Ілікпейін десең ондай мазаққа,  
Өте шығар күнің де тез,  
тез апта.  
Басқа халық жанталасып жүргенде,  
Ұйқы қазір жараспайды қазаққа.

\* \* \*

*«Көр азабы мен жол азабы бір» деп айтамыз. Неге?*

Кейде дұрыс,  
кейде тіпті байқамай,  
Біздің қазақ айтқышп-ақ қой,  
айтады-ай!  
Ойға мүлдем қабыспайтын сөздер бар,  
Түсінігі,  
тіршілігі әрқалай.

Жол азабын —  
жүрген жандар біледі,  
Көр азабын —  
өлген жандар біледі.



О дүниеге барып қайтқан ешкім жоқ,  
Өлмес үшін адам өмір сүреді.

Көр азабы қандай азап,  
білмедім,  
Ұғымыма кірмей қойды бұл менің.  
Көрге түскен адам азап көре ме,  
Миымды осы сұрақ торлап жүр менің.

Бір ақымақ айтқан шығар солай деп,  
Тұрған сөзді ауызына оңай кеп.  
Әлі күнге сұрамайды ешкім де,  
Бұл теңеуді түсінеміз қалай деп.

## БАЛАМА ТІЛЕК

Жүрегіңде шоқ барда өшпе, қарғам,  
Тұтанбайды қайтадан өшкен арман.  
Бұл жалғанда жаймасаң қанатыңды,  
Қанатыңды жайғызбас басқа жалған.

Бұл дүниеге келмейді бекерге адам,  
Салбыраған басыңды көгер, балам.  
Уақытпенен шектелген өмір — өткел,  
Қор болады өткелден өте алмаған.

Адам емес ертеңін аңсамаған,  
Мақсатына жетеді шаршамаған.  
Мақсатсыздық сор болды талайларға,  
Бұл өмірде қор болды қаншама адам.

Көктем өтіп кеткен соң жаз келеді,  
Көңілдегі көріністер өзгереді.  
Болмай жатып болдырма,  
ертеңді ойла,  
Айналайын,  
қалдырма сөзге мені.

Қатарыңнан бір қалсаң, жете алмайсың,  
Онда азамат екен деп аталмайсың.







Аман болса қазақтың іргелі елі,  
Таланттарға қашанда жол береді.  
Талантсыздың қаншама тырысқанмен,  
Өзі өлгенде жазғаны бірге өледі.

\* \* \*

Біз майдамыз,  
    майдамыз-ау,  
    майдамыз,  
Соңымызда кіл табаны тайған із,  
Сүйіп тұрып, қақпақ қояр аузыңа,  
Адалдықтан биік тұрар айламыз.

Алыпшыз біз,  
    құмырсқа боп ойланған,  
Халықпыз біз,  
    миымызда майда арман.  
Шындығымыз сорға айналған бұл күнде,  
Кіндігіміз тоғышарға байланған.

Біз майдамыз,  
    майдаландық енді шын,  
Мақсатсыздың арты құз да,  
    алды шың.  
Ақылы аз,  
    айласы көп майдамыз,  
Жаратқанның арқалаған қарғысын.

## ЖАҚСЫҒА АРНАЛҒАН ЖЫР

Жақсы жандар көңіліңді құп алар,  
Шабысыңа,  
    табысыңа қуанар.  
Шешілмейтін мәселе жоқ өмірде,  
Ал, шешкісі келмейтіндер ғана бар.

Бұл дүниеге біз де,  
    Сіз де, қонақсыз,



Танымайсыз түрімізге қарап Сіз.  
Қалдырмас деп келіп қалдым үмітпен,  
Бір ақынның өтінішін аяқсыз.

Түсінгенге салмағы бар сөздің де,  
Абыройлы ортамыз бар біздің де.  
Көріп жүрген жоқ шығарсыз мазалап,  
Келіп жүрген ақындарды Сіз күнде.

Ештеңе де өзгермейді өлсек біз,  
Жақсы адамдар талай жақсы көрсетті із.  
Айтыңызшы,  
жақсы емес пе Сізге де,  
Бір жақсы жан бар екен деп жүрсек біз.

Жақсылар бар біздерді де бағалар,  
Сыйласатын іні де бар, аға бар.  
Шепілмейтін ештеңе жоқ өмірде,  
Тек шешкісі келмейтіндер ғана бар.

\* \* \*

Өзіме өзім кей-кейде бал ашамын,  
Тыңда, кәне, ей, менің болашағым!  
Сүйікті ұлын ел қалай көтергенін,  
Биіктігін көресің аласаның.

Жүрегінен халқымның жарық табам,  
Бұл сөзімді көп ойлап анықтағам.  
Бұған дейін еш жерде жолықпаған,  
Өлең деген – ақ құсым қалықтаған.

Баптап-баптап құсымды енді ұшырдым,  
Қанатының талмасын сол құсымның  
Сездім дағы,  
алаңсыз сендім бүгін,  
Қанатының басына енді шыңның.

Құсым менің,  
еңсемді түсірмегін,  
Бұған дейін мен сені түсінбедім.



Самғайтұғын уақыты келсін дедім,  
Түсін мені,  
аяулы құсым менің!

## ЖАҢАРУ

Көңілдегі кілттерімнің азынан,  
Талай ойдың есігі іштен жабылды.  
Көптен бері іздеп жүрген қазынам,  
Бір есікті ашып едім,  
табылды.

Содан кейін сол есікті жиі аштым,  
Бір ойым кеп бір ойыма ұласты.  
Қазынасын тапты, сөйтіп, іздеген,  
Ойда жоқта,  
бір ақыны Алаптың.

Осында екен іздеп жүрген қазынам,  
Ләззат алам көңілімнің сазынан.  
Осы есікті ашсам ғана әйтеуір,  
Мазалайтын сырқатымнан жазылам.

## ТАЗАЛЫҚ

Біз тазамыз,  
тазамыз ғой,  
тазамыз,  
Таза болып жүріп елде үйлендік.  
Өлең жазсақ,  
тазалықты жазамыз,  
Тазалықтың талай түрін үйрендік.

Таза өмір,  
таза көңіл,  
әйткенмен,  
Шаршатамыз өзімізді өзіміз.  
Таза ойлар шықпай жатып кептелген,  
Таза болмай шығады айтқан сөзіміз.





Тамылжытып сайрайды-ай кеп,  
сайрайды,  
Мүмкін, айтып тұрған шығар көргенін.

Құйқылжытып сайрағанда,  
жарықтық,  
Күңгірт үйді жібереді жарық қып.  
Соның шырын дауысынан нәр алып,  
Соның үнін алам кейде шабыт қып.

Бұл сөзіме келіс, мейлің,  
келіспе,  
Ол сайраса отырғандай пейіште,  
Ол мен үшін — табиғаттың аясы,  
Ойларымды жіберетін өріске.

Оның дағы өз тілі бар,  
өз әні,  
Шырқайды ол өмірдегі тазаны.  
Ол сайраса,  
көрген жоқпын ренжіп,  
Біреулердей...  
алды ғой деп мазаны.

Соның үні оятатын кейде әсем,  
Одан сайын шырылдайды қой десем.  
Түсінетін шығар, мүмкін,  
кім білсін,  
Оныменен өз тілімде сөйлесем.

Босатайын дегендей-ақ таңдайды,  
Кейде менен көзін алмай сайрайды.  
Ол сайраса,  
шаршағаным басылып,  
Жүрегім де соны ғана тыңдайды.

Тор ішінде оның барлық өрісі,  
Бар қорегі — суы, дәні, жемісі.  
Осы шығар деп ойлаймын кейде мен,  
Құстардың ең сұлуы да,  
серісі.

Сәтті жырлар түспей жатса ойға түк,  
Кейде тіпті отырғанда ми қатып,

---

Жібересің, айналайын, алтын құс,  
Сайрамайтын жүрегімді сайратып.

## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Ей, жаратқан,  
қорғаушым,  
ием менің,  
Ешкімнің де иығына сүйенбедім.  
Қай кезде де тілекші болып жүрді,  
Жақсы адамдар жанымда кілең менің.

Уақытқа сездірмей озады өмір,  
Таза жанға ұсындым таза көңіл.  
Біреулерше өтірік күле алмадым,  
Біреулерше сүрмедім мазақ өмір.

Талайлардың жерідім түр-түсінен,  
Талайлардың жерідім күлкісінен.  
Адамдардан қашанда қашық жүрдім,  
Кейде таза жанымға кір түсірген.

Сатылмадым ешкімге күнім үшін,  
Жанартау да,  
ішімде жарылысым.  
Мен өзімше байқадым,  
өзімше ойлап,  
Бұл өмірдің өзгеріс,  
құбылысын.

Бір жақсылық күтумен келер күннен,  
Қиялдап-ақ бақытқа кенелдім мен.  
Қай кезде де көңіліме көрік беріп,  
Серік болып жанымда өлең жүрген.

Аман-есен балаларым өсіп-өнді,  
Құдай өзі жеткізді несібемді.  
Өмірімнің пындығы – осы менің,  
Артық айтсам, оқырман,  
кешпір енді!



## АҚЫН СЫРЫ

Көзі де сақ ақынның,  
сақ құлағы,  
Шартарапқа ойлары шапқылады.  
Әр тетігі осынау дүниенің,  
Өлең болып кеткісі кеп тұрады.

Ойың жетсе,  
кезе бер,  
далаң қандай,  
Туған жердің суы да саған балдай.  
Бұл дүниенің осынау әр бөлшегі,  
Әуел баста өлең боп жаралғандай.

Бәрі сұлу көрінер көңіл болса,  
Жақындап бар,  
алыстан сағынғанша.  
Бұл өмірді сүйетін жаның болса,  
Сүйгеніңді жылығар жалын болса.

Басы менен аяғы бірікпеген,  
Қайдан туат көңілің,  
күдікті өлең.  
Жақсы нәрсе жақсы жыр бола алмайды,  
Жанарына ақынның ілікпеген.

Жанарлар бар көрсе де,  
көрмейтұғын,  
Көңілдер бар сенсе де,  
сенбейтұғын.  
Көретұғын көз керек,  
көңіл керек,  
Тууы үшін жақсы жыр өлмейтұғын.

Сағындым деп өтірік бауырымды,  
Сағындым деп өтірік ауылымды,  
Бойыңды да,  
ойыңды кірлетесің,  
Жоғалтасың бойдағы тәуіріңді.

Оятпаса бір ой кеп бір ойыңды,  
Бере алмайсың өлеңге береріңді.



Ұйқаспенен жақсы өлең тумады әсте,  
Толғатпасаң,  
қазбасаң тереңді.

Әрбір жолы – өлеңнің тамырлары,  
Өлең болып түсетін жаныңдағы.  
Ұйқас үшін жазғанның бәрі өтірік,  
Бәрі өтірік күрсініп сағынғаны.

Жетелейді өмірдің өзі-ақ сені,  
Тек шыныңды айт,  
көңілің не көкседі.  
Жақсы өлеңнен байқайды өмір сырын,  
Жақсы өлеңмен тарқайды қазақ шері,  
Жақсы өлеңмен басылар қазақ шөлі.

## ТҮҢІЛУ

Өкінесің өткен күнге жіберіп ал есеңді,  
Өмір солай,  
бәрін қайта бастауға да кеш енді.  
Енді барар жеріңді де білмей шаршап,  
шалдығып,  
Адасасың,  
таба алмайсың енді жүрер көшеңді.

Бұрынғыдай еркін жүрер денсаулық та мәз емес,  
Өкініштің арқалаған арқаңдағы аз емес.  
Таза ойыңды енді ешкім түсінбейді бұрынғы,  
Енді сенің ойың түгіл таза сөзің,  
таза емес.

Ежірейіп қарайды олар  
не болған деп мынаған,  
Ағаш сынды отырасың іріп-  
шіріп құлаған.  
Қамыққан боп,  
көңіліңе қараған боп тұрса да,  
Епқайсысы жұбата алмас  
жүрегіңді жылаған.





Себебін де сұрамайды,  
неге сонша жүдедің,  
Неге сонша ауырады деп сұрамайды жүрегің.

Кейбіреуі есіркейді (алданыпшы баланың),  
Сені аяп, мүсіркейді,  
күтіп жүрген бір өлім.

Оттың басы болғаннан соң  
әйел, бала, бары анық,  
Түсінбестік болған сайын  
қашықтайды аралық.  
Қиялыңа еріп кейде отырарсың еріксіз,  
Кеткің келіп ешкім білмес  
бір түкпірге жоғалып.

Тығылар жер таба алмайсың,  
жетпейтін ой құрығы,  
Ол жерде де қиындықтың  
жатыр ма деп ұрығы.  
Үмітіңді үзбейсің тек мынау  
жарық жалғаннан,  
Амалың жоқ іздейсің бір  
пана болар тіріні.

Бекер емес,  
пана болар адам қазір жоқ десем,  
Ағайын, дос баршылық деп  
сене берме, көпке сен.  
Тірі болсаң шындығыңды  
сонда ашып айтасың,  
Бұрынғыңнан гөрі артық азап егер шекпесең.

Кейде үйдегі ренішке шыдай алмай кеткенмен,  
Еркін өмір сүре алмайсың,  
өмірің де шектелген.  
Бір кездегі жалын жаның,  
енді амалсыз қамалып,  
Әрі-бері шыға алмайтын  
тар қуысқа кептелген.

Саяз жандар — аяз жандар жан дүниенді қаритын,  
Енді ол емес сенің таза  
жүрегіңді танитын.



Саған қарай арсылдатып  
жібереді сәт сайын  
Көңілінің түкпірінде  
жатқан бұғып әр итін.

Әй, қажисың,  
қажып,  
қажып,  
амал жоқтан шарпайсың,  
Сол баяғы жас күніңді,  
мас күніңді аңсайсың.  
Өзіңді өзің ешкім білмес  
бір құрлықта жүргендей,  
Өзіңді өзің ешкім кірмес  
қамалдармен қоршайсың.

Қатын алдық, бала сүйдік,  
барлығы да ер жетті,  
Басып - жаншып жүріп жатыр  
мынау байтақ жер-көкті.

Қуанышымды селдетеді дейтін едім өскенде,  
Керісінше қазір олар  
ренішімді селдетті.

Кінәм болса өзімді де кінәлауға дайынмын,  
Байқап жүрмін,  
күннен-күнге көбеюде уайым күн.  
Бықсудамын  
өшіп тұрған оты сыңды ошақтың,  
Үсіп тұрған жапырағы сияқтымын қайыңның.

Менің күлкім  
күлкісіне ұқсамайды ешкімнің,  
Күлкімнің де өзгергенін келе-келе  
кеш білдім.  
Денсаулық та быт-шыт болды,  
азып барам күн сайын,  
Мен өзім де күннен-күнге тозып барам,  
ескірдім.

Қайғы деген келеді де,  
кетеді ғой деуші едім,



Мен қайғының шындығында,  
білмей кеппін өлшемін.  
Сол қайғының әсері екен,  
сездірмеуге тырысқам,  
Төмендетіп жіберегін кейде асқақ еңсені.

Жүректегі шырын дәмім таусылғандай күйдемін,  
Уайымымды қалыңдатты  
ой қамаған күндерім.  
Қуанышқа жетем бе деп  
жақсылықтың жолында,  
Есімде жоқ қаншама жыл  
өзімді өзім сүйредім.

Енді, міне, өзімді де сүйрейтұғын жоқ шама,  
Бұрында да жеткізбеді,  
жете алмадым ақшаға.

Өмір шығар,  
ес білгелі сеніп жүре беріпшің,  
Басымдағы өлең менен  
ой қамалған шақшаға.

Жүрегімнен аққан жасты,  
айтшы, ағайын, кім сүртед?  
Жаны апштың бірер дос бар,  
жүретұғын есіркеп.  
Менің жаным тыныш табар бір-ақ жер  
бар білгенім,  
Кетіп қалар, қалды сол жер,  
енді қолды бір сілтеп.

## НЕСІБЕ

Мынау өмір адамзатқа  
қымбат неге, несімен,  
Деп ойласам,  
сондай кезде  
түседі еске несібем.  
Қиналасың,  
ойланасың  
бұл өмірде құр қалып,



Жүрген жоқпын ба екен дейсің  
несібемнен осы мен.

Бірақ ондай күпір ойдан арашалап өзімді,  
Басқа арнаға бұра салам,  
ойымдағы сөзімді.

Бар болмысым осы менің,  
ашқан кезден көзімді,

Несібем деп түсінемін  
бойымдағы төзімді.

Өз несібем, өзімді іздеп табатынын  
сезем де,

Қалғып кетпей,  
қарғып кетем, өмір дейтін өзенге.

Жаратқанға шүкір, деймін,  
өкінбеймін ешқашан,

Несібемнен айырмаған  
мынау қиын кезеңде.

Несібесі бар адамның,  
көңілінде бар байлық,  
Жетпейтініңді ойлайсың ғой,  
таусылғанда қалмай түк.

Шын несібе жаныңды ұғып,  
жалындырып келмейді,

Ол несібе – несібе емес,  
күткізетін сарғайтып.

Қиналғанда ұстатпайды,  
қанша асығып,  
әлектен,

Кей несібе досым болып  
жолығады кенеттен.

Несібемнің көзі де тұр,  
ізі жатыр қаншама,

Өмірімнің жолдарыңда  
бұған дейін мен өткен.

Сол несібем есік қағып тұрмаса да күнде кеп,  
Мені әйтеуір бұл дүниеде  
жаратушым, жүр жебеп.

Өкінбеймін,  
шүкір деймін,  
мынау жарық жалғанға,

Несібемнен айырмаған  
жаратқанға ырза боп.



## «ДЕП» ҮЙРЕНГЕН АУЫЗ БЕН ЖЕП ҮЙРЕНГЕН АУЫЗ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

Әңгімеге арқау болған екі ауыз,  
Шындығында сол екі ауыз — бірауыз.  
Ойда жоқта табысқан,  
Бұл екеуін іздемеңіз алыстан.

Қолтығында қамсыздың,  
Алқымында әлсіздің,  
Жаныңызда жүр, жылпылдап ол Сіздің,

Қазақ жерге толады «деп» айтады,  
Ғажап өмір болады «деп» айтады,  
Бақаң шортан болады «деп» айтады,  
Тесік қалтаң толады «деп» айтады,  
Ауыл жұмақ болады «деп» айтады,  
Қайыршылық қалады «деп» айтады,  
Бәріміз бір бауырмыз «деп» айтады,  
Басқалардан тәуірміз «деп» айтады,  
Біз аңсаған коммунизм баяғы,  
«Деп» ұстатқан соқырлардың таяғы.

Бір жақсылық болады ғой «деп» енді,  
Біз де амалсыз жазып жүрміз өлеңді,  
Қаламақы болады ғой «деп» қойып,  
Ол ақыны жазбайтындар жеп қойып,

Қайыршылық қылмыс емес деп енді  
Несиеге жазып жүрміз өлеңді.

Қазынамыз ортаймайтын секілді,  
Адам енді қартаймайтын секілді,  
Жердегілер, асығындар бізге деп,  
Көрдегілер айқайлайтын секілді.

Бір кездері леп шығатын ауыздан,  
Бұл күндері «деп» шығатын ауыздан,  
Бұрынғыдай тіліміз жоқ айтатын,  
Құтылатын түріміз жоқ қарыздан.



## БЕЙІТ

Өлінің үйі екенін сезгенменен,  
Көрдім де бір бейітті күмбездеген.  
Байқадым,  
тірі кезде асып-тасқан,  
Пейілі өлгенде де өзгермеген.

Жүрмейді айтқаныңмен өмір сенің,  
Бұл жанды сырттай ғана білуші едім.  
Қол ұшын бермей кеткен ешбір жанға,  
Елкімнің түсінбеген көңіл, шерін.

Өзі емес,  
жатыр мұнда сүйектері,  
Баяғы жылуы жоқ жүректегі.  
Құлқынын тойдыра алмай өтті өмірден,  
Білмеймін,  
осы жанға не жетпеді.

Жетпеген оған жалғыз мейірім еді,  
Ол өзін мейірімсіз боп әйгіледі.  
Онда да сәби жүрек елжіреді,  
Ал, енді тоқтады екен қай жүрегі!?

Бар еді талай сарай,  
талай бағы,  
Қалды екен өлген кезде қалай бәрі!  
Осынау қу дүниеге тоймай көзі,  
Жатса да іріп-шіріп қарайды әлі.

Өзінің денесіндей бөлмесінде,  
Не ойлап жатыр екен өлгесін де.  
Мәңгілік көрші болып тұрақтапты,  
Елеусіз бір мүсәпір іргесінде.

Бірі бай,  
бірі кедей,  
екі бейбақ,  
Белгісіз енді нені жатыр ойлап.  
Мүсәпір кетті пейіш есігіне,  
Сараңды кетті дозақ отына айдап.



Мүсәпір көршісіне алаңдады,  
Пейіштің маңайынан таба алмады.  
Сырласып жүргісі кеп о дүниеде,  
Іздеп жүр сол мүсәпір сараңды әлі.

## ЖАН СЫРЫМ

Кейде өзімді өлең жазып алдаймын,  
Жүмекеннен терең жаза алмаймын.  
Төлегендей от боп лаулап жанбаймын,  
Мұқағали қашқан сайын қалмаймын.

Өз әлімді,  
өз жолымды байқағам,  
Басқа соқпақ іздемеймін қайтадан.  
Табам десем,  
Қадырша да ой табам,  
Айтам десем,  
Тұманбайша айта алам.

Суық ойды сімірмеймін қайнатпай,  
Ұшып жүрген сөзден қашам қаңбақтай.  
Қалай жатам,  
болса дағы бармақтай,  
Құдай өзі айт деп тұрған ойды айтпай.

Жүрегімді жылытқанда бір сезім,  
Бір сөзімді тірілтеді бір сөзім.  
Қармағымды талай суға лақтырдым,  
Мен өзімді өз сөзіммен өлшедім.

Өлең – маған,  
мен – өлеңге туысқан,  
Сығалайды ойлар қуыс-қуыстан.  
Мені ақын деп ойламаңдар, ағайын,  
Өз сусынын ішіп-ішіп тауысқан.

Болмағанмен Ақтамберді, Абай да,  
Ойландырар жыр қалдырамын талайға.



Желкідеген,  
желпілдеген жас ақын,  
Аяғымды басып кетпе, абайла!

Жақсы ақынның ойларында өлшем көп,  
Жүрген жоқпын ешкімді де жеңсем деп.  
Ақындықты бәйге десек, мәреге  
Ентікпеймін елден бұрын келсем деп.

Табу қиын ұлы сөздің қаймағын,  
Ақындар көп қосып жүрген айранын.  
Мақсатымнан қалар, мүмкін, жақсы атым,  
Сүрінбесе,  
бүлінбесе ойларым.

Өзіме де,  
басқаға да ұғымды,  
Осы менің тапқан жолым бүгінгі.  
Мен әйтеуір бұл өлеңді ермек қып,  
Көру үшін жүрген жоқпын күнімді.

## ШЕГІРТКЕМЕН СЫРЛАСУ

*«Шырылдауық шегіртке, ырышып жүріп ән салған».*

И. Крылов

Саған осы Крылов  
неге сонша өшіккен,  
Төсегіне байқатпай  
кіргенсің-ау тесіктен.  
Сенен өткен қаншама  
жәндіктер бар зиянды,  
Сөз естідің соншама  
белің шықпай бесіктен.

Жалқау десе Крылов,  
сенен де өткен жалқау бар,  
Сеніменен рулас,  
туысқан бір тайпаң бар.  
Анда-саңда егінге,  
солар сойқан салатын,





Жаратушы берген жоқ,  
саған басқа жол таңдар.

Ала жаздай әр жәндік,  
ойлайды ғой бас қамын,  
Несібесін тартып ап  
жүрген жоқсың басқаның.

Жоқ қой сенің ешкімге  
тарақандай зияның,  
Жалғыз кінәң ұстатпай  
секіріп бір қашқаның.

Құрып кеткен жоқсың сен,  
өсіп- өніп келесің,  
Сені салып ұстадық,  
балықтың не төресін.  
Артық нәрсе жимайсың,  
өз қамыңды ойлайсың,  
Не болса да өзіңнің  
пешенеңнен көресің.

Шырылдасаң — өз әнің,  
секіргеннің несі мін,  
Соққан жоқсың ешкімді,  
тепкен жоқсың есігін.  
Сені Құдай, әу баста,  
осылай ғып жаратқан,  
Сенен енді Крылов  
сұрау керек кешірім.

## БӘЛЕНІҢ БАСЫ

Бәле іздеген адамдардан  
еш жақсылық күтпе сен,  
Көктеп шыққың келсе егер,  
бәле іздемей көкте сен.  
Сөзіңнен де бәле іздеген,  
Көзіңнен де бәле іздеген,  
Өзіңнен де бәле іздеген.  
Бәлеқорлар көп мүдде,  
Бәлеқордың иісінен



Исі қашты шөптің де,  
«Е, солай ма?»  
Бар пәленің басы бұд,  
Мынау қазақ даласында,  
Қалың қазақ арасында,  
Тоғы да жүр,  
ашы жүр.  
Кәрісі де,  
жасы жүр,  
Жүрмесе де иықтасып,  
Кейде сөзбен тиіп, қашып,  
Сен білмейтін былықты ашып,  
Маңайыңда жүр сенің.  
Өлшем емес оған сенің өлшемің,  
Басыңды изеп қоштап қойсаң,  
Тарқатасың ондайлардың сен шерін.  
Енді осы пәленің  
Басы не деп,  
соңы не деп іздеме,  
Ми аштың шаруалар жетіп жатыр өзге де.  
Сөз тыңдайтын қазақ едік біз бұрын,  
Сөзге тұрған қазақ едік біз бұрын,  
Ал қазіргі қазақтар,  
Дайындайды сөзбен салар кездігін.  
Қасыретке айналдырып жібердік,  
Қасиетті сөз құнын.  
Халық бәрін безбендеген,  
Бәле басы сөзден деген.  
Дәл осы бір қағида  
Одан әрі тереңдеді демесек,  
Ешқандай да өзгермеген.  
«Ассалаумағалейкум» деп  
Сәлем берсең біреуге,  
Ежірейіп қарайды,  
«Танитын ба ең мені» деп.  
Қарап тұрсаң әрбір сөздің мәні көп,  
Сәлемнің де сәні жоқ.  
Өлеңнің де сәні жоқ.  
Бар жазығың сәлем бердің кәрі деп.  
Дейді сосын «менде шаруаң болмасын,  
Айналайын әрі кет».  
Сосын әлгі бәле іздейді сен жайлы,  
Неге сәлем берді деп.





Талай күз бен талай көктем кеп кетті.  
Талай бізді қорғап жүрген ең қымбат,  
Жарық дүние қалай бізді шеттетті.

Қиындықпен күресуге күш керек,  
Жанымызды жатыр заман тістелеп.  
Кеудеңізде жүрген жалғыз жүрегің,  
Бүтін емес,  
қазір мүлдем үш бөлек.

Сойқан болып жатса дағы басқа елде,  
Оған жанын қинамайды еш пенде.  
Не болады мынау жарық дүние,  
Бәріміздің жарығымыз өшкенде.

Артықпыз деп тіршіліктің күшінен,  
Жер-Ананы тепкілейміз төсінен.  
Ертең бізге қымбат сонда несімен,  
Қалып қойсақ тыныштықтың көшінен.

Жүре-жүре үйренесің дозаққа,  
Дейтін еді,  
бет түзедік со жаққа.  
Бұзық өмір сіңіп кетті алаңсыз,  
Қызық өмір аңсап жүрген қазаққа.

Ел еңсесі қамауда тұр,  
ашпадық,  
Алаяқтар кетті мүлдем мастанып.  
Енді қалай қуанады қам көңіл,  
Енді қалай қуанады аш халық.

Ақылдылар жүрсе дағы алаңдап,  
Имандары тоналған ел не болмақ.  
Жер деген — бұл құрлықтағы  
Қашып кеткен рухтары,  
Надандардың әні сынды,  
Адамдардың суық бөрі.  
Жер қалайша жер болады Адамсыз,  
Ел қалайша ел болады Адамсыз.  
Жер адамсыз неге керек,  
Адам жерсіз неге керек.  
Түсіндіріп беріңізші, маған Сіз.





Көрмесін де естімесін.  
Соқырлар мен кереңдер.  
Жазалансыз ең бір ауыр жазамен,  
Адамзаттың несібесін жегендер!

## СӨЗ ҚАДІРІ

Айтып жүр ғой дейміз дағы ел енді,  
Терең ғой деп қабылдаймыз тереңді.  
Олай да ойлап,  
    былай да ойлап көр енді,  
Қыбырлаған  
    жыбырлаған жәндік көп,  
Ұқпай қойдым «шыбын жаным» дегенді.

«Жан» деген бір қасиетті ұғымды,  
Кім де болса әлде қашан ұғынды.  
Ал, шыбынның қасиеті бар қандай,  
Неге «жанға» теңеп жүрміз шыбынды.

Сөз қадірін жүрміз бе әлде сезбей құр,  
Ойға сіңбес сөздер бізде аздай бір...  
...Я, шыбында қасиет бар біз білмес,  
Я, ақымақ айта салған сөз ғой бұл.

## ЖҰБАТУ

Сонау иман, ұят та бар заманда,  
Өз еліңде қымбат еді бағаң да.  
Өмір сүру — қызық еді саған да,  
Өмір сүру — қызық еді маған да.

Бейбіт күнде келді қайдан зобалаң,  
Ұятты ойлап жүрген қазір жоқ адам.  
Торға келіп түскен сынды тотықұс,  
Қарға болып кеткен сынды шағалаң.



Орындалмай қалды небір армандар,  
Түлкі болып кетті небір арландар.  
Сасып қалды небір жақсы-жайсаңдар,  
Бықсып-бықсып өшіп қалды жанғандар.

Жоғалғандай жылылықтың ұшқыны,  
Жүректерде мейірімнің өшті үні.  
Халқымызды үрей билеп жүр бүгін,  
Қорқынышты адамдардың ұсқыны.

Мақсат деген ымы сынды мылқаудың,  
Ал көкірек іні сынды қорқаудың.  
Уайымдасақ, өлердейміз құсадан,  
Жайын жасап жүргендейміз жалқаудың.

Өміріміз жақсы екен ғой өткен деп,  
Жүрміз енді «әттең», «әттең», «әттең» деп.  
Бұдан қатты суық болса қайтеміз,  
Көңілдерді жылытпаса көктем кеп.

Ұятсыздың қалтасында — ұятың,  
Ұятсыздың түрі жоқ-ау тоятын.  
Мұны оқыса, ұятсыз бен имансыз,  
«Былжырама, дейтін шығар, ей, ақын».

Ұятсыз бен имансыздар елінде,  
Табалдырық сияқтанар төрің де.  
Бұл өмірде көксегенің болмаса,  
Жақсы өмірің,  
болар мүмкін көріңде.

\* \* \*

Бір ғұмырың жетсін мейлі,  
жетпесің,  
Өкінесің уақыт сырғып өткесін.  
Маған дейін қоя алмаған ешкім де,  
Мен де уақыттың қоя алмаймын нүктесін.

Армандарың шарлай берсін көк төсін,  
Өте алмасын сезді де арғы бетке шын,



Жарығының азайғанын сезгендер,  
Өмірінің ерте қойды нүктесін.

Жүрсек дағы қиындықтан қорғанып,  
Өмір бізді,

біз өмірді алдадық.

Тіршілікке қанша нүкте қойсақ та,  
Уақытқа ешбір нүкте қоя алмадық.

Бұл жалғанға болсын мейлі өкпеңіз,  
Үтір ғана біткен өмір,

біткен іс.

Бақытқа да жеткізбейтін жылдамдық,  
Уақыт қана өтіп жатыр нүктесіз.

Барлығын да кері қайырған күні,  
Бұл адамзат әбден тойынған күні,  
Тоқтайды өмір,

еледі бар тіршілік,

Уақытқа нүкте қойылған күні.

## ТӨРГЕ ҚҰМАР БІР ТЕКСІЗ АҚЫНҒА

Ұмтыласың замандас, төрге неге?

Төрге қарай ретсіз өрмелеме.

Өзінің де,

сөзінің беделі жоқ,

Беделсізге төргі орын сән бере ме.

Таразыла ойыңның әр бөлшегін,

Көтерілмес беделің төрмен сенің.

Төрге шықсам сыйлы адам боламын деп,

Төрге ұмтылу — «өспейтін»,

өлген сенім.

Болмаса да төр саған лайықты,

Отырасың әйтеуір қарайып бір.

Төрдегі орның тұрады елестетіп,

Жас балаға жайылған жаялықты.







## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Терең өлең жазбауға да бекіндім,  
Керең өлең жазбауға да бекіндім.  
Ойға келген бірдеңені, амал жоқ,  
Ішім пысып,  
тағы жазып отырмын.

Қызығумен қараймын да өткенге,  
Қалам алам,  
ішім пысып кеткенде.  
Жазғанымды жырта салғым келеді,  
Осыларды кім оқиды деп кейде.

Қалт-құлт етіп жар басында тұрмыз ғой,  
Мылжыңның да сөзін естіп жүрміз ғой,  
Деймін дағы отырамын шимайлап,  
Жұрт сияқты біз де тірі жанбыз ғой.

Ойлары жоқ адамдар бар оймақтай,  
Қара сөзді сапыратын қайнатпай.  
Бір ғажайып теңеу тапсам,  
сөз тапсам,  
Өз-өзімнен болып кетем аруақтай.

Отың өпсе,  
қалатын тек күл ғой деп,  
Бір сөзі жоқ бейшаралар жүр ғой деп,  
Әдемі бір жылуы бар сөздермен,  
Өзімді өзім отырамын әділеп.

Жаратқанның сыйы шығар,  
амал не,  
Жыр оқимын мылақауға да,  
кереңге.  
Орынды сайлап қойған осылай,  
Құдай мені байлап қойған өлеңге.



## ЖАҒЫМПАЗДЫҢ ЖАН СЫРЫ

Мен де енді күлем сенің көзіңмен,  
Мен де енді жүрем сенің сөзіңмен.  
Енді мені, бір адам бар деп ойла,  
Ажырата алмайтұғын өзіңнен.

Сенсіз өмір сүре алмаймын мен енді,  
Ұға алмаймын сенсіз өмір дегенді.  
Сойсаң дағы жата берем ыржиып,  
Ризамын ойсаң дағы төбемді.

## АЛДАСПАН

Ел басқарған ханымыз,  
Елін сүйген заманда,  
Көк бөрімен жанымыз,  
Өмір сүрген заманда,

Аққу құсы көл бетін,  
Өрнектеген заманда.  
Кірлетпеген келбетін,  
Сән кетпеген заманда,

Батырлардың саяғы,  
Басты имеген заманда,  
Тұлпарлардың тұяғы,  
Тасты илеген заманда,

Ар-намысын басқаға,  
Таптатпаған заманда,  
Туған жерге дұшпанын,  
Аттатпаған заманда,

Жетімі мен жесірін,  
Қорлатпаған заманда,  
Анасы мен бесігін,  
Ардақтаған заманда,

Арулары ел ішін  
Көркем еткен заманда,



Ақыны мен серісін,  
Еркелеткен заманда...

Ақсақалдың ақылы  
Ұйып тұрған заманда,  
Әкімінен ақыны,  
Биік тұрған заманда...

Халқымыздың мейрамы  
Жаңармаған заманда,  
Адамдардың иманы  
Жоғалмаған заманда...

Бірімізге біріміз  
Күлімдеген заманда,  
Тіліміз бен діліміз  
Бүлінбеген заманда...

Абыройың, көркемің,  
Шашылмаған заманда,  
Әйелдері еркегін  
Басынбаған заманда...

Ұлан-ғайыр өрісің  
Сән беретін заманда,  
Ұлтарақтай жер үшін,  
Жан беретін заманда...

Қиындықтан беліміз,  
Бүгілмеген заманда,  
Еліміз бен жеріміз,  
Бүлінбеген заманда...

Қазыналар, қорықтар,  
Сатылмаған заманда,  
Елін сүйген алыптар,  
Атылмаған заманда...

Алдаспаны – айбыны,  
Айбат болған заманда,  
Туған жердің байлығы  
Қайрат болған заманда..

Азаматтың тілегі,  
Лас болмаған заманда.



Өз еліне жүрегі  
Тас болмаған заманда,  
Сабақ қой, ол маған да,  
Сабақ қой, ол саған да,  
Тоқшылығың — табанда,  
Жоқшылығың— жағаңда.

Тіреледі ақылың,  
Тірелгендей тоғанға.  
Содан кейін ақырың,  
Төмендейді бағаң да.

Өтіп жатыр алайда,  
Жақсы менен жаман да,  
Өмір сүру оңай ма,  
Сан құбылған заманда.

Не керегін білесің,  
Амалы жоқ адамға.  
Өзің сыймай жүресің,  
Өзің құрған қоғамға.

Ақиқаттың жолында,  
Жағаңа кеп жармасқан,  
Жауыздықтың қолын да,  
Кесетұғын Алдаспан.

Шығар дейміз жарқын күн,  
Туар елдің қорғаны.  
Алдаспаны халқымның,  
Мұқалмаса болғаны!

## ҚАЙШЫЛЫҚ ПЕН ҚАРСЫЛЫҚ

Десең дағы қаншалықты жаным ақ,  
Басың қатты шайқалғандай тепкіден.  
Жүрер кезде жүре алмасаң жадырап,  
Мейіріміңнің жоқтығынан деп білем.

Төңергеңнен кешке дейін салпақтап,  
Үйге келсең басқандай боп шоқ кілең.



Жүрсең өзің өз үйіңде жалтақтап,  
Абыройың жоқтығынан деп білем.

Кездерің бар кейде жалғыз қалатын,  
Пана ғыла алмайсың ғой шеңгелді.  
Қиналғанда үй таппасаң баратын,  
Қадіріңнің жоқтығынан ол да енді.

Ешкімің жоқ болса сені сағынған,  
Ал, ол үшін кінәлі емес ел енді.  
Қиналғанда жан таппасаң жаныңнан,  
Ағайын, дос жоқтығынан ол енді.

Болса егер көрген күнің қараңғы,  
Бір шұңқырға көме салар өлгенді.  
Баға алмасаң қатын, бала-шағаңды,  
Ақылыңның жоқтығынан ол да енді.

Төрің жақын болмаған соң көріңнен,  
Басқаларға белгілі ғой өлшемің.  
Боқтап кетсе,  
таптап кетсе көрінген,  
Намысыңның жоқтығынан ол сенің.

Кімге керек сенің тірі жүргенің,  
Жаның аши алмаса егер елге шын.  
Құрысыншы бүйтіп өмір сүргенің,  
Бұл дүниеге бекер келген пендесің.

P.S. Сені ешкім де ойламайды өлгесін.

## МЕЙІРІМ

Кейде өткенге қарай қалсаң бұрылып,  
Жылтылдайды көңіліңде бір үміт.  
Мейірімнің ошағында отың да,  
Мейірімнің құшағында — жылылық.

Кейде анықтап байқамайтын,  
біз біліп,



Мейірім деген —  
тұнып тұрған ізгілік.

Бұл өмірде,  
мейірімі жоқ адамдар,  
Жүрегіңді жібереді мұз ғылып.

Қанша жасап,  
қанша жолдан өт мейлі,  
Көңіл шіркін мейіріммен көктейді.  
Байлығы жоқ —  
мейірімі жоқ жүректің,  
Бола берсін ақыл-есі көп мейлі.

Мейірім — мәңгі мүжілмейтін қорғаның,  
Мейірім — сенің абыройың,  
салмағың.

Мейірім — сенің күліп тұрған шаттығың,  
Мейірім — сенің тұнып тұрған арманың.

Бұл өмірден үмітіңді үзбесең,  
Қуанышты мейіріміңнен ізде сен.  
Ешқандай да жақсылықты сезбейсің,  
Алдыменен мейірімді сезбесең.

Мейірім қазір құлайын деп тұр жардан,  
Қанша мейірім солып қалды бүр жарған.  
Амалсыздан қоятындай күрсініп,  
Мейірімге шөліркеген бұл жалған.



## МАЗМҰНЫ

Елге сапар.....	3
Баяғыда.....	5
Сылтау.....	6
Кешіктің неге?.....	6
Әнелжанның туған күніне тілек.....	7
Шаңырақ шаттығы.....	9
Шуақ.....	10
Гүлмира келініме.....	10
Туған күнгі сөз.....	12
Қайрау немесе балама сыр.....	13
Естеліктер.....	14
Менің музам.....	15
Жақсы адам.....	16
Нүкте.....	17
Икем.....	18
Туған жер.....	19
Неге.....	20
Алматының ауа райы.....	21
Соқыр.....	22
Сенің үйің.....	22
Ұрпақтар үні.....	24
Туған жерді аңсау.....	25
Түнгі өлең.....	26
Ұйықтама.....	27
Өмір осы.....	28
Тағы бір ақынға.....	28
Несібелімен сырласу.....	29
Нұржігіттің достары.....	30
Қайырымдылық.....	32
Астана менің.....	33
Бас.....	33
Бір ақынға.....	34
Бір ақынсымаққа.....	35
Есірткі.....	36
Жігіт сыры.....	36
Жұмбақ жан.....	37
Ана тілім.....	38
Жүректегі жазулар.....	41
(Әзіл).....	55
Жиырма бес.....	55
Түн. Жалғыздық.....	58
Әйел махаббаты.....	59
Құдайға шүкір.....	60
Құн.....	61
Аңдар жайлы аңыз.....	65
Шаршау.....	68
Таныстар.....	69
Түсінік.....	72





Қызғаныш.....	76
Наурызым.....	78
Шарап шапағаты.....	79
Патшалар.....	81
Ауруханадан хат.....	82
Меңдегі сыр.....	84
Ағайын.....	85
Көңіл-күй.....	87
Сөз қадірі.....	88
Мір мен көңіл.....	90
Жүрек.....	91
Ақынның жүрегі.....	91
Төмендетпе ақыңды.....	92
Елес-бейне.....	93
Махаббат сыры.....	94
Сен тұратын көше.....	95
Жүрек сыры.....	97
Елден хат.....	97
Біздің көшедегі қыз.....	99
Қаладағы кемпір.....	100
Он үш өгіз.....	101
Желтоқсан жаңғырығы немесе Қонаевтың келбеті.....	105
Жағымпаздар жарысы.....	109
Тіршілік пен тыныштық.....	110
Диқан досқа хат.....	111
Бір досқа.....	114
Достың ұлы.....	115
Мақсат.....	117
Экспромт.....	119
Алғашқы махаббат.....	120
Сезім.....	121
Ақталу.....	122
Кездесу.....	123
Ғұмыр жайлы жыр.....	124
Түнгі элегия.....	127
Қол.....	129
Тайга тынысы.....	130
Тайгадағы ақ түн.....	132
Брест қамалы.....	134
Бейбітшілік қамалы.....	137
Өткен күннен бес белгі.....	139
Таң алдындағы ән.....	158
Әке сөзі немесе айтылмаған жауап.....	159
Көз.....	161
Қонақ қайда?.....	161
Қарттар.....	162
Жезде.....	163
Апа.....	164
Шөл дала. Аптап.....	165
Аңсау.....	166



Ұлым Дидарға .....	167
Белгісіз ақын туралы белгілі трагедия .....	168
Үміт .....	169
Бүгін мен ертең .....	171
Туған күнгі сөз .....	172
Төзім деген не, достым? .....	173
Отызыншы өлең .....	178
Ой өлшемі .....	179
Шөл .....	180
Аңсау .....	181
Түйін .....	182
Ақын Жүмекен Нәжімеденовке .....	184
Көңіл сырғы .....	185
Тектілік жайлы түсінік .....	186
Салмақ жайлы жыр .....	190
Бүлкіл .....	191
Құстар .....	192
Туған жер туралы толғау .....	193
Соңғы жаңалық .....	198
Таң атса екен .....	199
Араша .....	199
Қанағат .....	201
Күзгі өлең .....	202
Сұрақ пен жауап .....	203
Менің ауылым .....	204
Ауылға барғанда .....	206
Найман деген халық бар .....	212
Көбік .....	214
Шуақ .....	215
Нобель сыйлығының вирустары .....	216
Сұлулық қашты .....	219
Ақмешітпен сырласу .....	221
Бақыт жайлы сыр .....	221
Сағыз .....	223
Таразы .....	224
Кешпірім .....	227
Қанағат .....	229
Мұқағалипа .....	231
Ақынның абыройы .....	231
Сөз салмағы .....	233
Ой .....	234
Жүдеу ойдан туған жүдеу өлең немесе ініге сыр .....	235
Әйелдер-ай, әйелдер! .....	236
Бір ақынға .....	237
Түтін мен бүтін .....	237
Биік үйлер .....	238
Ақын .....	240
Қайталау .....	241
Ми .....	241
Қазылар алқасына хат .....	242



Жер зары.....	243
Ұйқы.....	249
Балама тілек.....	251
Таланттар мен талантсыздар.....	252
Жақсыға арналған жыр.....	253
Жаңару.....	255
Тазалық.....	255
Қиял.....	256
Сандуғаш.....	256
Өзім жайлы.....	258
Ақын сыры.....	259
Түңілу.....	260
Несібе.....	263
«Деп» үйренген ауыз бен жеп үйренген ауыз жайлы аңыз.....	265
Бейіт.....	266
Жан сырым.....	267
Шегірткемен сырласу.....	268
Бәленің басы.....	269
Адамзатқа арнау.....	271
Сөз қадірі.....	274
Жұбату.....	274
Төрге құмар бір тексіз ақынға.....	276
Өзім жайлы.....	278
Жағымпаздың жан сыры.....	279
Алдаспан.....	279
Қайшылық пен қарсылық.....	281
Мейірім.....	282

**Ибрагим ИСА**

**САҒЫМ ДҮНИЕ**



**ИБ № 11**

*Редакторы Әлсейіт Оспан*  
*Корректоры Қапиза БЕКЕНҚЫЗЫ*  
*Компьютерде беттеген Әйгерім МОЛДАХМЕТОВА*  
*Техникалық редактор Жанерке Буркітова*

Басуға 31.03.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 60x100<sup>1/16</sup>  
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "LazurskyD".  
Көлемі 20 ш.бт. Таралымы 5000 дана.  
Тапсырыс №21 /2320.

"ҚАЗАқпарат" баспа корпорациясының баспаханасы



